


«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»



ҰЛТТЫҢ
ҰЛЫ
ҰСТАЗЫ

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер... Ақаң – еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар... Оның арты Ақаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын...

Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды.

ӘУЕЗОВ МҰХТАР

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**“ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР”
ҒЫЛЫМИ-БИОГРАФИЯЛЫҚ СЕРИЯ**

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

**(Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы
Ахмет Байтұрсыновқа арналады)**

АЛМАТЫ 2001

ББК 83.3+78.5 Қаз.
Ұ-43

Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады / Құраст.
В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 бет, суретті. – “Ұлы тұлғалар” ғылыми-биографиялық серия.

ISBN 9965-473+16-1

ББК 83.3+78.5 Қаз.

Бас редактор

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым
академиясының корреспондент мүшесі
Рәбиға Сыздықова

Жауапты редактор

К.К. Әбуғалиева

Редакция алқасының мүшелері:

Л.Д. Әбенова
Т.В. Вдовухина
К.Н. Нұрбекова

Құрастырушы

В.Қ. Күзембаева

Ұ 4405000000
00(05)01

© Күзембаева В.Қ.,
құрастырушы, 2001

ISBN 9965-473+16-1

МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман.....	
Сыздықова Р. Алғы сөз	
Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1938)	
Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1938 гг).....	

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Қалам қайраткерлерінің жайынан.....	
Бастауыш мектеп.....	
Мектеп керектері.....	
Қазақша оқу жайынан.....	
Оқыту жайынан.....	
Білім жарысы.....	
Қай әдіс жақсы?.....	
Байтұрсынов Ахметтің араб әліп-биін жақтаған баяндамасы.....	
Емле туралы.....	
Жер жалдау жайынан.....	
5 мың десетина жер.....	

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҒАЛЫМ, АҒАРТУШЫ

Нұрпейіс К. Ахмет Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері.....	
Қабдолов З. Ахаңның әдеби қисындары.....	
Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов.....	
Қойшыбаев Б. Көзқарас эволюциясы.....	
Ахметов З. Бүкіл қазақ “Ахаң” деген.....	
Әбілқасымов Б. Ұлттық баспасөздің негізін қалаушы.....	

КӨМЕКШІ КӨРСЕТКІШТЕР

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер.....	
А. Байтұрсынов еңбектерінің хронологиялық көрсеткіштері.....	
Еңбектерінің әліпбилік көрсеткіші.....	
Аудармалар.....	
Бірлесіп жазған авторлар көрсеткіші.....	
Есімдер көрсеткіші.....	
Көрсеткішті құрастыруға пайдаланылған мерзімді басылымдар мен әдебиеттер тізімі.....	
Авторлар туралы мәлімет.....	

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы 2001 жылдан бастап “Ұлы тұлғалар” атты арнайы ғылыми-биографиялық серия ашып отыр. Ондағы мақсат – халқымыздың ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке насихаттау.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден бір жолы, халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек.

Міне, сондықтан да біртуар азаматтарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында жеткізу – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе деп білеміз.

Бұл еңбек – XX ғасырдың басындағы ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, аса ірі әдебиет теоретигі, ғұлама түрколог, жаңа қазақ тілі білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсыновқа арналып отыр. Жинаққа Байтұрсыновтың таңдамалы еңбектері мен ол туралы зерттеулер енгізілді.

Қазақтың қараңғы түнін жарық қылған санаулы жұлдыздарымыздың бірі – Ахмет Байтұрсынов.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға.

Әрбір көзі ашық адамға А. Байтұрсыновтың кім екенін таныту үшін осы сөздер де жеткілікті болар еді. Дегенмен, сәл анығырақ айтсақ, А. Байтұрсынов ағартушы ғалым болу үшін елеулі еңбектер атқарып, мемлекет қайраткерлігіне жету үшін қиын да күрделі жолдардан өтті. 1905 жылы педагогикалық училищені бітірген А. Байтұрсынов Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жатпай-тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Яғни, Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін қалаған сара жолын әрі қарай жалғады.

А. Байтұрсынов – XX ғасырдың басында демократиялық бағыттағы зиялылардың көшін бастаушылардың бірі, сондай-ақ Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құруда басты рольді атқарушылардың бірегейі болды десек артық айтқанымыз болмас.

Қазақ халқының маңдай жарқырап өзге елдермен қатар болуы

үшін ең алдымен оқу-ағарту ісін аяғына қою керек екендігін түсінген А. Байтұрсыновтың осы оқу-ағарту идеясы – қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі болып табылды. Әрине, А. Байтұрсыновтың еңбегі жанып, арманы орындалды десек әбден болады.

Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

Ғылыми-биографиялық серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан: әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

Кітаптың соңында еңбектердің алфавиттік және есімдер көрсеткіші, бірлесіп жазған авторлар көрсеткіштеріне еніп отырған материал мен есім атауларының тұсындағы цифрлар, олардың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын және хронологиялық көрсеткіштерінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

“Ұлы тұлғалар” атты серия оқырман қауымның талап-тілегінен шығады деген оймен ұсынып отырған жинақ туралы ой-пікірлеріңізді, ұсыныстарыңызды мына мекен-жайға хабарласуларыңызды сұраймыз:

480100

Алматы қаласы

Шевченко көшесі 28

Орталық ғылыми кітапхана

Тел: (3272) 261-02-39

Факс (3272) 261-02-60

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы 2001 жылдан бастап “Ұлы тұлғалар” деген арнайы ғылыми-библиографиялық серия ашып отыр. Ондағы мақсат – халқымыздың ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке таныстыру. Бұл серияның алғашқы пердесін көрнекті ғалым, ірі қоғам қайраткері, үлкен ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы ашып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы - Әлихан Бөкейханов, Елдес Омаров, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов сияқты замандастарының және кейінгі зерттеушілердің танымы бойынша “қазақ” жұртының оқыған азаматтарының тұңғышы, XX ғасырдың қазақ зиялыларының арасынан “халқының намысын жыртып, ұлттық арын жоқтап шыққан”, қазақ халқының алғашқы көсемі, сонымен қатар “бүгінгі қазақ ғылымының көгенбасы”.

Бұл кітапта А. Байтұрсынұлының өмірі мен қызметін және шығармашылығын әңгіме еткен 5-6 мақала берілді. Олардың ішінде Ахандар ақталған бойда, яғни 1989-1991 жылдарда жарияланған Р. Сыздықованың (Ахмет Байтұрсынов.-“Қазақ әдебиеті”, 6 январь 1989), Б. Қойшыбаевтың (Көзқарас эволюциясы.-Кітап: Зауал, 1991) мақалаларында бірқатар терминдердің, ай аттарының сол тұстағы қолданыстары бойынша берілгенін, сондай-ақ әлі айқындалып болмаған кейбір деректердің орын алғанын ескертеміз. Бұл мақалаларды беруіміздің бір себебі – оларда А. Байтұрсынұлы жайындағы мағлұматтар мен оның еңбектері туралы таным-түсініктеріміз бірнеше ұзақ жылдардан кейін (1930-1988 жылдар аралығын есептесек) ең алғаш ұсынылған болатын. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының қоғам қайраткері ретіндегі теңдесі жоқ қызметі мен қалдырған мол мұрасын халқымызға қайтарылғаннан кейінгі он жылдан астам уақыттың ішінде зерттеп тануымыздың тарихын, көзқарастарымыз бен пайымдауларымыздың эволюциясын көрсету үшін қажет деп есептедік.

А. Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі туралы берілген мақалалардың жарияланған көзі (газет, журнал, жинақ аттары, жылы, беттері) көрсетілді.

Бұл кітапта А. Байтұрсынұлының өз қаламынан шыққан бір-қатар материалдар да ұсынылды, олардың да бұдан бұрын жарияланған орындары, жылдары көрсетілді. Оның ішінде екі мақала

А. Байтұрсынұлының “Ақ жол”, “Тіл тағылымы” сияқты үлкен жинақтарында жоқ, кейін табылып, әзірге журнал беттерінде орын алған.

“Қосымша” деп аталған бөлімі қалың оқырман үшін де, А. Байтұрсынов мұрасын зерттейтін, пайдаланатын ғалымдар мен студенттер үшін де өте қажет, құнды материал болады деп ойлаймыз. “Қосымшада” А. Байтұрсынұлының өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерін көрсеткен материал еңбектерінің хронологиялық және алфавиттік көрсеткіштері Ахаңның өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттің көрсеткіші, көрсеткішті құрастыруға пайдаланған әдебиеттер мен журналдардың тізімі берілді.

Кітаптың танымдық қуаты мол, ұлағаты ұшан-теңіз.

СЫЗДЫҚОВА Рәбиға,
филология ғылымдарының докторы,
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ғылым академиясының корреспондент
мүшесі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ (1873-1938 жж.)

Үлкен ағартушы, ірі ғалым-лингвист, қоғам қайраткері. Сарытүбек деген жерде, қазіргі Торғай облысы, Жанкелдин ауданында 1873 жылы 25 қаңтарда туған. Тоғыз жасынан бастап ауыл мектебінде, кейіннен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқиды. Одан соң Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, оны 1895 жылы бітіреді. 1895-1909 ж. Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі мектептерде, орыс-қазақ училищелерінде мұғалім болып қызмет атқарады.

Патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы күресті тым ерте бастаған Ахмет Байтұрсынұлы осы үшін 1909 жылы Семей түрмесіне камалады. Кейін қазақ жерінен тысқары жерлерге жер аударуға үкім шығарылып, ұзақ жылдар бойы “саяси сенімсіз” адам ретінде патшалық күзет қызметінің бақылауында болды.

1913 жылдан бастап “Қазақ” атты апталық газет ұйымдастырып, 1917 жылдың қыркүйегіне дейін оның редакторы болады. Ол қазақ мемлекетін қалпына келтіру үшін күрескен “Алаш” партиясы көсемдерінің бірі ретінде де белгілі. Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін А. Байтұрсынұлы біраз уақыт алашордашылар қатарында қалды, ал 1919 жылы бірқатар ғалым-зиялыларымен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болды. Осы жылдың маусым айында Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық комитеттің (ВРК) мүшесі болып сайланады. 1922-1925 ж. Халық ағарту комиссариатына қарасты ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болды, Халық ағарту комиссары болып сайланды, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып жұмыс істеді, одан соң Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің газеті “Ақ жолда” еңбек етті. 1925-1929 ж. Қазақ халық ағарту институтында дәріс оқыды, сабақ берді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің дамуына айрықша еңбек сіңірді. 1909 және 1911 жылдары оның көпке белгілі “Қырық мысал” және “Маса” жинақтары жарияланды. Ахаң халықтық көркем сөз өнерінің қорын жинаушы, зерттеп, бастырушы ретінде де көптеген құнды жұмыстар істеді. Ол 1923 жылы жарияланған “Ер Сайын” эпостық жырының кіріспе мақаласын және түсіндірмесін жазды, сондай-ақ “Жоқтау” деп аталатын жинақ (1926), “Әдебиет танытқыш” деп аталатын оқу құралын шығарды. Соңғы еңбек - әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы қазақ тіліндегі тұңғыш көлемді де толымды еңбек.

Ахаң қазақ балаларын ана тілінде оқыту ісіне арнап тұңғыш оқулықтар жазды. Олардың арасында: “Оқу құралы” (1912), “Тіл құралы” (1914), “Әліпби” (1914), “Жаңа әліппе” (1926-1928) және “Баяншы” (1926) деп аталатын әдістемелік оқу құралдары балаларды оқыту ісі барысында маңызды рөл атқарды. Бүкіл бір халықтың ұлттық тілін түрлеп, әдебиетін жасап, ғылымын жетілдіріп, қоғамдық санасын қалыптастырып, ойын оятқан Ахаң секілді алып тұлғалар сирек.

XX ғасырдың 30-жылдары қазақ зиялыларын жаппай қуғындаудың басталғаны мәлім. Сталиндік жазалау машинасының қармағына іліккендердің бірі де А. Байтұрсынұлы болды. 1938 жылы ол әуелі тұтқындалып, кейіннен атылды.

1988 жылы ақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының үркердей жарқыраған жарқын шоғырының келбетті өкілдерінің бірі. Оның өмірі өз халқына деген, ел-жұртының мәдениеті мен әдет-ғұрпына деген айнымас махаббаттың айқын үлгісі.

Қазақтар. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – Т. 2. Тарихи тұлғалар. – 146-148 б.

АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ **(1873-1938 гг.)**

Казахский публицист, поэт, лингвист и общественный деятель Ахмет Байтурсынулы родился 18 января 1873 г. в местности Сарытубек – нынешнем Жангильдинском районе Торгайской области.

С девяти лет учился в аульной школе, затем поступил в Торгайское русско-казахское училище, которое окончил в 1891 г. После этого продолжил свое образование, в Оренбургской учительской школе, окончив которую, с 1895 по 1909 гг. работал учителем в школах, русско-казахских училищах Актюбинского, Костанайского и Каркалинского уездов.

Ахмет Байтурсынулы рано начал борьбу против колониальной политики царизма, за что в 1909 г. был арестован и заключен в Семипалатинскую тюрьму, а через год сослан. В течение семи лет (1910-1917) Байтурсынулы, как “политически неблагонадежный”, находился под надзором царской охраны.

Живя в Оренбурге, А. Байтурсынулы был редактором газеты “Казах”. Он являлся активным членом партии “Алаш”, которая боролась за воссоздание казахского государства. После победы Октябрьской революции Байтурсынулы недолго оставался в рядах алашординцев, а в 1919 г. вместе с большой группой представителей научной интеллигенции был вынужден перейти на сторону Советской власти.

В июне того же года Ахмет Байтурсынулы избирается членом ВРК Казахского края. В 1922-1925 гг. Байтурсынулы был председателем Научно-литературной комиссии при Наркомпросе, избирался председателем Наркомпроса Казахстана, членом ВЦИК, КазЦИК, работал в печатном органе ЦК Компартии Туркестана, газете “Ак жол”. В 1925-1929 гг. Байтурсынулы преподавал в Казахском институте народного просвещения, Казахском педагогическом институте.

Ахмет Байтурсынулы сделал большой вклад в развитие казахской литературы и письменности. В частности, наиболее известны его басни, вошедшие в сборники “Сорок басен” и “Маса”, вышедшие, соответственно, в 1909 и 1911 гг. Байтурсынулы провел большую работу по собиранию и изданию образцов казахского устного народного творчества. Он написал вступительную статью и комментарии к поэме “Ер Саин”, опубликованной в 1923 г., выпустил книги “23 причитания” (1923) и “Литературоведение” (1923), последняя из которых является первым научным исследованием по

истории и теории казахской литературы.

Байтурсынулы принадлежат тезисы “О терминологии в тюркских языках”, опубликованные в 1923 г.

Ахмет Байтурсынулы написал ряд учебников для обучения казахских детей родному языку. Среди них: “Учебное пособие” (1912), “Пособие по языку” (1914), “Азбука” (1924), “Новая азбука” (1926-1928), и методическое пособие “Баяншы” (1926).

В 30-е гг. XX в. начались гонения на представителей казахской интеллигенции. Байтурсынулы стал одним из тех, кто попал под пресс сталинской репрессивной машины. В 1938 г. он был арестован, а затем расстрелян.

В 1988 г. Ахмет Байтурсынулы был реабилитирован.

Ахмет Байтурсынулы – один из ярчайших представителей казахской интеллигенции начала XX в. Его жизнь является примером безграничной любви к своему народу, его культуре и традициям. Байтурсынулы был блестящим литератором, педагогом, лингвистом. Он реформировал казахскую письменность на основе арабской графики, дав возможность пользоваться ею миллионам казахов, живущих за границей. Ахмет Байтурсынулы разработал основы казахского языкования, научную терминологию для определения казахской грамматики.

Казахи.-Алматы: Қазақстан даму институты,
1998.-Т.2 Исторические личности.-С.416-417.

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЙЫНАН

Орынборға шақырған қазақ қайраткерлерінің съезі адам аз келгендіктен съезд есебінде болмай, кішкентай ғана кеңес түрінде болып өткені озған номерлерінде жазылды. Орынборда отырғандар, о жақ, бұ жақтан кез келгендер болмаса, съезге елден адам келіп жарытпады: үш-ақ кісі келді. Съезге атын атап шақырған адамдар да келмеді.

Келмеу себептерін түрлі жоруға болады.

Келмеулеріне бір жағынан жол қаражаты қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан Жүсіпбек жолдас сияқты керексіз съезд деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы да себеп болған шығар; төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар. Бұл көп “шығардың” ішінде көбінен себеп болатын соңғы екі “шығар”.

Съезге келуге ынталы адамдар болса қаржы да табылады, керексіз съезд деп те айтпайды. Мұның бұлай болуы келуге ынталы адамдар болмағандықтан, Орынборды көруге табиғаты шаппағандықтан болып отырған хал. Бұрын Орынбор қазақтың пікір құбылысындай болған заманда, съез түгіл жайда Орынборға келіп, бас қосып, қазақтың қамын ойласып, қайғысына дауа қарастырып қайтатын ел азаматтары енді еріншектік етіп келмей отыр деуге болмайды. Мұның мәнісін әрірек, тереңірек іздеу керек.

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1) Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2) Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңының тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады.

Қазақ баласын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бибауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей “алымсақтан бері” коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бара алмады. Сондықтан бибауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бибауырмалдық жолындағы үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге қайта келіп жеткен жоқ. Бұрынғы қалам қайраткерлерінің бәрі де өзгерістен кейін қалам қайратына әлі белсеніп онша кіріскен жоқ.

Бұл айтылған себептің үстіне жамалған екінші себеп болды. Ол Қазақстанға ұлық болған адамдардың лағу – төңкеріс болса істің бәрі өзінен өзі істеіліп, өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қалыпты өзгертетін адамның ісі, яғни жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойламады. Төңкеріс болды, патша үкіметінің орнына совет үкіметі орнықты: қазақты билеген, патшаның оң қолы болған чиновниктер қалып, олардың орнына совет үкіметінің оң қолы болып коммунистер қазақты билейтін болды. Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Онан былайғысын өзгертуге көп күш, көп іс, түрлі еңбек, қайрат керек, яғни істей білетін түрлі адамдар керек.

Қазақтың оқығаны аз, оның ішінде халық ісіне қатысып, жұрт үшін жұмыс қылған адамдар өте аз. Бірақ аз да болса, қазақта қызмет қылып ысылған, төселген адамдар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұртың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз.

Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға “жұртшыл”, “ұлтшыл” деген таңба басылып, олар қораға жолатпайтын қотыр мал сияқты шетке шығарылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды.

Төбелеске шығатын адам сияқты, төсін ұрып, тұлданып “Жасасын бибауырмалдық!” – деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрылды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп,

қалам қайратына кіріспек? Қалайша қаламды қолға алуға көңілі шауып, ықыласы түспек?

Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, я бояумен түсін өзгертіп, я түленмен түгін өзгертіп бибауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бибауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жани ашитын, басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Оны айтып отырса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Солай болған соң, я бауырмал деген сөзден қашып, бибауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыру керек: не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек. Енді осыған жеттік.

Қазақ деп ауызға алмай, не болса о болсын, қараға қостық, не көрсе көппен бірге көрер деп отыруға болар еді, егерде қазақ мәдениеті қасындағы халықтармен бірдей болса. Қазақ қасындағы халықтар: орыс, неміс, ноғай, жәуіт, ғайрилар.

Бұлардың бәрінің де мәдениеті қазақ мәдениетінен жоғары. Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат. 200 миллион үнді халқын 5 миллион ағылшын жем қылып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттар әжуалап отырғаны – адам баласының теңдігі=кемдігі мәдениетіне қарай екендігін ыспаттайды.

Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, хатта ноғай мәдениетіндей болса да, “қазақ” “қазақ” деп айыра сөйлеп, ауыз ауыртып, әуре болмай-ақ, көппен бірдей көрер деп қояр едік. Қазақ айрықша сөз болатын халі айырықша болатындықтан.

Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттардан кем екенін біле тұра, мәдениеті кем халық мәдениеті зор халыққа жем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Оны істей алмаса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасқа керек.

Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп теңелуіне керек ісімізді қолға алып, қанаттамасақ, қазақ күнін қараң қылатын бибауырмалдық адам арасына жік салады, бауыр керек емес, “жасасын бибауырмалдық!” деп айқайлағанмен адам баласының арасындағы құр айқаймен жоғалатын көрінбейді. Мәдениет жігін жоғалтпай өз жігін жоғалту оңай жұмыс емес. Бұл айқайдың қолынан келмейтін іс екендігіне көз жетті.

Алдымен бауырмалдық жігін жоғалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні, қазақты қасындағылар қыңсылатуын қояды, қазақ азаматтарының қазақ үшін айырықша қайғыруы, қаны қызуы жоғалады, бауырмалдық өзінен өзі жоғалады.

Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшеюімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі.

Қазақта оқу ісі қалам қайраткерлеріне қарап тұрғаны, олар не істеуге керектігі өткен номерлерде басылған съезге арналған мәселелерде айтылды. Мұнда айтайын дегеніміз: қалам қайраткерлерінің бас қосып бақыршылығын сөйлесуі. Қалам қайраткерлерін июнь съезіне “топалаң уақытындағы той” емес, топалаң келмеуіне амал қарастырайық деген ой еді.

Съезд июньде болмады деп қою керек емес, июньнен басқа да айлар, күндер көп, әлі де болса бас қосып, сөйлесу, қалам қайраткерлерінің ұйымын жасау керек. Жазушыларымыз бытыранды болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар. Өзгеріс болғанымен өзгермей тұрған қазақта қалып көп, қашаннан бері қазақ ішіне сіңіп, орнығып қалған қалыпты өзгерту оңды нәрсе емес. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу – табиғи іс. Тіске жұмсақ болған соң, қай уақытта да жеуге қазақ жеңіл болып тұратыны мағлұм. Қазақты бұрын жегендері әлі де жеп отыр, бұрын зорлық қылғандары әлі де зорлық қылып отыр. Өзгеріс кімге жағымды, кімге жағымсыз болып шыққаны көзі бар адамдар көрерлік, есі бар адамдар білерлік болды. Өзгерістің негізі тартыс, талас болған соң тіршілікке қайым біткен қайраттыларға, күн көруге ептілерге, дүние жиюға құмар адамдарға жағымды болғанымен, момындарға, ақ көңіл, анайы, аңқауларға жағымсыз болғаны шексіз.

Ақкөңілділік, анайылық аңқаулық табиғаттан да болады, тәрбиеден де болады, яғни мәдениет жоғары-төмендігінен де болады. Көбінесе мәдениеті төмен жұрт ақ көңіл, анайы, аңқау келеді. Сондықтан да мәдениет жоғары жұртпен араласқан жерде алдауына, арбауына түсіп жем болады. Қазақ жеріндегі халық көбінесе қазақ пен

орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Үкімет тарапынан қазақтың қазіргі күтетін көмегі – мәдениеті жетілгенше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін аямау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декретін көбейтумен бола бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көз салып, көбірек күшін жұмсау керек.

Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірі сүйрейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа ғана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері.

Ол қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу қазақ үкіметінің міндеті: қалам қайраткерлерінің жұмысы - әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көріп отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте (“Еңбекші қазақ” № 29. 08 07 1922).

Дайындаған Тұрсынбек Кәкішұлы

Егемен Қазақстан. – 2000. – 5 ақпан.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП

Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургта болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан “Қазақ” өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы.

Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз. Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек деген мәселені шешерден бұрын, осы күнгі тұтынып отырған бастауыш мектептердің жарамды, жарамсыздығын тексеріп, сонан соң керек мектебіне түрлі болу жайын сөйлеу тиіс.

Әуелі, ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі тек хат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар. Мұнан көрінеді: осы күнгі мектептер осыншама жайсыз, күйсіз қалыбында халық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасынан гөрі көбірек жайып жатқаны, бұл мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі.

Алайық енді орыс школаларын. Қазақ арасындағы орыс школалары ауылнай, волосной екі класты школалар. Бұлардан бітіргендер ілгері оқымаса, онда жоқ болып, шала оқумен қалады. Елде бір-екі жыл тұрса, оқығанның көбінен айырылып, оқымағандармен бірдей болып, оқыған еңбек бос кеткен есебінде қалады. Бұл күнде екі класты школа бітіргендерден ауылнай учитель, писарь болып жүргендері бар екені рас, бірақ бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек білім ғой. Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда хат білмеген адамның күйі тіл я құлағы, я қолы жоқ адамның күйімен бірдей; мұнан бұлай хат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар писарь, учитель, фельдшер, адвокат, содия, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егерде бастауыш мектептен оқып

шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен матбұғатының мүлкін пайдаланарлық даражалы біліммен қалсын. Әрі оқимын деген халде, мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы артқы оқудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілтерлік демеу Һәм негіз болуға жарасын.

Жоғарыда айтылған қазақ ішіндегі осы күнгі екі түрлі бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің түрінен табылмайтын мектептер. Бірінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды керек қылғандықтан жаманда болса “жоғынан бары артық” дегенмен істеліп отырған іс. Екіншісінде, яғни орысша школаларда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ, сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып, орыс әрпін алдырамыз дейді. Соның үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқытып, әрірек барған соң кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді.

Өткен жыл 14-нші июньде патша жарлығы бойынша шыққан правилада Россиядағы бөтен текті жұрттардың мектебінде бастапқы екі жыл ана тілінде оқылсын деген. Ол правилаға Оқу министрі қол қойған. Оның бер жағында Қазан округінде бір инспектор попечительге жазған: учительдер чуваш балаларын чуваш әліппесімен оқытпай, бірден орыс әліппесімен оқытқанды оңай көреді деп. Оны попечитель министрге жеткізген. Министр енді жазып отыр: чуваш мектебінде орыс әліппесінен бастап оқытқанды бек ұнаттым, бек келісті іс екен деп. Сүйтіп, чуваш балаларын чуваш тілімен Һәм чуваш әліппесімен оқытпай, бірден орыс тілімен, орыс әліппесімен оқытуға министр батасын беріп отыр. Бастапқы екі жылда ана тілімен оқытуға тиіс деген правилаға қол қоюшы да министр, онан кейін ана тілімен оқытпай, бірден орыс тілімен оқытуды ұнатушы да министр. Бұл екі қағаздың қайсысы іске асып, қолдануда болмақшы? Қайсысы хукіметке жағымды болса, сонысы іске аспақшы. Хукіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрін тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хукіметке онан артық ұнамды іс болмас. Сондықтан 14-нші июньде министр қол қойған правиланы 16-ншы ноябрьде министрдің жазған қағазы жеңбекші. Ондай правилалар іске

аспай қалу үшін, бір миссионер инспектор жазса болғаны: өз әліппесімен, ана тілімен оқытып отырсақ, қай уақытта жазу-сызу тілі жоғалады? Тегі, бөтен жұрттар тілінен, жазу-сызуларынан айырылып, орыспен бірдей болып сіңісу үшін, бірден орыс тілімен оқыту керек деп. Бастапқы кезде ана тілімен оқыту тиіс деген сөз 1906-ншы жылғы 31-нші март правиласында да бар еді. Осы күнге шейін ауылнай, волосной, екі класты бастауыш мектептерде қазақ әліппесімен қазақша басталып оқылғаны еш жерде естілмейді. Себебі не? Правила бойынша қазақ тілі мен қазақ әрпінен бастап оқыт деп отырған балалардың ата-анасы жоқ. Халықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң, учительдер өз беттерінен ана тілімен, ұлт әрпінен бастап оқытамыз дей қоймайды. Сөйтіп, правила қағаз жүзінде бар болса, іс жүзінде жоқ. Бұл айтылғанның бәрі де хүкімет өз пайдасын көздегендіктен істеліп тұрған істер. Бастауыш мектептер жалғыз хүкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты діннен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Араб әрпі ислам дінінен бірге келіп қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазақта газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл, газета, журналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда қазақ тілі жоғалмас.

Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден хүкімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу [керек]. Солай ойлағанда көңілге ұнамды мектептің түрі біздің ойымызша мынау: бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға [тиіс]. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу [керек]. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу [керек]. Мұжық жөнімен қала болған қазақтар бар, қазақ ретімен қала болатын қазақтар да болар. Қыстаулары жиын қазақтар да бар, қыстаулары сирек қазақтар да бар. Солардың бәріне бастауыш мектеп қолайлы болуға тиіс. Бәрінің де оқиын деген балалары мектеп жағынан қолайсыздық болып, оқи алмай қалатын болмасқа тиіс. Сондықтан, әуелі қазақ бастауыш мектебі екіге бөлінерге: келіп оқитын, жатып оқитын мектептер. Келіп оқитын мектептер қала болған, яғни қыстауы жиын жерлерде болу,

жатып оқитындар мектептер әлі сирек отырған жерлерде болу [керек].

Екінші, қыр мектебі Һәм қала мектебі болып бөлінерге. Қыр мектебі – ауыл мектебі, волос мектебі болып, о да екіге бөлінерге, ауыл мектебінде кілең қазақ тілінен оқылатын үш жыл оқу оқыларға, қалың кілең орысша оқылатын екі жыл волос мектебінде оқыларға [тиіс]. Волос мектебіне ауыл мектебінде бітіргендер алынарға [тиіс]. Қала мектебі қаланың үлкендігіне қарай үш жылдық, бес жылдық оқулы боларға [тиіс]. Жатып оқитын ауыл мектебі мен волос мектептеріне келіп оқи алмайтын балаларды ғана жатып оқитын есепке алуға [тиіс]. Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы. Бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназияның, яки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болу тиіс. Бастауыш мектептер осындай болса, бұлар әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды.

“Қазақ” газеті. 1914. № 61.

А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы.-
Алматы: Ана тілі, 1992.-435-438 б.

МЕКТЕП КЕРЕКТЕРІ

Өткен нөмірде қазаққа қандай бастауыш мектептер керекін жазып едік, енді ол мектептерге не керек, сол жайынан жазбақшымыз.

Қазақ балаларын ана тілінде төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту жайын жақсы білетін мұғалімдер үш жыл оқытқанда бірталай білім үйретуге болады. Ана тілінде жазылған кітаптар, газеталар, журналдар о ғайри ана тіліндегі жазу-сызу бастауыш мектептен шыққандардың мүлкінде болады, яғни солардың бәрінен де пайдалануға қолынан келетін болады. Біздің қазіргі ел ішіндегі мектептерімізде жоғарғы айтылған шарттардың біреуі-ақ бар, ол бар дегеніміз – ана тілімен оқыту. Басқа шарттары орнына келмеген соң, үйренерлік білімнің көбін білмей, балалар азын ғана біліп шығады. Бізде қазірінде төте оқу жолымен оқыта білетін педагогика, методикадан хабардар мұғалімдеріміз жоқ қасында. Бастауыш мектепке керек құралдарымыз сайлы емес. Кесіп пішкен программа жоқ. Сондықтан қазаққа қандай мектеп керектігін сөйлегенде, ол мектепке не керек екендігін де айту тиіс.

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі ыәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керектігі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы ыәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді ыәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы ыәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керектігі – белгілеген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я мерзімді өлшеусіз істелген іс олпы-солпы, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады.

Өткен нөмірде біз айтып өттік, қазақ үшін ашылған орыс школаларының мұғалімдері, оқу құралдары сайлы деп. Біздің ана тілімізде оқылатын мектептеріміздің құралдары, мұғалімі сондай болуға тиіс. Сонда мектеп программасын үлгеріп, орнына келтіре алады. Мектепке керек нәрсенің бірі сайлы болмаса да мектеп ақсайды, программа бойынша үстіне артқан жүкті дұрыс алып жүріп, мерзімді жеріне мезгіліне жеткізе алмайды. Сондықтан мектеп керек

болса, мектепке керек нәрселері де сайлы болуы керек.

Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығарға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтан бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ. Қазақтардың өздері дариммұғаллимин (педучилище – Ред.) ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қоя тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школаларынан шығып, учитель болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайды, егерде бұлардың біреулері мұсылманша хат білу жағынан, екіншілері педагогика, методика жағынан кем соқпаса.

Осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша хат білмейді, мұсылманша оқығандардың көбі педагогика, методикадан хабардар емес. Қазақтан тәуірірек школа Һәм медресе бітіргендер аз. Ол аздың үстіне орысша оқып, мұсылманша да білетіндері аз. Мұсылманша оқып, педагогика білетіндері аз. Жұртқа тәртіпті мектеп керек. Мектепке сайлы мұғалімдер керек. Мектептерге мұғалім боларлығымыз жоғарыда айтылған екі түрлі жастарымыз. Олардың сайлы мұғалім болуына жетіспей тұрған жерін бітегене жетістіру ғана қажет. Орысша оқығандардың мұсылманша хат білуіне бір-екі-ақ ай үйрену қажет, мұсылманша оқығандар педагогиканы дұрыстап үйренбегенменен де методиканы біліп, жаңа усулдармен танысуына оған да бір-екі ай үйрену керек. Бұл бір-екі ай үйрену қайсысына да болса, қолдан келмейтін іс емес.

Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер – пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүнияға шығару керек. Біз бұларды уақыт жетуінше қолға алып істеп жатырмыз. Бірақ, бір жағынан, басқа жұмыспен байланулы болғандықтан, бір жағынан, басы ашық мәтбуғамыз болмағандықтан, тез үлгеріп бола алмай жатыр. Шыға бастағандарына өкпесі бар кейбіреулер сын таққан болып жатыр. Сынағанда біреулері тіпті қолына алып қарамай, екіншілері қараса да танымай сынап жатқан көрінеді. Әркім сынау керек өзінің жақсы білетін нәрсесін. Білмейтін нәрсені сынаймын деп, құр өзінің білмегендігін көрсетеді. Біреудің бір

нәрсенің білетін, білмейтіндігі істегенде ісінен көрінеді. “Айқап” журналында “Оқу құралы” есімді қазақ әліппесіне сын тағып отырғандар жаңа усулдарды білмейтін адамдар. Ол әліппе жазылған жаңа усулдардың ең жақсысы – усул сотие жолымен. Оқу кітаптары жазылады оқыта білетін, усулдармен таныс мұғалімдер үшін. Машина Һәм басқа құралдар жасалады сол машина құралдардың тетігін біліп пайдаланатын адамдар үшін. Жұмсауын білмей кінә қою көзілдірікке кінә қойған маймыл сияқты болады. Біз оқу құралдарының подретін алып істеп жатқанымыз жоқ. Біздікі жаман болса, жақсысын шығарыңдар. Жақсы шықса, жаман қалатын.

Бұл оқыту жайының таласы ақыретте не болады деп таласу емес, қазақ жерді олай я бұлай алса, түбінде пәлен болады деп таласу емес. Олар алдағы нәрселер. Оқыту жайын кім жақсы, кім жаман білетіндігін көзге көрсетуге болатын нәрсе – педагогика, методикаларды кәміл білетін адамдардың алдында әліппе шығарушы Һәм сын тағушы, екі жағы сынға түссін, тұтынған усулы бойынша балаларға сабақ беріп көрсін. Таласпайтын орында талассын, ауыз ауыртпай соны істеу керек. Әйтпесе, біліп сын таққанымды, білмей сын таққанымды жұрт қайдан білсін деп міндеу – жұрттың бәрі жақсы мен жаманды айырмайтын ақымақ деп ойлаған болады ғой. Бұ жағын “Айқап” ойлап я ойламай орын беретініне түсініп жете алмаймыз.

Петербургта осы күнгі болып жатқан кеңесте рухани істермен қатар мектеп мәселелері де қаралып жатыр, соңыра Думада да солай қаралмақшы. Ана тілімен оқытамыз деген пікір – кілі орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек. Назаров кеңесінде қазақта ана тілімен оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс.

“Қазақ” газеті, 1914 жыл, 17 май, № 62.

Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.–438-440б.

ҚАЗАҚША ОҚУ ЖАЙЫНАН

Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға програмы (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз һәм жосық жасауға болмайды да. Үйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліппе шыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Әліппеден әрі оқытатын кітаптар әлі шыққан жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, зағрафия һәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан програм деген сөз әзір ертерек. Әуелі бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс.

Бұл сөзді қоя тұрып, мұнан бұрынырақ ескеретін бір жұмыс бар. Ол мынау: бар нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе, шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісіне де солай. Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білерге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы* ... керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Содия содиялық ғылымды оқығаннан болғанда, доқтыр доқтырлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалім мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болуы тиісті.

Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде содиядай әділдік жоқ, мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доқтырдай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз, халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те халықтық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің

біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді үсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастарымыздың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс.

Қазақтың оқу жұмысы бұл күнде школада: қазақ балаларының бір парасы орысша оқып жүр, бір парасы ескі молдалардан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады. Орысша оқығандарды оқыту һәм тәрбиелеу ғылымы оқыған адамдардың қолында. Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет. Ескі жолдың оқуын сөз қылып, қозғамаймын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе. Дүния тегеріші кейін айналмайды. Ескі мен жаңаның (оқытуға) шыдамдылығы бірдей емес. Ескі әлі-ақ тозып, жыртылып, пара-пара болып, тұтынудан шығады.

Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті – жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар, дүнияда не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар.

Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады. Сондықтан көбіне бала оқытуында кемшіліктері – қазақ мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей, усул сотие жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Менің көрген медресе “Ғалия”, медресе “Хұсиниядан” шыққандардың азы болмаса, көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харыфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын усул сотие жолымен жақсылап оқытуға болмайды.

Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды

* Оқылмаған (өшкен, жыртылған) жерлерге көп нүкте қойылды. _

жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы.

Осы айтылған кемшіліктерін түзеу мұғалімдерге қиын емес. Қазақ тіліндегі дыбысты қазақ сөздерінің ішіндегі дыбыстарды айырып байқаумен білуге болады. Дыбыспен жаттықтыруды олай оқыта білетін адамдардың оқытқанда істеген ісінен көріп үйренуге болады я білетін адамдардан 10-15 күн сабақ алып үйренуге болады.

Бұлардың бәрі де балаларды қинамай оңай оқытуға керек нәрселер. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы, балалары тез хат білсе, ата-аналары балаларын оқытуға ықыластанбақшы. Ата-анасы баласын оқытуға ықыластанса, оның оқуына керек расходты шығынсынбас еді. Сүйтіп, мұғалім жақсы оқыта білгені қазақ ішіндегі оқушыларды көбейтіп, оқу ісінің шапшаңқырақ ілгері басуына күш берер еді.

“Қазақ” газеті. 1913. 16 май. №14 (Бас мақала).

Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. –

Алматы: Ана тілі, 1992. – 432-434 б.

ОҚЫТУ ЖАЙЫНАН

Таһир Жомартбаев сұрайды: “Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар даяр ма? Даяр болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы?” – деп. Екінші, “Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Яки қазаққа лайықтап, ыңғайлаймыз ба?” – деп.

Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ, онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз.

Осы үш кемшіліктің үшеуі де есімізден тастамай, ойлап жүрген нәрселердің ең басы. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алағандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. “Қос жүре түзелер” деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге жұрт азаматы қам қылса. Оқуды керек қыла бастағаны – жұртқа ес кіре бастағаны. Халықтың есі енуі баланың есі енуі сияқты: бірте-бірте, ақырындап болмақшы. Аспанда құстай ұшып жүрген, теңізде балықтай жүзіп жүрген, жылдық жерден сағатта хабар алып, жүз шақырым жерлерден ауызба-ауыз сөйлеп отырған жұрттар сол күйге бірден емес, бірте-бірте жеткен. Барамын деген жерге, бетің түзу болса, тоқтамасаң, барасың. Жұрт жұмысы да, беті түзу болса, аз-аздап ілгері басқызып, оны қозғаушылар болса, көңілдегі жеріне жетеді. Сол жұрт ісінің бірі – оқу. Оқуды керек қылмай жүрген қазақтар оқу керек нәрсе екенін бұл күнде білмей тұрған жоқ, бірақ оқудың жөнді болатын мәнісін, ретін білмейді. Көбіне оқытты деген құр аты болса, соған қанағаттанады. Қалай оқытып, не білдіріп жатқанымен жұмысы жоқ. Екі жыл, үш жыл оқып хат танымаса да, баланың ата-анасының ойына кіріп шықпайды.

Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі; бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірден тең болса, оқу қисандамай, ауытқымай, түзу жүреді. Ол үшеуі тең болмағандағы оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз. Жүгі ауған көштің жүрісі өнбейді. Орнықты оқу болмай, қалт-қалт етіп оқытқан оқу білім үйретіп дарытпайды. Жоғарғы айтылған оқу жұмысының үш тіреуі де біздің қазақта бұл күнде сай емес. Бірақ бірте-бірте сайлы болып, жөнделер деп үміт етеміз.

Әуелгі тіреу – ақша, ол жұрттан шықпақ. Қазақ оқу керек екенін біле бастады, баласын оқытпайын дейтін қазақ жоқ. Бірақ жұрт баласын жұрттық қылып жұрт үстінен оқытатын дәрежеге қазақ әлі жеткен жоқ. Әркім өз баласының ғана оқығанын ойлайды. Әр баланың басын қосып құраса, бәрі жұрт баласы болатындығын, ол жұрт баласын оқыту жұрт міндеті екендігін айыратын ес қазаққа әлі кірген жоқ. Мұны білерлік қазаққа ес кіргенше оқудың ақша жақ тіреуі орнықты болмайды. Екінші тіреуі – оқуға керек құралдар. Ол құралдардың ішінде ең қымбаты – оқу кітаптары. Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды.

Сондықтан қазақта оқу құралы кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық, кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың программаларын алмасқа да болмайды. Программасын қазаққа ыңғайлаумен, қазақша құралдар сай болмаған соң, программа бір жаққа, оқу екінші жаққа – екеуі екі жаққа кетеді. Программада керек деген нәрселердің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі программасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен аларға тиіс.

Оқудың үшінші жағының тіреуі – мұғалім. Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа ... кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, біліндірмейді. Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайды. Мұғалімдік оңай нәрсе емес. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оны білмейтін мұғалімдер тәртіппен жасалған оқу құралдарын тәртіпсіз жасалған құралдар орнында тұтынады. Усулды құралдарды бұл сияқты, тұтынса, усулды құрал шығарғанда не мағына бар? Усулды құралдар балаларға оқуды жеңілту үшін шығарылады. Оқыту жайын білетін мұғалімдерге тәртіпті құралдармен оқытқанда өзіне де, балаларға да оқу жұмысы оңай болады, екі жағы да қиналмайды. Оқыта білмейтін мұғалімдердің белгісі осы – “Әй, оқындар!” бұлардан балалар білім үйреніп жарымайды. Бұлардан басқа усул жадид мұғалімдері бар. Бұлардың өздері де екі түрлі оқытады: біреулері усул мадие, біреулері усул сотие жолымен, бұл екеуінің жақсысы – усул сотие жолы. Оны бірақ жақсы білетін мұғалімдер аз, сондықтан көбі – усул мадиенен оқытатындар да оқуды екі түрлі бастайды. Біреулері төте хариппен бастайды. Біреулері

дыбыспен жаттықтырғаннан кейін, балаларға харіп көрсетеді. Бұл екеуінің абзалы дыбыспен жаттықтырғаннан соң харіп көрсету, усул сотие тәртібінің негізі – дыбыспен жаттықтыру. Оны дұрыстап, орнықты етіп істегеннен кейін, онан арғы оқу, жазу жұмысының бәріне сол тіреу болады. Бірақ қазіргі бір зор кемшілік – мұғалімдердің көбі дыбыспен жаттықтыру жөнін білмейді. Білмеген соң, онан қашады. Төтелеп харіптен бастағанын оңай көреді. Онысы дұрыс емес. Рас, дыбыспен жаттықтыруға білім көбірек керек, ондық оқыту, жазу жұмысына онан келетін жеңілдік көп. Мұғалімдердің көбіндегі кемшілік – қазақ сөзіндегі дыбысты айыра білмейтіндік. Ол кемшілік түзелместей нәрсе емес. Оны жоғалту оңай. Ол жоғалмай тұрғанда, усул сотие жолымен, әсіресе дыбыспен жаттықтырып бала оқыту қиын. Сондықтан мұғалімдер қазақ тіліндегі дыбысты жақсы білерге керек. Оны өздері сөзді айыра-айыра үйренуге болады. Онымен біле алмағандарын білетіндерден үйрену – ол үшін көп болса бірер жеті бөлер.

Сөздің тұрар жері мынау: қазақ мектебінде оқытатын қазақ тілінде әліппелерден басқа қазір кітап жоқ. Бірақ олардың бәрі де болады. Қазақ мектебінде оқу үш жылдық болуы қолайлы. Сол үш жылға керек кітаптар шығуына талап етіп жатырған адамдар бар. Олар шыққанша мұғалімдер де өз тарапындағы кемшілік жерлерін толықтыруға қам қыларға керек. Екінші, мұғалім алатын қазақтар жоғарғы айтылған түріне қарай мұғалім оларға керек. Өзі тыныш отырып: “Әй, оқыңдар!” деген мұғалімдерге жоламасқа керек. Олардан балалар еш білім үйренбейді. Оқырлық шағы зая кетеді. Олардан басқа мұғалімдердің арасында таңдау усул сотие, оның ішінде де дыбыспен жаттықтыра білетін мұғалімдерге түсерге керек. Усул сотиелік табылмаса, усул мадиеліктерді алу керек. Жақсы мұғалім табылғаннан кейін, мектепке керек құралдардың бәрін сайлап беру тиіс. Дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды, мұғалімдер де қандай жақсы болғанмен, құралсыз балаларды оқыта алмайды.

1913 жыл.

Қазақ прозасы: Хрестоматия. –
Алматы: Ғылым, 2001-509-5126.

БІЛІМ ЖАРЫСЫ

Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар білімділер, зейінділер. Оларға бәйге тігіп, жарыстыратындар бай адамдар я обществолар. Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі, шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады.

Тойдан көбіне ас зор болады. Асқа сойылған малды, шайқантына шығатын пұлды, ішілетін қымызды, тігілетін бәйгені ақшаға аударып есептегенде, зор астарға талмай мың жұмсалады. Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішіп, жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер онан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, құр далаға кеткен бір мал болады да қалады. Ақылдың ауанымен санағанда, астың шын мағынасы босқа мал шашу болып шығады. Ат шаптырып, ас берді деген бес-он жылға ат қалады. Қазақ жомарттығының түрі һәм оның ақырғы тиімі осы.

Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Ол бірнеше ұлыс ел жиылып, бір-екі күн дуылдап, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт я дүниедағы бүтін жұрт һәм көпке қаларлық іс үшін істеледі. Дүниеда күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілту үшін, жеңілін рақатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниеда бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы.

Білім жарысы дегеніміз; бай адам пәлен мың ақшаны бәйгеге тігеді де, мәлім етеді – осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады деп. Мысалы: пәлен ауруға тапқан я пәлен ғылымнан, яки өнерден жаңа жол тапқан, я пәлен турасында жазып, кітап шығарған адамдарға беріледі дейді.

Ал бәйге тігілді. Енді ат жарысы болса, әркім атын жаратып, бәйгеге қосар еді, білім бәйгесі болған соң, білімділер бәйгеге қосылады. Бәйгеден дәмесі бар білім жүйріктері бірінен-бірі озуға жүйріктігін аяп қалмайды. Тап дегенді табуға ойланады, істе дегенді

істеуге қарманады. Ақырында әркім істегенін, тапқанын сынға жібереді.

Сыншылары ғылым ордасында тұрған білімді ғалым адамдар болады. Бұлар қарап, сынап, бәйге кеседі. Европада, мысалы, Нобелевский білім жарысы бар. Бұл жарыста бәйгені ғылым ауданында я әдебиет ауданында еңбек етіп, озған адам я соғысқа қарсы һәм халық арасын жақындастыруға пікір жайған адамдар алмақшы.

Жылда Рождество мейрамының алдында швед жұртының астанасы Стокгольм шаһарында білім жарысынан озғандарға бәйге аталады. Өткен 1912-ші жылы Нобель бәйгелерін алған адамдар: 1) Инженер Дален – ғылым хикметінен көрсеткен үздік біліміне алды, 2) профессор Каррел – дәрігерліктен көрсеткен үздік біліміне алды, 3) неміс жұртының атақты драма жазғыш жүйрігі Гауптман - әдебиет жүзінде үздік біліміне алды, 4) Сабатья һәм, 5) Гренкер – француз ғұламалары, ғылым хикметінен көрсеткен үздік білімдеріне алды.

Осылардың һәм басқалардың жылда озғанда алатын бәйгелері шведтің Нобель деген бір инженерінің білім бәйгесіне деп шығарған 18 миллион ақшасы.

Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе, қазақтың да қолынан келеді. Европадай зор істеуге болмаса, бойымызға шағындап, “сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі” дегендей етіп істеуге болады.

Европада ғылым, өнер толық, қазақта олардың жұрнағы да жоқ. Олар асқанның үстіне асыру үшін істеп отыр, біздер жұрнағы болу үшін істеу керек. Мың жылқысы бар байлар оның үстіне мал аз дегенде, бір аты жоқ жарлы мал аз демей, қарап отыруы дұрыс па? Ғылым, өнер турасында біздің жайымыз да сол жарлының халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуға іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ.

Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы.

Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, мал жисаң, өліп

қалып, босқа шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей, бәйгеге ешкім қол созбайды. Солай болған соң, бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ.

Европа байлары мұндай іске ақшасын басы бүтін қиып, жомарттық етеді. Ақшасын пайда қылып, сонымен малын көбейтуге шығармайды, әуелден-ақ жұрт үшін, көп үшін қайтпас қайыр құрбаным деп шығарады.

Біздің қазақ байларында Европа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз, жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болады. Себебі, жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. От басына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы от басынан аспайды.

Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың я екі рудың намысы деп ұғады.

Басқадан кемшілік көрсе, намыстанбайды кектемейді, бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді. Ауылын шауып, адамдарын сабаса, жауын мұқатып, мақсатына жетіп болғаны. Халықтың көбі сондай болған соң, сол көптің ішіндегі байлар қайда барсын? Сондықтан қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын Европа байларындай басы бүтін бере алмайды. Европаша істе деп айтуға аузымыз бара алмайды.

Осыны есімізге алып, Европа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтап, артығын мінеп, қазақ байларының алдына саламыз.

Қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын басы бүтін шығармасын, өзіне қайтаратын етіп бәйгеге тіксің. Оны былай етуге болады: жоғарыда айтылды, білім жарысы қазақ арасына білім тарататын кітаптар шығаруға болсын деп. Білім түрлі болады. Білімнің әр түрін бірдей жақсы білетін адамдар аз болады. Бір түрін жақсы білетіндердің табылуы қиын емес. Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе; әдебиет ауданында жүйріктер халықтың қылығын, құлқын түзетуге керегі бар жақсы романдар оғайри сондай сөздер шығаруға мүмкін нәрсе.

Осындай кітаптарға бәйге тігілсе, ол бәйге нағыз жақсы шығарған ғана кітаптарға берілсе, тігілген бәйгеге қарай бәйге берілген кітапты бір я екі рет бай бастырып, ақшасын өндіріп алатын болса, сонан кейінгі бастырулары жазушының өз еркіне берілсе, осы шартпен білім жарысы істелсе, әуелі, бәйге тігуге жомарттық көп керек болмас еді: неге десең, сынаудан өтіп, жақсы деп бәйге берілген кітап өтпей қалады деп қауіптенуге орын жоқ. Екінші, жазушыға да қолайлы. Шығарған кітабы жақсы болса, еңбегіне тиісті даяр ақшаны алып, онан әрі тағы жақсы кітап шығаруға кірісер еді. Еңбегіне ақысы татымды болған соң, ол өзін сол жұмысқа алаңсыз жегер еді. Әр жерден сондай жазушылар шықса, білім жұмысын айдап алға бастырмай қоймас еді.

Бәйге тігушіге де, бәйге алушыға да тынышты, жұрттың білім турасындағы істерін алға сүйреуге қолайлы һәм нағыз керек жолдың бірі, біздің ойымызша, осы. Бұған басқалар һәм байлар, не айтасыздар?

Бастауыш мектеп. – 1998.-№ 10-11. – 41-43 б.

ҚАЙ ӘДІС ЖАҚСЫ?

Жалғыз әліп-би үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылсақ, әдіс түрлерін айтып түгесе алмас едік. Бүтін Жаурыпа әдісқойларының тұтынған әдістерін түгендемек түгіл, жалғыз орыстың ғана әдісқойларын алып сөз қылар болсақ, оның өзі де әлденеше сан журнал бетін аларлық сөз болар еді, сөз созылып, ұзаруынан қашып, орыс әдісқойларының бірін де өткен сандарда сөз қылмай өтіп кеттік.

Бұған дейін сөз болған әліп үйрету жүзіндегі әдістердің негізгі түрлерін алып, солардың қайсысы жақсы деп сауал қояр болсақ, оған ешкім мынасы жақсы, мынасы жаман деп кесіп айтып, тура жауап бере алмайды.

Орыс данасы Лев Толстой (бала оқытып, тәжірибе жасаған адам): “Жақсы дерік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек* дейді.

Толстой олай десе, өзгелердің де тәжірибе жасағаннан кейін келген қарары онан алыс емес. Әдіс турасындағы басқалардың да пікірлерін қорытып қысқасынан айтқанда, әр әдіс өз орнында жақсы деген пікір болып шығады.

Бұл не деген сөз болады?

Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әріпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды.

Кей жұрттар жазу үшін әріп алмаған, таңба алған. Кей жұрттар жазу үшін әріп алғанмен, әріптері тілі өзгергендіктен бұл күнде тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін болған. Кей жұрттардың әуелде дыбыстрына әріп арнауында шатақтық бар болғандықтан, сөздерінің жазылуы мен айтылуы екі басқа, кей жұрттардың тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп белгілеуге болмайды.

Сондықтан оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында басқалық болады. Кейбір жұрттардың тіліндегі дыбыстары мен әріптері екеуінің арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында да сәйкестік күшті болады.

Жазу үшін әріп алмай таңба алған жұрттың бірі, мәселен, қытай. Мұның жазуы біздің таңбамыз түрлі. Бізде ° ° (арғын), // (қыпшақ), Ψ (төре). Қытайдан = (ауыз) Å (ит). Ауыз таңбасы мен ит таңбасы қатар тұрса, мәселен былай = Å “үреді” деген сөз болады. Біздің жазуымыз әріпше болмай таңбаша болса, бізде арғын таңбасы мен төре таңбасын қатар қойып

/ ° ° Ψ / “арғын төресі” деп оқыр едік, қыпшақ таңбасы мен төре таңбасын қатар қойып // // Ψ/ “қыпшақ төресі” деп оқыр едік.

Қытай жазу жүйесінің мысалы осы. Бұл жазуша сауаттанғанда, мұғалімнің дыбыспен де, әріппен де жұмысы жоқ. Әр сөзге арналған таңбаны танытса, сол таңбаларды қойдыра білсе, қытайша оқуды да, жазуды да біліп сауаттанғаны.

“Ауыз” деген, “ит” деген, “үреді” деген – үшеуінің жазуын оп-оңай үйреніп алдық. Қытайша хат білу (сауаттану) қиын дейтіні қайда? Қиын жазу ұшыраған кезде, “қытай жазуы” деп мазақтайтындары қайда? Жоғарыда мысалға келтірген 2-3 сөздің таңбасын тану да, таңбасын қою да оп-оңай емес пе? Қиындығы қайда?

Мұның оңай болып тұрғаны – алған сөздің аздығынан. Қытай тіліндегі сөздің саны 10, 20, 30 болса, қатта 100 болса да, қытайша сауаттану оңай болар еді. Оңай болса, сөз саны 10 мың, 20 мың, 30 мың болса, ондай көп сөздің әрқайсысына арналған таңбасын тануға көп уақыт керек. Ондай көп таңбаны ұмытпай баста сақтау үшін, басты көп әурелеу керек. Қытай тілінде 5 мың сөз болса, 50 мың таңбасын жатқа білгенде ғана қытайша кәміл сауатты адам болмақ. Оны жаттау [дың] оңай-жеңілін “Жаңа мектеп” журналының оқушылары машалай жатар, басқа жүйелі жазулардың әңгімесіне көшейік.

Жазу үшін әріп алғанмен, ол әріптері тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін ағылшын, американ сияқты жұрттар. Бұлардың сөздерінің жазылуы мен айтылуы айрылып, алыс кеткендігі сонша, “ит деп жазып, шошқа деп оқиды” деген мақал болған жазу жүйесі нақ осылардікі.

Олардікінен гөрі тәуірлеу жазу жүйесі француздікі. Бірақ тәуірлеу дегенмен, мұның да оңған жері жоқ. Мұның әуелінде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық көп. Французда әріп басына жасалған толып жатқан ереже бар; толып жатқан қосымша белгілер бар. 26 әріптің 100 шамалы ережесі бар. Ол ережелері бойынша бір

әріп түрлі орында түрлі айтылмақшы. Кей әріптер тұрған орнына қарай жазылғанмен, тіпті оқылмай да қалмақшы. Кей әріптер басқа дыбыстармен қатар келген жерде тіпті дыбысынан айрылып қалмақшы. Анықтық үшін азырақ мысал келтіріп көрсетелік.

“Бе ау” (beau) деп жазады, оны “бо” деп оқиды.

“орейлле” (oreille) деп жазады “орей” деп оқиды.

“мой” (moi) деп жазады, “мува” деп оқиды.

“Коин” (koin) деп жазады, “кувек” деп оқиды.

“Айгуйлле” (aiquille) деп жазады, “егуй” деп оқиды.

Тәуірлеу деген жазу жүйесі мынау болса, мұнан жаманның жазылуы мен айтылуы арасындағы сәйкестігі қандай болмақ.

Бұл сияқты жүйелі жазумен сөздің ішіндегі дыбыстарын айырып, дыбыстарына қарап жазуға болмайды. Олай болса, сөздің дыбыстарын айыра білудің қажеті жоқ. Мәселен, “егуй” деген сөзді “айгуйле” деп жазатын болса, ол сөздің дыбыстарын айырудың керегі не?

Сондықтан ағылшын, америка, француз жазуларының жүйесі әріпті болғанмен мағынасы таңба жүйелі жазуға жақын. Мұнда да сөзді дыбыстарына қарай әріптерін қойып жазбайды, тек әріптерден құрап сөздің таңбасын салады. Мұндай жазулар мен қытай жазуының арасындағы айырмасы тек таңба суретін құрауында ғана: қытайлар сөз таңбасын әріп деп ат қойылмаған сызықтардан құрайды, ағылшын, американдар, француздар сөз таңбасын әріп деп ат қойылған сызықтардан құрайды.

Тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп арнауға болмағандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы бөлектенген жұрттың мысалы – орыс халқы. Орыс тіліндегі дыбыстарға сәйкестеп әріптер белгілеу мүмкін емес: “сақал” орысша “барада” (борода), “сақалдар” дегенде, “борыды” (бороды) дейді, “тырма” орысша “барана” (борода), “тырманы” дегенде “борыну” (борону) дейді.

Бізде көпше жалғау, немесе басқа жалғау қосылғанда, тек жалғау қосылғаны болмаса, сөздің басқа тұлғасы мен тұрпаты өзгермейді. Орыстікінде ондай емес: тек жалғау қосылып қана қоймайды, бүтін тұлға-тұрпаттарына да өзгеріс кіреді.

“О” дыбысы “а” дыбысына, “а” дыбысы “ы” дыбысына орыста айналып кете береді. Сөздің дыбыстары сондай өзгергіш болған соң, орыс тіліндегі сөздердің дыбыстарына сәйкестеп әріп алуға болмайды. Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды.

Мұндай жазуы бар жұрттың кей сөздерін дыбыстарына қарай жазуға болады, кей сөздердің дыбыстарына қарамай, тек жатталған

түрінде ғана жазуға болады. Мәселен, орыстың бір сөзін дыбыстарына қарай жазсаң, он сөзін жатталған түрінде жазасың. Солай болған соң орыс жазуы сияқты жазуларға сөздің дыбысын айыра білудің керектік жағынан керексіздік жағы басым болып шығады.

Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті. Жазудың мысалы біздің қазақтікі мен қырғыздікі. Бұлардың тіліндегі дыбыс басына арналып әріп алынған, әріп таңылған дыбыстан қайда тұрса да айырылмайды. Сөздері жазылғанда көбінесе-ақ сөзінің ішінде естілетін дыбысына қарай жазылады. Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына қарай жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады.

Солай болған соң бізде сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра білу өте керек. Сөздің дыбыстарын дұрыс айыра біліп, оларға арналған әріптерді қоя білудің өзімен де үйренуші емлеміздің аз болса 60-70% - ін біліп қалады.

Біздің жазу жүйемізбен ағылшын, америка, француз жазу жүйесінің арасы алыс. Олардікі қытайдың таңба жүйелі жазуына жақын. Он сөзінен бір сөзінде де болса сәйкестік бар, бізге біртабан жақын жүйелі жазу орыстікі. Онан да гөрі бізге жақын жүйелі жазу италиянікі дейді (оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында сәйкестік көп деп айтылады).

Сүйтіп жоғарыда айтылған сөзден мынадай нәрсе байқалады: Әуелі жазу екі негізді екендігі: 1) таңба негізді, 2) әріп негізді. Екінші әріп негізді жазулардың емле жүйелері түрлі-түрлі болатындығы. Үшінші, емле жүйелеріне қарай, әріп негізді жазулардың таңба негізді жазуға жақыны да, алысы да бар екендігі.

Осы күнгі қолданып отырған емлелердің бәрі төрт жүйеге бөлінеді: 1) таңбаша жүйе, 2) дағдыша (тарихша) жүйе, 3) туысша жүйе, 4) дыбысша жүйе.

Таңбаша емле – таңба негізді жазумен тәртіптес, негіздес емле, мәселен, қытайдікі.

Дағдыша емле – баяғыдан бері жазып келе жатқан қалыпты қолданып отырған емле, мәселен, ағылшынша.

Туысша емле – сөздің тек басына қарамай, басқа түбірлес, туыстас сөздердің де айтылуына қарайтын емле, мәселен, орысша.

Дыбысша емле – сөз дыбыстарының естілуінше жазу жолын қолданатын емле, мәселен, италиянша, немісше, қазақша.

Бұл айтылған емле жүйелерінің бәрі де - әріп негізді жазулардың емле жүйелері. Бұлардың біреулері таңба жүйелі жазуға

жақын болатыны көрініп тұр. Сөздің айтылуы мен жазылуының арасын алыстаған сайын емле тәртібі таңба негізіне жақындамақшы. Сөздің айтылуы мен жазылуының арасындағы сәйкестік күшейген сайын емле тәртібі таңба негізінен, алыстай бермекші.

Емле тәртібінің жүзіндегі жақындық, алыстық сауаттау әдісінің жүзінде де болмасқа мүмкін емес.

“Ауыз” деген сөзді мынадай (=) таңбамен жазатын қытай дыбысы әдіспен үйретер ме?

Ондай таңба салмағанмен, “ит деп жазып шошқа деп оқыған” сияқты “мой” деп жазып “мува” деп оқитын емле тәртібі бар. Ағылшын, американ, француз сынды жұрттарға дыбысты әдісті қолдану қолайлы бола ма?

Олар түгіл, “борода” деп жазып “барада” деп оқитын емле тәртібі бар орыс сияқты жұрттарға да дыбысты, әдісті қолдану қолайсыз болатын орындары көрініп тұр.

Солай болған соң бұлардың бәрі де сөзді таңбаша жазып отырған соң, немесе таңбаша жазуға жақын түрде жазып отырған соң, таңбаша үйрету әдісін қолданып отыр.

“Тұтас сөз” әдісі деген сол “таңбаша үйрету” әдісі болады: бұл әдісше әріппен жазылған сөз таңба мағынасында көрсетіліп, таңба есебінде үйретіледі.

“Сақал” деп жазып, “сақал” деп оқитын, “тырма” деп жазып, “тырма” деп оқитын дыбысша емлесі бар қазақ, қырғыз сияқты жұрттарға дыбысты әдісті қолдану тиістігіне дау болмасқа керек еді, үйтскені – басқа да дабысша емлесі бар жұрттар дыбысты әдісті қолданып оты. Мәселен, италиян жұрты.

“Тұтас сөз” әдісін мәніспен қолданып отырғандарына назар салмай, тек басқалар қолданып жатқанда, бізге де қолдану керек деушілер бар. Рас, “тұтас сөз” әдісін бізге қолдануға болады. бірақ біз ағылшын, американ, француздарша шарасыздықтан, ең болмағанда орыс қадары мұқтаж болғандықтан, оны қолданбаймыз, дыбысты әдіспен үйретуден “тұтас сөз” әдісімен үйрету қолайлырақ. Онайрақ болса, қолданамыз. Олай болса, әуелі қайсысы қолайлы деген сауал қойып, соған берілген жауапқа қарай қайсысын қолдану тиісті болатындығын айту жөн.

Сауаттауға қайсысын қолайлы десек те, қолайлылығын сипаттайтын тиісті дәлелдері боларға керек.

Сауаттауға әдістерін тексеру үшін, әуелі, сауаттылық дегеннің не нәрсе екенін, оның негіздік жағы қайсы, негіздік емес жағы қайсы, онысын ашып алу керек.

Сауатты адам деп қандай адамды айтамыз? – Оқи да, жаза да білетін адамды айтамыз.

Сауаттылық негізі оқу ма, жазу ма – мұны ашсақ, сауаттау әдісі қайсысынікі болатынын да ашамыз, үйткені – сауаттылықтың негізі не нәрсе болса, сауаттау әдісі де соныкі болу керек.

Оқи біліп, жаза білмейтін адам бола ма? – болады. Ескіше үйренгендердің көбі-ақ оқи біліп, жаза білмейтін.

Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? – Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар.

Жаза біліп, оқи білмейтін адам бола ма? – Жоқ. Жаза білетіндер оқи да біледі. Олай болса сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма?

-Әрине, жазу болады.

Сауаттылық негізі жазу екендігін сауаттылықтың шыққан жолы да көрсетеді. Сауаттылықты оқу мұқтажығы тудырмаған, жазу мұқтажығы тудырған. Мұқтаждық жазуды тудырған, оқу жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі асылы жазу болып, оқу соның бетіндегі нәрсе болып шығады.

Осы айтылғандардың бәрі сауаттылық негізі оқу емес, жазу екендігін сипаттайтын дәлелдер.

Сауаттылық асылы оқу болмай, жазу болса, сауаттау әдісінің де асылы оқудікі болмай, жазудікі болу керек.

Ол не деген сөз болады? – Ол – сауаттау әдістерін сынағанда, оларға оқу үйрететін әдіс деп қарамай, жазу үйрететін әдіс деп қарау керек деген болады, жаза білдіруге қолайлы әдіс – оқи білдіруге де қолайлы болады, үйткені негіздік нәрсе – жазу, оқу жаза білумен бірге қосыла кететін қосалқы күйдегі нәрсе.

Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек.

Әріптердің бәрін шапшаң жазуға жарағанда, жазған әріптерін атауға жарағанда, екінші түрде айтқанда – шапшаң жаза білгенде, шапшаң оқи білгенде сауаты ашылды, сауатты адам болды дейміз.

Сауаттау әдісі дегеніміз – соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы болады.

Жазу - әріптердің сүгіретін сала тізу; оқу - әріптердің дыбыстарын айта түзу.

Әдісін алғанша қай істе болса қиын болады. Әдіс алған соң, қайсысы да болса оңайланады. Істің шапшаң істелу күйге жетуі, қайта-қайта істеліп, дағдыға айналған кезде болады.

Сауаттану жас балалардың жүруге үйренгені мысалды: бастапқы кезде балалар аяғын бір басып, бір тұрады, онан соң апыл-тапыл басып жүруге жарайды. Онан кейін ақырын да болса кәдімгідей жүретін болады. Онан әрі жүргізуге жарайды; жүгіруге жарағаннан әрі жарысқа түсіп, жүрісті өнер есебінде қолдану даражаға жетеді.

Балалар түгіл үлкендерді алсақ, олардың да бір нәрсемен жүруге үйрету жолы нақ әлгідей. Ши-аяқпен сырғанақ тебуге үйренгенде, үрелікпен немесе белесепетпен жүруге үйренгенде, бірден сырғытып кете алмайды. Бастапқы кезде жүру әдісін алғанша, олар да балалар секілді өз денесін өзі билей алмайды, мүшелері өзіне көнбеген сияқты, өзі жұмсаған жағына жүрмеген сияқты болып, әр ісін бөлек-бөлек андап, әр қозғалысын бөлек-бөлек алып, санап істеген сияқты болады. Әдісін алғаннан кейін батылырақ қимылдайтын болады, онан әрі батылырақ жүретін болады, онан соң қалай болса солай жүретін болып әбден төселеді, төселгеннен әрман (қарай) басқалармен жарысып өнер салыстырарлық даражаға жетеді.

Сол сияқты сауаттанарда балаларға болсын, үлкендерге болсын әдісін алғанша сөздің ішіндегі дыбыстарын танып, айырып шығару да қиын, бөлек-бөлек дыбыстарды құрап-қосып сөз қылып айту да қиын.

Әдісін алғаннан кейін айырудың да, қосудың да қиындығы жоғалады. Онан әрі тек жаттығу, төселу ғана қалады. Жаттығу, төселу үшін істің қайта-қайта істелуі ғана шарт.

Жазу да, оқу да бір істеліп қана қойылатын іс емес, мектепте күнде керек болып, күнде істеліп отыратын іс.

Сондықтан мектептен шыққанша жазу мен оқуға балалар төселмек түгіл, әрі барған сайын қайсысында да болса өнер түрге айналдырып, әдемілеп жазу, безендіріліп оқу қолынан келетін болады.

Сауаттау әдісінің қызметі жазу мен оқу әдісін алғанша бастапқы кезде болатын қиындықты кеміту, не жоғалту үшін, жүруге үйренгенде балаларға беретін сүйеніш арба сияқты, ши-аяқ тебуге үйренгендерге беретін сүйеніш шана сияқты көмек беру.

Енді үйрету табиғи жөнімен жүріп, үйрену әдісінің жолымен жүріп отырып, дыбысты әдіс пен тұтас сөзді әдістің жолдарына келейік.

Дыбысты әдіспен үйрету жолы - әлгі айтылған үйренушіге сүйеніш арба, сүйеніш шана беріп үйрету жолы. Мұнымен үйренетіндер жүру әдісін алмай тұрғанда, бойын билей алмағандықтан арбамен, шанаға сүйеніп қозғалған сияқты жылжиды. Соларға сүйеніп жүріп бойын үйретіп, мүшелерін жаттықтырып әдісін алу сияқты болады. Бірақ аяғын бір басып, екі басып, ақырын жылжыса да, өздігінен өз мүшелерін жұмсаса, өз денесінің қуатымен жылжиды.

Бұлай жылжыған уақыт әр қимылды мүшелері өзі істеп, өзі басынан кешіріп сезіп, түйіп отырғандықтан, қимыл тетігін тез аңдап, әдісін тез алады.

Дыбыс әдіспен үйрету жолы – мысалмен түсіндіріп суреттегенде, осы болып шығады.

Тұтас сөзді әдіспен үйрету жолына келсек, ол – арбаны өзіне беріп, соған сүйендіріп, өзін қозғалтып, өзін жүргізіп үйрету емес, арбаға тіркеп, біреу сырғытып жүргізіп жіберіп отырып үйрету сияқты. Немесе шанаға тіркеп, біреу сырғанатып жіберіп отырып үйрету сияқты. Өз күшімен жылжымай, басқаның күшімен бара жатқан соң, сырттан қарағанда жүре білмейтін баланың жүрісі жүре білетін баланың жүрісі сияқты көрінеді. Ши-аяқ тебе білмейтін адамның сырғанағаны тебе білетін адамның сырғанағанындай болып көрінеді. Бірақ жүргізіп жүрген қуат біткен жеріне дейін барады да, одан әрі жылжымай тұрып алады, жылжу үшін әрдайым біреудің күшін керек қылады. Үйткені әрбір жүріп келген жеріне өз денесінің қуатымен жүріп келмейді, біреудің жүргізген қуатымен келеді. Мұнда дайым біреу жүргізіп, басқаның қуатымен қозғалып отырған соң, өз санасының ісімен жұмысы өз денесінің қуаты аз қатысқандықтан, қимыл тетігін тез таңдап, әдісін тез ала алмайды.

Тұтас сөзді әдіспен үйрету жолы – мысалмен түсіндіргенде осы болады.

Осындай мысалға келтірген жүруге, сырғанақ тебуге үйрету әдісінің екі жолын сауаттау әдістерінің мысалына алмай, жас баланы жүруге, үлкенді ши аяқ тебуге үйретудің әдісі болған нақ өз қалпында алып сынға салсақ, жүрумен сырғанақ тебуді үйретуге жоғарғы екі әдістің қайсысы жақсы дер едік?

Әрине, алдыңғысы жақсы екендігіне дау жоқ. Солай болған соң алдыңғы әдіске ұқсас дыбысты әдісті, соңғы әдіске ұқсас тұтас сөзді әдісті екеуін де ешбір тілге, емлемен әліп-би жүйелеріне матастырмасаң өз алдына оңаша тұрған күйлерінде алып тек қана асылын тиісінше тексеріп қарасақ, дыбысты әдіспен үйрету жолының артықтығы да даусыз нәрсе болып шығады.

Егерде тұтас сөзді әдісті дыбысты әдіспен төмен бола тұрса да, керек қылатын болсақ, онда басқа жұрттардікіндей тіліміздің, емлеміздің, әліп-биіміздің жағдайына қарай, шарасыз керек қылатын орнымыз боларға керек.

Ондай шарасыз керек қылатын орнымыздың бар-жоғы қазақша сауаттау әдісін көрсеткен кезде білінбекші.

Келесі әңгімелеріміз қазақша сауаттау әдісі туралы болмақшы.

Басқарма. Жазушының дыбыс әдісі мен тұтас сөз әдісін сынаған ойларына, көз қарасына басқарма қосылмайды. Ол ойларын бір жақты, жаңылысы бар деп біледі. Мұндай мәселе әлі қазақ оқытушыларына соны болғандықтан, бұл мақалы пікір алысу ретінде басылып отыр. Әдіс жұмысымен таныс адамдар, педагогтар бұл туралы пікірін жазуын өтінеміз. Басқарма соңғы нөмірлердің бірінде өз ойын жазбақшы. (“Жаңа мектеп”, 1928, № 4, 3-11 б.).

А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. –
Алматы: Ана тілі, 1992. – 357-364 б.

БАЙТҰРСЫНОВ АХМЕТТІҢ АРАБ ӘЛІП-БИІН ЖАҚТАҒАН БАЯНДАМАСЫ

Баяндама қазақ тілінде болсын дегендерге менің алдымдағы баяндамашы орыс тілінде болсын, үйткені жұртты үгіттеу, үйіру үшін жасалып жатқан мәжіліс емес, мәнді мәселені қарауға жасалып жатқан мәжіліс, орыс жолдастардың да қатысуы керек деп еді, үйдесе баяндамасы пән туралы емес, үгіттеу, үйіру түрінде болып шықты.

Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін.

Ең әуелі аңартып өтетін бір нәрсе сол – латын әрпін алу деген – тіршілік мұқтаж қылғаннан, ділгерлік қысып туғызып отырған мәселе емес. Ділгерлік қыспақ түгіл, еш уақытта әншейін керек қылған нәрсеміз емес.

Керек қылмағанымыз – қажетімізге жарататын басқалардікінен анағұрлым артық әрпіміз болғандықтан.

Әліп-би деген – асылына адам арқылы жетпейтін нәрсе емес. Әліп-биде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айырықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс.

Әліп-би деген тілдің негізгі дыбысарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа оңай болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.

Олай болса, әліп-би сынға түсіп жақсы-жаман жағы тексерілуге әбден келетін нәрсе болып шығады.

Қазақ алдақашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздкінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы.

Тағы немене керек?!

Жоқ! Араб әрпін тастап, латын әрпін алу керек, араб әрпі қолайсыз деп алдақашан аты шыққан әріп, онымен жақсылап емле түзуге болмайды, онымен баспа ісін жақсылауға болмайды, оны жазу машиналарына, осы күнгі шығып жатқан түрлі өнер құралдарына орнатуға болмайды, оларға араб әрпі ыңғайсыз дейді.

Солай деп әріп мәселесін алдымен қозғаған әзербайжандықтар ойлаған еді. Солай деп өздерін жаңашыл, өзгелерді ескішіл көретін біздің латыншылдарымыз да ойлайды.

Мұнда адасқандық болмаған күнде де анығына жетпегендік бар екені шәксіз, өйткені іс жүзінде көріп отырғанымыз олар ойлағаныңдай емес. Сондықтан назарларыңызды салыңқырап қарасаңыздаршы деп айтуға қақымыз бар деп білемін.

Араб әрпінен жасап алған әліп-биімізге жер жүзінде әліп-би баласы жетпейді*. Араб әрпімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі

¹жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды. Араб әрпін жазу машинасына, әріп теру машинасына орнатқанын көріп отырмыз.

Түзелген араб әрпі жазу машинасына бір түгіл, екі түрлі әріп қоюға болатын етіп отыр, әріп теру машинасында екі суретті әріп қоюға болатындығына көз жетіп отыр. Түзелген әріп терушілердің де бейнетін жеңілдетейін деп тұр. Бұрын кассы үлкен болған соң, тұрып теретін еді, енді кассы кішірейген соң, отырып теруге болады. Отырып терсе тез шаршамайды, шаршамаса жұмыс өнікті болады. Әрі кассы ұясы аз болған соң, теру оңайланады. Ол жағынан жұмыс тағы өнікті болады.

Осының бәрі араб әрпінің қай жағынан болса да, қалай жұмсаймын десе де келе беретін, көне беретін ыңғайлы, қолайлы әріп екенін көрсетеді.

* * *

Түрік жұртының 90-%-і баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті деп әріпке қатысы бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен: сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы өнер-білім, ілім, емле үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер, тағысын тағы сондайлар).

Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып алып кетуге бір талай уақыт керек, бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның күші, ісі керек. Әуелі, ондай қаржы, күш пен іс екі әріппен бірдей қатар оқыту, сауат ашу істеріне керек. Екінші баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі де екі әріппен бірдей басылып шығып тұрмақ. Мұның аты екі шығын болмақ, екі жұмыс болмақ. Артық қаржы, артық күш бұған керек.

Мұндай екі шығын, екі жұмысты көтергендей қаржы мен қайрат қазақ түгіл түріктің қай жұртында да болса жоқ.

Латын әрпін бірден алып, бірден соған түсіп кетуге, одан да көп қаржы мен қайрат керек. Ондай бірден табыла қоятын мол қаржы мен қайрат түрік жұрттарында тағы жоқ. Бірден мұғалімдердің бәрін

¹ Бұл арада Ақаң әліп-би мен әріп таңбасын бірге санап кетіп отыр. Онысы дұрыс емес.

латынша үйретіп, бірден баспаханалардағы әріптерді латынға айналдырып, адамдарын латынша үйретіп, оқу кітаптарын латынша бастырып, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырып жіберу адамның керек қылуын былай қоя тұрғанда да, он шақты күнде, он шақты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес.

Солай болған соң әріп алмастыру деген жеңіл мәселе болып шықпайды. Бұл – ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске алып отырып шешетін нәрсе. Үстін қарап, ат үстінен айтқандай, сөзбен, жеңіл шеше қоятын мәселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе.

Латын әрпінің араб әрпінен гөрі көзге көрініп тұрған артықтығы, бадырайып тұрған пайдасы болса екен; онда ел көңілденіп, қолдап жебеп, көтермелеп бірдеме етер деп дәмеленер едік. Ондай артықтығы, пайдалылығы жоқ, араб әрпін латын әрпіне алмастыру мәселесі қозғалғаннан бері көп адам екеуін салыстырып, теңеп қарап, артық-кемін тексеру, зерттеуге түсті. Екі әріп те жеткілікті дәрежеде терең тексеріліп, терең зерттелді. Сол терең тексеру арқасында екі әріптің де бұрын назар салынбай, еске алынбай жүрген көп сындары, сипаттары көзге түсті.

Менің мұнан былайғы сөздерім – жалғыз өз пікірім, я өз тапқандарым емес, көптің көздеп, үңіліп, зерттегеннен табылған нәрселер.

Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп, өлшеуге салғанда, таразыңның табан тірейтін нәрселері мыналар боларға тиіс:

1. – тіл дыбысына жеткілікті – жеткіліксіздігі қанша?*
2. – қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?
3. – қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?
4. – қайсысы баспаға қолайлы? (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы о да сонда).
5. – үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?
6. – көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Әуелі, тіл дыбысына жеткілікті болу = болмай жағынан салыстырып қарайық. Араб әрпінен қазақ әліп-биіне 14 әріпті өзгертпестен дайын күйінде алдық. 5 әрпіне ереже қосып алдық.

Латын әрпінен ең өзгертпестен алдық дегенде 15 әріп-ақ алған. Басқаларын өзгертіп алып отыр. Сөйтіп алғанда, 7 әрпі өзгертіп алуға

*

* Бұл таңба қасиетіне жатпайды.

жараған, басқалары тіпті жарамаған соң “ң” мен “й” дыбыстарына ойдан шығарып, таңбаларын алып отыр.

Бұған қарағанда тіл дыбысына жеткілікті болу жағынан араб әрпі артық болып шықты.

* * *

Оқуға оңай жағынан алып көрейік.

Оқу жағынан алғанда қандай әріппен басылған я жазылған сөз болса да сүгірет есепті. Бұ жағынан қытайдың сүгірет жазуы да, басқалардың әріппен жазылған жазуы да бірдей, жалғыз-ақ сүгіреттің құралған жөні ғана басқа.

Сауаты ашылған адам жазылған я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін танып оқиды. Таныс адамды көргенде мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты, әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады. Неғұрлым сөз сүгіреті көзге елеулірек болса, соғұрлым жылдам танылып, шапшаң оқылмақшы. Әріп сөз сүгіретінің көзге елеулі болу, болмауына себеп болмақ, сөзді бірінен-бірі айыруға көмегі тимек.

Латын әрпінің асылы – екі түрлі сызық, тік сызық, сопақ шеңбер сызық. Латын жүйелі әріптердің бәрі осы екі түрлі сызықтың түрліше үйлесіп құралуынан шыққан. Латын жүйелі әріппен басылған сөздердің жолына қарап тұрсаңыз, екі сызықтың арасымен теп-тегіс тартқан нәрсе сияқты болып көрінеді. Әріптері біріне-бірі таяу келтіріп қатарынан қойған кірпіш сияқты көрінеді. Ілуде біреуі ғана болмаса, қатардан шығып тұратыны аз болады. Үстіне қоятын қосымша белгілері де аз болады.

Немістің Майман деген профессоры, басқа сондай сана заңын тексеріп, тәжірибе жасаған адамдар мынаны байқаған: басылған сөздердің ішінде не төмен, не жоғары сойдыып қатардан шығып тұрған әрпі бар сөздер, немесе үстіне қойған қосымша белгісі бар әріп кіріскен сөздер тез танылып шапшаң оқылады екен.

Араб әріптері сөз ішінде сап түзеген солдат сияқты сымға тартқандай, екі сызық арасында қысылып тұрған әліп те болмайды. Жолы бір сызық бойымен тартылып, жалғыз сызықтан жоғары да, төмен де ылғи асып шығып отырады. Оның үстіне қойылатын қосымша асты, үстінде белгілері, нүктелері болады. Мұнда бірдейлік, бір өңкейлік, бір беткейлік жоқ. Мұның әріптерінің бірі биік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіп, сөз әлпіне айрың-үйрің ашық сүгірет береді. Бір жағынан онысы, екінші жағынан қойылатын қосымша

белгілері сеп болып, сөз сүгіретін көзге елеулі етіп, тез танытады, тез оқытады.

Әріптердің бір өңкей, бір беткей тұру = тұрмауы оқуды ауырлату-жеңілдету жағына қанша сеп болатынын мынау мысалдан көруге болады.

Бір ыңғай, бір беткей қойған, бір өңкейленіп тұрған бірнеше таяқша сүгіреттерін алайық та, сонымен саны да, алатын орны да, бойы да бірдей, бірақ қойылуы бір ыңғай, бір беткей емес, сондықтан бір өңкейленіп тұрмаған екінші таяқша сүгіреттерін алайық та, аналардың астына мыналарды қойып санап қарайық

|||||

қайсысы

санауға оңай болар екен. Әрине, төменгісі

санауға оңай.

|||||

латын әрпінен басылған кітап я газетті алып, араб әрпінен басылған кітапты я газетті алып қарасаң, қайсысындағы сөздердің әріптерінің әлпі таяқшалар сүгіреттерінің қайсысының әлпіне ұқсайды?

Әрине, латындікі жоғарғы, арабтікі төменгі әліпті. Араб әрпінің ол артықтығы жалғыз баспада ғана емес, жазбада да артық болып тұрады. Өйткені араб әрпімен басылған сөз бен жазылған сөздің арасында айырымы аз болады. Онда оңай оқылса, мұнда да оңай болады.

Жаман жазылған хаттарды айыруға келгенде де, араб әрпі латын әрпінен артық. Мұнда да әріптің тұрпаттарымен түрлі қосымша белгілері көп көмек болады.

Латын әліп-биіне ұлы әріп болатынын артықтығына дәлел еткісі келетіндер бар. Оның ұлы әрпінің пайдасынан зияны көп екеніне көз салмайтындар ғана солай ойлайды. Әріп санын көбейтетінімен, әріп қассаларын үлкейткенімен, әріп теру, жазу машиналарын қиындататынымен, сауаттандыру ісін ауырлататынымен ісі жоқ адамдар ғана латын әрпінің ұлы түрін ұлы қасиеті деп ойламақшы.

Балаларды орысша оқытып жүргенде ұлы әріпке қарғыс айтпасақ, алғыс айтпайтынбыз, әріп терушілер де ұлы әріпке алғыс айтпайтын шығар.

* * *

Жазуға қайсысы қолайлы? – енді сол жағынан келейік.

Сөздік оқығанда тұтасынан оқысаң, жазғанда да көбінесе тұтасынан жазамыз. Сондықтан екі әріпті сынға салғанда әріп

басының жазылуына қарамай, тұтас сөздің жазылуына қарай сын тағамыз.

Сауатты адам жазғанда қол дағдысымен жазады. Жазып отырғанда әр әріпті ойлап барып жазбаймыз, қолымыз дағдыланған күйімен өзі кетеді. Ойың әріп тізімінде болмайды, сөз тізуінде болады. Көз жазылғанның дұрыс – терісін бақылаумен ғана болады, неғұрлым сауаты көбірек ашылған адам болса, неғұрлым жазуды көп жазатын адам болса, оның көз бақылауынан көрі қол дағдысы басым болмақ. Мұны дыбыс жүйелі емлесі жоқ жазудан көру қиын емес. Мәселен: “معمد” (Махмуд) деген сөзді жазғанда, қолың өзі жазып кетеді.

Оқыған уақытта адамның көзіне күш түсіп, етіне күш түспейді. Жазған уақытта көзіне күш түспей, етіне күш түседі.

Жазуға қай жазу ыңғайлы болатынын айыру үшін, басқа жұмыстар жүзінде қолға күш түсетін істерден жасалған ілім тәжірибелерін алып қарау керек болады.

Латын жүйелі әріппен жазылғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді.

Араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу оңнан солға қарай жүреді.

Машина айналдырған жұмыскерге, қол машинамен тіккен әйелдерге карап тұрсақ, бәрі сағат тілінің бағдарымен айналдырады. Қалай да қолмен айналдыра – үйілдіре қайта-қайта істелетін жұмыстардың бәрі де мәселен: инемен тігу, арқан есу бәрі де, сағат тілінің бағдарымен істеледі, оңнан солға қарай жүреді. Оның бұлай істелетіні қол талмау үшін. Қайта-қайта көп рет қимылдағанда ыңғайсыз жағына қимылдаса, қол тез талады. Мәселен: орысша жазғанда қолдың талғаны білінеді, қазақша жазғанда білінбейді.

Болонский деген орыстың тәрбие ғалымы қолдың әлгідей еткенде талмайтыны ұсақ бұлшық еттерінің бітісінен дейді. Менің оған қосатыным – қарды жаюдан, жию жеңілдірек. Солдан оңға қарай жазғанда қол қардың жайылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын қиындайды. Оңнан солға қарай жазғанда, қол қардың жиылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын жеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайды.

Олай болса, араб жазуын оңнан солға қарай жазылады деп айыптаушылар, тесе карап тексермей, құр босқа сөйлейді.

Қай жазумен жазғанда қолдың қимылдауы қандай болатынын да азырақ айтып өту тиіс болады.

Латын әрпімен жазғанда қолдың қимылының бәрі ірі, толық болып отырады. Араб әрпімен жазғанда стенограф* жазуымен жазған сияқты қолдың қимылы көбінесе ұсақ болып келеді. Ирегiнiң ұсақтығы жазуды жеңілдетіп, шапшаң жазуға қолайлы. Сондықтан да ұсақ иректі жазу стенографке алынған.

Араб әрпіне сын тағушылардың жаңа бір кінәлайтын жері – нүкте көптігі. Нүкте жазуды ауырлатуға себеп болатыны рас, бірақ ол араб жазуының өз басын оңаша алғандағы кемшілігі, латын жазуымен салыстырғанда қолсермелеуі, барша нүктелерін қосып есептегенде, латындікінен 25-30 % кем болып шығады.

Араб жазуымен жазғанда жалғыз ғана қолайсыздық қылатын – цифр жазуы. Санды үлкендете атауымызға қарағанда, жазуымыздың оңнан солға қарай жазылатын бағдарына қарағанда, санның үлкенінің цифрлары оң жақта, кішілерінің цифрлары сол жақта болуы тиіс еді. Онан келетін кемшілік аз болғандықтан, басқалардың ыңғайына қарап, көпке бірдей болатын ретпен жазып отырмын.

* * *

Жазу жайын сөйлегенде жазу машиналарын да сөз қылып өту қажет болады.

Соңғы кезге дейін араб әрпін жазу машинасына орнату ісі былай болып келіп еді: бір жағынан орыс машиналарының жүрісі араб жазуының бағдарына икемделуші еді де, екінші жағынан, араб әрпі созылып, жиырылып машина жүрісінің адымына икемделуші еді.

Бұл күнде Шайқали деген инженер әріпті емес, тек машинаны ғана әріпке ыңғайлайтын тетігін тапқан. Қазірде Қазанда машина жасайтын дүкен ашылып, әлгі инженер басына қойылып, іс жүргізіліп жатыр. Олар жасап жатқан машиналарға татарша да, орысша да жазылатын етіліп, екі жұрттың да әліп-биі қойылған. Онысы екі тілмен де іс жүргізетін біздің түрік жұрттарының мекемелеріне өте қолайлы болмақ.

Тіршілік өнерінің артылуы тіршілік керек қылуына қарай болмақ.

*

* Сөзді әріппен емес, басқа белгілермен жазуды стенограф дейді. Стенограф көбіне ауызбен айтылып тұрған сөздерді жазып алуға қолданылады.

Араб әрпінің өнер құралдарына айналысуы соңғы кездерде ғана бола бастауы тіршілік күйінің мәдениет, тарих, шаруа жағына байланысқан жағдайына қарай болып отыр. Патша заманында мекемелердің ісінің бәрі орыс тілінде машинамен жазуды керек қыла қоймайтын.

Өзгеріс болғаннан кейін әр жұрт республика болып, мекемелерінде істі өз тілінде жүргізетін болды. Оған машина керек бола бастады. Мұқтаждық бола бастап еді, мұқтаждықтың лажын табу шарасы да қарала бастады. Ол барып араб әрпін машинаға, машинаны араб әрпіне үйлестіруге түсірді. Ол үйлестіру жетіле-жетіле келіп, бір машинаға татарша-орысша екі түрлі әріп орнатуға болатын еткізіліп отыр.

Неғұрлым тұрмыс түрленіп, шаруа ұлғайып қажеті өскен сайын, тіршілік әдісі де молайып, өнер ісі де ұлғайып, өсе бермек. Жиындар, топтар татар тілінде жасалуы, енді стенограф жазуын керек қылған соң, татарлар соны шығару шарасына кірісіп жатыр. Жазу дағдысы оңнан солға болғандықтан, стенограф жазуын да сол бағдарлы етіп шығармақ.

* * *

Енді қай әріп үйретуге оңай, со жағынан салыстырып өтейік. Қай әдіспен болса да, оқуға үйрету ақтығында сөз сүгіретін тану болып шықпақ. Сөздің баспа сүгіреті мен жазба сүгіретін таныта білдірсе, сол оқуға үйреткен болмақ.

Сөздің тез танылу жағына араб әрпінің латын әрпінен артық екендігін мана айтып өттік. Бұ жағынан араб әрпінде бір кемшілік бар еді, ол енді жоғалайын деп тұр. Ол кемшілігі жалғау қосылғанда сөз сүгіретінің пішіні өзгерілуі еді. Мәселен “қазақ” деген сөзге ілік жалғауын қоссақ, “қазақдың” болып, “қ” әріптің пішіні өзгертін еді.

Латын әрпінде ол жоқ, бірақ оның онан көрі де үлкен айыбы бар: латын әрпі ұлылы-кішілі қосар таңбалы болады. Оның үстіне баспа әрпі мен жазба әрпі біріне-бірі ұқсамайтын түрде болады. Бір сөзде екі түрлі сүгірет болады. Біреуін танудың орнына екі-екіден тану керек болады. Сөйтіп әріптің екі баспа түрін, екі жазба түрін, сөздің екі баспа сүгіретін, екі жазба сүгіретін тану керек болады. Мұның аты бір жұмыстың орнына төрт, төрттен сегіз жұмыс деген болады. Арабтікінде ол жоқ.

Араб әрпінің үйреткенде тағы бір артық жері – алғашқы кезде жазуға қол үйренуге сызылғанның жеңілдігі.

Латын әрпінің алғашқы кезде жақсылық қасиетіне саналса, саналатын жері баспа әрпінің даралығы. Бірақ ол қасиетінің өмірі аз, өйткені әрі барған сайын сөзді әрпімен оқу жоғалып, сөздің тұтас сүгіретін оқу күшейе береді, даралықтың пайдасы кеми береді. Сөз сүгіретін тез танытуға араб әрпі артық.

Сүйтіп, үйретуге жеңілдік жағынан да араб әрпі латын әрпінен анағұрлым артық болып шығады.

* * *

Енді екі әріптің қайсысы баспа ісіне қолайлы, өнер құралына үйлестіруге оңтайлы, баспаға сыйымды, істі өндіруге икемді екен – сонысына келейік.

Араб әрпін баспаға айналдыру 16-шы ғасырдың аяғында болған. Оны баспаға арабтардың өздері айналдырмаған. Венеция шәріндегі италияндар айналдырған.

Олар араб әрпінің жәйін білмегендіктен несін алып, несін тастау керек екенін біле алмаған, араб әрпін жазуда тұрған күйінде алған да, турап-турап баспаға айналдырған. Әріптің жәйін жақсы білмей баспаға айналдырғандықтан, арабтың 29 таңбасы 200-ден астам баспа таңбасы болып шыққан.

Бұ қалайша соншама көбейіп шыққан? Мұнша көбейіп шығуы мынадан болған.

1) Жазуда түйдектеліп жазылатын 2-3 әріпті айырмай, оларды түйдек түрінде әріп түйдегіне айрықша баспа белгісін жасаған. Мәселен: ج етіп екі әріптен құраудың орнына, “ج” деген жазу түріндегі түйдегін алып, өз алдына “ج” белгі алған. “دمج” дегенді де “دمج” етіп үш әріптен құраудың орнына, оған да өз алдына “دمج” белгі алған. Сондықтан 200-ден астам баспа таңбасы болып шыққан.

Баспа әрпі сол күйінде мұсылман арасында тарап, 19-ншы ғасырдың аяғына дейін түзелместен келген.

1882-нші жылы Петерборда Қырым татары Илияс Бураганский, Қазанда Ғалиасқар Камал мен Жүзейұлы дегендер кей әріптердің түрін италияндар жасаған түрінен өзгертіп, баспа таңбасын жасайды. Онан баспа таңбасының саны кеміп 150-ге түседі.

Онан әрі бірте-бірте түйдек таңбалары жоғалады. Бұдан баспа таңбасы кеміп, 100-110-ға түседі (қазақтікі 80-81).

1907-нші жылдан бастап италияндар бүлдірген жерлерін түзеу талабына кірісушілер болады. Олай түзеу дегеніміз - әріп шегін өзінің тиісті жігінен бөліп айыру болады.

Әуел бастап бұ жолда 1907-нші жылы талап етушілер Алпарұлы мен Рақманқұлұлы дегендер болады. Онан кейін 1921-1922-нші

жылдарда Ідірісұлы Мұхамбет те сол талапқа кіріседі. Соңғы жылдарда Бұрнашұлы мен Тоқайұлы (23-24 жылы) кіріседі.

Соңғы екеуінің жобасы қолайлы болып баспаханаларға алынады. Бұлар баспа әрпін екі пішінге ғана түсіріп, кассы ұясын 50-ге жеткізген (қазақтікі - 41), мұнымен қатар әріп таңбаларын бір-ақ пішінді ету талабы тоқталмай істеле береді. Ақтығында сол талаптан толып жатқан жобалар туады. Сол жобалардың ішінен Қазанда болған энеугі кеңес әріп таңбаларын бір пішінге түсірген жобаларды қабылдады. Ондай жобалар Алпарұлынікі, Шарапұлынікі, Ідірісұлынікі.

Жалғыз пішінді әріптен сөз сүгіретіне кіретін өзгерісі аз. Орыстың жуандық белгісін тастағандығысындай ғана сөз сүгіреті өзгереді. Оны алғаннан түсетін пайда есепсіз көп. Пайдасының есепсіз көптігі сол:

Әуелі, баспа әрпін кемітіп, татарлардікін 30-31-ге түсіреді. Біздікін 24-25-ке түсіреді.

Екінші, әріп жасау жұмысын жеңілдетеді (понсон, матрица* жасау).

Үшінші, өнер құралдарына қоюға өте ыңғайлы.

Төртінші, үйрету, әріп теру, басқанды түзету істерін жеңілдетеді.

*Осыншама пайдасының орнына біздің жоғалтатынымыз – жалғыз-ақ сөз аяғында созып кеткеннен шыққан әріп құйрығы. Онан басқа шығатын шығын жоқ. Енді латын әрпімен екеуін теңестіріп қарайық.

Латын әліп-биінде әріп ұлылы-кішілі болып, екі-екіден келеді. Латын жүйелі әріптер баспаға әбден икемделген, ол икемделуі Европа жұрттарының өздеріне даяр болғанмен, бізге даяр емес. Түрік жұрттары олардың даяр тұрғандарын сол күйінде алып пайдалана алмайды. Үйткені – латын әрпін өзгертпей алуға болмайды. Ең кем болғанда 25-30% өзгертіліп алынады. Латын әрпін өзгертпей алуға болмаса, латын әрпі орнатылған машиналарды да өзгертпей сол күйінде алуға болмайды. Оның мағанасы - өзгертпестен ешбір жазу машинасын, еш әріп теру машинасын алып, пайдалануға болмайды деген болып шығады.

Бір жақтан ол солай болса, екінші жақтан түрік жұртындағы қалалардың баспаханаларында өзгертпеген латын әрпі де жеткілікті күйде табылмайды. Қызылорданы былай қойып, Қазан, Уфа, Ташкент, Самарқан шәрлерінде де табылмайды.

* Әріп қалыптары.

Әзербайжан латыншылдарды латын әрпімен әліп-би жасап, бастырайын дегенде, ешбір шәрінде латын әрпін таба алмаған. Басқа жерден жасатып алдырғанша 5-6 ай өткен. Әріп келген соң латын әрпімен еркін тере білетін адам табылмаған. 40 кісілік курс ашқан.

Көптен келе жатқан латыншылдары бар, жетілген кент мәдениеті бар, өнерлі кәсібі бар әзербайжандықтар әліп-би бастыруға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, әсіресе біздің қазақ сияқтылары оп-оңай дайын қып ала алмас.

Әзірбайжанның латын кассысында 46-47 ұя бар. Ұлы түрінікі де, кіші түрінікі де бәрі сонда. Латындікін алғанда қазақ кассысында 46-46 ұя болмақ. Бұл араб әрпінің 3-нші түзелген күйіндегісінен төмен болып шығады (Бұрнашұлы мен Тоқайұлының түзетуі). 3-нші түзету бойынша қазақ кассында 41 ұя болмақ. Соңғы түзету кассымыздан ұя 24-25 ғана болады. Ол латындікінен 2 есеге таяу аз болмақшы.

Латын әрпінің баспаға сыйымы туралы қолымызда мағлұмат болмағандықтан, орыс әрпінің сыйымы турасындағы мағлұматтарды алып салыстырамыз. Өйткені – орыс әрпі мен латын әрпінің арасында айырымы аз, екеуі бір жүйелі әріп.

Қалыпты баспа табағына** орысша 12-кегелмен*** шпонсыз**** жиғанда, 10-кегелмен шпондап жиғанда, 40 мың шамалы әріп сыяды. Бұл кітаптар үшін жиғанда. Газеттер үшін 10-кегелмен шпонсыз жиғанда 50 мың

** Баспа табақ жазба табақтың 4-ндей.

***Әріптің бөлігі.

****Шпон - әріптерді ыдырататын сына.
шамалы әріп сыяды.

Араб әрпінің ескі күйіндегі қалпында – 12-кегел “нормал” түрі мен шпондап жиғанда, 40 мың шамалы әріп сыяды, 14-кегелмен шпондап жиғанда, 32-35 мың шамалы әріп сыяды. 3-нші түрде түзелген әріптен сол шамалы сыяды. Соңғы түзелген түрдегі әріптен 10-ншы кегелмен шпондап жиғанда 54 мың кітап жә газет әрпі сыяды. 8-нші кегелмен шпондап жиғанда, 65 мың шамалы әріп сыймақ.

*

Ескі әріппен, үлкен кассымен тіреу салып жинағанда, күндік жұмыстың орыстікінен 10-15% төмен болады екен. 3-нші түрде

* ** Баспа табақ жазба табақтың 4-ндей.

*** Әріптің бөлігі.

**** Шпон - әріптерді ыдырататын сына.

түзелген әріппен жұмыс өнімі орыстікінен артық та емес, кем де емес – шамалас болған. Ең соңғы түзелген түрдегі әріппен жиғанда, жұмыс өнімі орыстікінен 10% асқан.

Сүйтіп, баспа жағынан ескі әріп латындікінен төмен болып, түзетілген әріп артық болып шығады.

Араб әрпін теру машинасына орнату жағынан қолайлығына келсек, оған ескі әріп те жарайды. Бакуде шығатын “Коммунистер” газеті Америкадан алдырған ескі әріпті теру машинамен теріліп шығып отыр. Түзетілген жаңа әріппен бір түгіл, екі сүгіретті әріп қойылып машина шықпақ.

Енді көркемдік пен көзге жайлылық жағынан бір-екі ауыз сөз айту қалды.

Көркемдік деген әркімнің көңіл талғауына қарайтын нәрсе, бірақ Европа жазушылары латын әрпінің пішіндеме сызықтары сияқты көзге көсе көрінетінін, араб әрпі сызығы түрлі болғандықтан, көзге көркем шырайлы көрінетінін айтқанын білеміз.

Көзге жайлы болу жағына келсек, мұнда қай әріппен жазылған жә басылған сөз оңай оқылса, сол әріп көзді талдырмайды. Үйткені ондай әріп көзді талдырмайды. Көзді талдырмайтын оқуға оңайлық жағынан араб әрпі латындікінен артық екені айтылып өтті.

Әншейін үстін қарағанда араб әрпін түзету ісі дағдылы, қалыпты нәрсе сияқты болып көрінеді де, тура басқа әріпті алу төңкеріс есебіндегі нәрсе сияқты болып көрінеді. Төңкеріс немесе үлкен өзгеріс есебінде болып шығу үшін жасаған өзгерістен өнетін үлкен пайда болу керек.

Латын әрпінен өнетін үлкен пайда түгіл, кішкене де пайда жоқ.

Европа жұртымен бірдей болу мақсатпен аламыз десек, алу қиын болған себепті орыстар аяқ баспай отырғанда, біз сол мақсатпен істейміз деп айтудың қанша орны барлығын сөйлеп, көп сөз қылмасак та болар.

Латын әрпі цифр түрдегі таңба болса, әріп бірлестіру жағын сөз қылуға болар еді. Цифрді кім жазса да түсінеміз, түсіне беретін латын цифр сияқты жә қытай жазуы сияқты жазу таңбасы емес.

Басқалармен ымыраластыруға келетін жерде ісімізді ымыраластырамыз. Мәселен, мана цифр жазуын бөтендерге қарап солдан оңға қарай жазамыз дедім. Оны олай жазу біздің жазу бағдарымызға теріс ыңғай келеді. Бірақ теріс ыңғай болғанмен, қолайсыздығы аз болған соң, көптен шықпас үшін істеп отырмыз.

* * *

Жер жүзінде бірдей әріппен түрлі тілді жұрттардың жазуын бірлестіру керек болса, онда қытай жазуын алу керек. Оны алсақ, онымен кім жазса да түсінесің. Латын әрпін алғанмен, өз тіліндегі мен өзге тұқымдас тілдегі ғана нәрселерді түсінесің. Оны латын әрпінсіз де істеп отырмыз.

Жаңа да бір айтатын сөз: латыншылдар екі әріпті салыстырғанда, араб әрпін баяғы Италия бұзған түрінде алып, түзетілген әріп жағына әдейі жуымайды. Латынға алмастырғаннан енетін пайда көп болса немесе латын әрпін алу машақаты, шығыны араб әрпін түзетуден аз болып шығатын болса, олардың түзетуді менсінбей, латынмен болуы жөн дер едік. Ол жоқ. Араб әрпін түзетуге кететін шығын мен еңбек латынға көшу бейнеті мен шығыннан мың емес, миллион есе кем екені айрықша есеп қылмай-ақ айқын нәрсе.

Манағыдан бергі айтылғанның бәрінен жасалатын жалпы қорытынды мынау:

1. Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады.

2. Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлығы латын әрпінен артық.

3. Баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық.

4. Машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр.

5. Араб әліп-биінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле.

Сүйтіп, екі әріпті салыстырғанда, сап-саз, ап-айқын көзге көрініп тұрған сындары әріп алмастыру мәселесін дәріптеп көтеруге орын жоқтығын көрсетеді. Бұ сияқты мәселені көтеріп, уақытын шығын қылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял деп білемін.

Әліп-би түзеу, емле түзеу жағынан соңғы кезде істелген істер жемісті болып, бұ жағынан біз Европа, Америка жұрттарының алдында тұрмыз. Әріпті өнер құралдарына икемдеу жағынан да олардан асыратынымызға көз жетіп отыр.

Солай болған соң аз күшімізді алға шыққан жақтағы керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес пе деймін.

А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. -
Алматы: Ана тілі, 1992. - 399 - 410 б.

ЕМЛЕ ТУРАЛЫ
(қысқартылып басылды)
ЕМЛЕ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚАРСАҢЫНДА

Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негіз дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай).

1.Таңба жүйелі емле – арғынға дөңгелек таңба алайық. Қыпшаққа “жіп” таңба алайық деген сияқты немесе “бірге” мынадай: “1” белгі, “екіге” мынадай “2” белгі алайық деген сияқты, не болмаса пәлен дыбысқа пәлен белгі алайық деп дыбыс басына әріп арнаған сияқты, тіл іліміне тірмей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі, емленің бұл жүйесін алу-алмау жағын сөз қылмай өтеміз, үйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс дедік.

2.Тарих жүйелі емле – баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданатын емле. Ондай емледе бір дыбысқа арналған әріп, тіл дыбыстары өзгеріп кеткендіктен, бірнеше дыбыстың ортасындағы орта таңба болуы мүмкін. Бір дыбыста жазуға бірнеше әріп жұмсалуды мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптерді әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін. Емлеміз бұл жүйелі болу-болмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3.Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда “қорада бір қара ат тұр екен” деген “ат” деген сөздерді ауыздан шығуынша “қарат” деп жазбай, “қара ат” деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, “солай болсигеді” болып естілсе де, жазғанда “солай болса игі еді” деп, “болса”, “игі” “еді” деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуға тиіс.

4.Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрлі болып шығады, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде “ақ”, “көк” деген сөздердің айтылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол араға “өгіз” деген

сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрлі естіледі (Ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – көг өгіз).

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдік ілім-ділім жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жұртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік.

Жаңа емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарда ғана туыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі емес пе еді? Туыс жүйесін керексіз орында кірістіруші ме едік? Бұрынғы емлемізде дыбыс жүйелі екендігін, туыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айтып өттік. Олай болса, жаңа емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей ауыздан шығуынша жазылсын дейді. Бұрынғы емлемізде ондай дыбыстар ауыздан шығуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін бұрынғы емлеше жазу мен жаңа жобаша жазылу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бұрынғыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: Тұрғанбай – Тұрғамбай, қонған – қонған, көнген – көнген, інге – інге, бара алмайды – баралмайды, келе алмайды – келалмайды, келе алмай тұрмын – келалмайтұрмын, бүрсі күні – бүрсігүні, бұрнағы күні – бұрнағыгүні, жазды күні – жаздыгүні, тұзсыз – тұссыз, бассыз, басшы – башшы, ізші – ішші, қазса – қасса тағы сондайлар.

Мұнымен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тануына, қол жүруіне жеңіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақындар ма? – Жоқ. Олай болса, бұрынғыдан мұның несі артық дей аламыз? Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуге мағана бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуге мағана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып қамалатындарына не көз салмайды-ау деймін.

Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, “балалы”, “тұзлы”, “атлы”, “баланы”, “тұзны”, “атны” деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде, “сөзшең” дегенді “шөшшең” деп “ізшілер”, “ісшілер” деген сөздердің

екеуін де бірдей “ішшілер” деп, “кигізсе” дегенді “кигіссе” деп, “кигізше” дегенді “кигішше” деп, “жазса” дегенді “жасса” деп, “қызса” дегенді “қысса” деп, “сезсе” дегенді “сессе” деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы бола ала ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер; керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Одан басқа тағы бір байқалып тұрған нәрсе сөздерді қосып жазуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып килігетініне тағы көз салынбайды-ау деймін. Мәселен: “бара алмайды” дегенді “баралмайды” деп жазу керек дейтін бар. Бұл қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі көсемше етістік, екіншісі көмекші етістік екен. Бұл екі түрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды.

Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, қопа қардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын тексеріп, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге тіліміз түсінікті болу үшін мүмкіндігінше жанастыру жағына қарап икемдеу. Осы күнге дейін тұтынып отырған емлеміздің кемшілігінің бәрін түзеп, жоғарыда айтылған туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай өтетін екеуінің арасынан жол тауып беретін төменгі ұсыныс болады деймін:

1.Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандығы естілуінше жазылу.

2.Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.

3.Үйлестіктен дүдәмал естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.

4.Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.

5.Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылу.

6.Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.

7.Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу. Қосынды сөзге айналғандары басқа қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылу. Сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылу.

8.Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу.

Мұның әрқайсысын бас-басына баяндасақ мынау болады:

1.“Әрбір түбірлі сөз” дегенде мағана жағынан алмай, тұлға жағынан алып, өз алдына түбірі бар сөзді айтып отырмын. Қазақ тілінде екі сөз, үш сөз, төрт сөз қатта бес сөз бірлесіп, бір ұғым, бір

мағаналы болып келуі жиі ұшырайды. Мәселен “кете берер”, “кете берер ме?”, “кете берер ме екен?”, “кете бере алар ма екен?”, “кете бере алмай отырғанымды-ау”. Осыларды бірге айтылғанына қарай, бір мағана көрсетуіне қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естілуінше тұтастырып жазу емлені оңайлатпайды. Сондықтан әрқайсысын түбір-түбірімен айырып алып, оңаша шығарып айтып, сондағы естілуінше жазамыз.

Осылай жазғандар үйренуге де, көз тануына да, басқа түріктер оңай түсінуіне де жеп-жеңіл болады.

2. “Азған сөз”, дегенде “үйтіп”, “бүйтіп”, “сүйтіп”, “әйтседе”, “әйтпесе”, “бұрнағы”, “бүрсі”, “белбеу” деген сияқты сөздерді айтамын. Сөздің азып өзгеруі бар, айнып өзгеруі бар. Соңғысы – дыбысы айнып, бірде олай, бірде бұлай айтылуынан болатын өзгеріс. Алдыңғысы – ондай емес. Тұрлаулы өзгеріс. Солай болған соң сол күйінде айнымай қалатын сөзді айтамыз.

3. “Үйлестікпен” дүдәмал естілетін дыбыстар деп б – п – т – д – ж – ш – з – с – ш – з – ш – н сияқты айтылуында ұқсастық, үйлестік бар дыбыстар жанындағы басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін-бірі күңгейлеп не болмаса біріне-бірі үйлес болған соң бірінің орнына бірін алмастырып айтуы мүмкін болатын орындарда қайсысы екені ашық естілмейді. Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: “Қасекең сау күндегі әнге басты” дегенде “басты” деген жіктеу жалғауында “т” естіле ме, “д” естіле ме? – Дүдәмал, ашық емес. Қасындағы “с” дыбысының әсерімен күңгейленіп анық естілмей тұр.

Күңгейлеп тұрған дыбыстар аулақ, басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, “Қас екең сау күндегі әнге салды” десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сияқты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмәлдік болады: Мәселен: бастың ба? – басдың ба? басты ма? – басды ма? баста ма – басда ма? бастан ба? – басдан ба? Дүдәмал, анық емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп тұрған дыбыстан құтқару үшін аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек. Мәселен, балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, қардан, қаздан. Қай дыбыс екені мұнда анық естіліп тұр. Бұлар үйлес дыбыстар, басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дүдәмәлік.

Енді үйлес дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дүдәмәлікті мысалмен көрсетелік: “мылтық атты”. Мұнда да жіктеу жалғауы не болатыны дүдәмәл болып тұр: - ты ма? – ды ма? Белгісіз, анық емес. “Қымыз ашшы”, “су кешше”, “киім пішше”, “құс ұшша”,

“құлын қашша” аяғына қосылып тұрған рай белгісі дүдәмәл: ше ме? ша ма? са ма? Бұлар үйлес дыбыстардың бірін-бірі күңгейлеуінің бір түрі. Бұлардың анығына жету үшін алдыңғы айтылған әдіс істеледі. Мәселен, “мылтық алды” десек, не жалғау екені ашылады. “Қымызға канса”, “су сепсе”, “киім кесе”, “құс қонса”, “құлын қуса” дегенде рай белгісінің қандай екені анық ашылады. Үйлес дыбыстардың бірін-бірі күңгейлегенде болатын дүдәмәлдіктің екінші түрі бар. Олар мынау сияқтылар: “құрған тешше”, “басқан ішше”, “төккен тұсса”, “тұздық тұссыз”, “қазан ашшы”, “нан кешші”, “көссіз көбелектей”, “ішшілер ізіне түсті”, “ішшілер ісін тоқтатты”, “башшылар баж басты”, “башшылар алға түсті”.

Сөздің бұл жалғауларында емес, негізіне әсер ету, негізінен күңгейлеу болғандықтан, сөздің негізін айқын шығарып, айтқандағы естілуінше жазу. Үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен болатын дүдәмәлдік мынау сияқтылар: Қорғамбай-Қорғанбай, Арғымбай-Арғынбай, Тасқымбай-Тасқынбай, қоңған-қонған, жоңған-жонған, жаңған-жанған, көңген-көнген, өңген-өнген, міңген-мінген, сеңген-сенген, күңге-күнге тағысын тағы сондай сөздер. Бұлардың қайсысы дұрыс? Әрине, соңғылары дұрыс. Үйткені “қорғам”, “арғым”, “тасқым” деген сөзден шықпағаны, қорған, арғын, тасқын, деген сөздерден шыққаны көрініп тұр. Онан кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрған “ғ”, мен “г” дыбыстары. Олардың әсерінен құтылса болғаны, дүдәмәлдік жоғалады. Мәселен: “қоныс”, “қондық”, “жону”, “жондым”, “жанып”, “жанды”, “көніп”, “көнді”, “өніс”, “өнім”, “іініп”, “мініс”, “сеніп”, “сенім”, “күнде”, “күндік” дегенде, дүдәмәлдік жоғалып, “ң” емес, “н” екені ап-анық көрініп тұр.

4.Қосымшалар дегеніміз – жұрнақтар мен жалғаулар. Олар бұрын да солай (бірге) жазылатын.

5.Қосалқы сөздер (демеулер) білімпаздар съезіне дейін қосарлық белгімен жазылып жүрді. Білімпаздар съезі бөлек жазылсын деді. Оқу жағына қолайсыздық ететін болған соң енді қосарлықпен (-) жазылуы қолайланып тұр. Қосарынан айтылатын қос сөз, қосар сөз – бұлар бұрында қосарлық (-) белгімен жазылатын. Бұлар туралы өзгеріс жоқ. Мәселен: құрт-құмырсқа, бақа-шаян, аяқ-табақ, төсек-орын, бала-шаға, келін-кепшек, қысылып,-қымтынып, құрап-сұрап, артып-тартып, ырғап-жырғап тағысын тағы сондай сөздер бұрында осылай қосарлық (-) белгімен жазылатын.

Қосынды сөз бұрын “Тіл құралда” қос сөздің біріне саналып, жалқылаушы қос сөз деп атанып келіп еді. Былтырдан бері атын ықшамдау үшін, балаларға үйреткенде жеңіл болу үшін қосынды деп атайтын болды. Балалар үшін шығарған “Тіл жұмсар” кітапшаларда

солай аталған. Бұлар бір өңкей болса, қосыла жазылатын. Бір өңкей болмаса, араларынан қосарлық (-) белгісі қойылып жазылатын. Мәселен: қолғап, жүк-аяқ, төсек-ағаш, тұс-киіз, тұстартпа, келі-саб, балтасап, қаламсап, қаламбас, қазоты, Ақ-төбе, Ақмола, Қызылжар, Атбасар тағысын тағы сондай сөздер. Енді бұлардың бәрі де қосарлықпен (-) жазылады.

6. Жалғаулықтар бұрыннан бөлек жазалатын. Олардың жазылу жағы солай қалады. Мұнда қосымша ескерту есебінде айтылып отырған бөлек жазылуынан басқасы жалғау ережесінше деген сөз. Олай айтылып отырғаны мынау: жалғаулықтардың кейбіреулері алдыңғы сөздің аяғындағы дыбыстың әсерінен жалғауларша айнаиды. Мәселен, “менен”, “мен”, “бенен”, “бен” болып айтылғанда, бұлардың арасында дүдәмәлдік жоқ. “Бенен”, “бен” алдындағы дыбыстың әсерімен “пенен”, “пен” сияқты болып естілгенде дүдәмәлдік туады. Сондай жерде анығын жалғаулардың дүдәмәлдігін ашатын жолмен айыруымыз керек.

7. Үйір айтылатын сөздер бұрыннан бөлек жазылатын. Мәселен: бұл ат ала байтал, ақ нар, құла құнан, тоз шелек, жез құман, күміс жүзік тағысын тағы сондай сөздер. Үйір сөзден қосындыға айналған сөздер туралы көрсетілген белгілі жол жоқ еді. Сондықтан бұларды әркім әр түрлі жазуы мүмкін еді. Енді бұларға да тәртіп жасау үшін ашық айтылып отыр. Үйір сөздің қосындыға айналғаны да қосарлықпен жазылады дегенде төмендегі сөздердің төмендегіше жазылуы айтылып отыр: ақ-сақал, ала-бота, сасық-қурай, май-шағыр, боз-жусан, боз-торғай, боз-бұға, қара-құс, көк-құтан, ақ-қу, ала-қарға, қара-қарға, торы-ала қаз тағысын тағылары осылай қосарлық (-) белгімен жазылады.

Шырай күшейткіштері деп таңдаулы шырайдың басына сөздің өзінен алып күшейту үшін қосатын буындар айтылып отыр.

Мәселен: қып-қызыл, сап-сары, үп-үлкен, ып-ықшам, ып-ыңғайлы, біп-биік, сып-сида, шіп-шикі тағысын тағы сондайлар. Бұлар бұрын да солай жазылатын, қосып жазу керек деушілер болғаннан мұндай сөз болып отыр.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бұрын жазылатын. Онда өзгеріс жоқ. Тек бірге жазу керек деушілер болғандықтан, айырықша сөз болып отыр. Бұған қосымша түрде айтып ескертіп өтетін нәрселер мыналар:

1. Лепестен, лебізден шыққан сөздер шыққан лепес пен лебіздегі айтылған қалпынан айнымай жазылу. Лепестен шыққан сөздер деп одағаймен бірлесе айтылатын сөздерді айтамыз. Мәселен: “Ой, пәлі”, “А, құдай!”, “А, пірім-ау!”, “А, пірім-ай”.

Лебізден шыққан сөздер деп “кет әрі”, “әпер бақан”, “көріпкел”, “ұр да жық”, “барса келмес”, “найзамды әпер”, “шаш ал десе бас алар” деген сияқты сөздерді айтамыз.

2.Есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылады. Мәселен: Қой-бағар, Тай-мінер, Жылқы-айдар, Қой-айдар, Тау-соғар, Көп-жасар, Ит-алмас (жалқы есімдер), бір-санар, бір-тартар, бу-тартар, ат-шабар, бес-атар, құс-қонбас, ит-кірмес, жел-кесер (жалпы есімдер).

3.Дүдәмәлдігі ашылмастай орындарда сондай дүдәмәлдік ашылған орындағы тәжірибе бағытымен жазу. Мәселен: “аспан ба?”, “асбан ба?” – дүдәмәл екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды екен. Сол сияқты сөздер өте көп болмағанмен, қазақ тілінде ұшырайды: дұспан-дұсбан, оқпан-оқбан, кетпен-кетбен, шекпен-шекбен тағысын тағылар.

Бұлардың “п” мен “б” дүдәмәл орындағы ашылуы ылғи “б” жағына болғандықтан, “б”-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де, солардың көбі “б” – мен жазылуға тиіс болып шығады. Мәселен: “асбан”, “дұсбан”, “данышбан”, “кетбен” деген сөздер “асман”, “дұшман”, “данышман”, “кетмен” деген сөздерден шыққан: “м” дыбысы “б” дыбысымен алмасып отырады. “Қақбан”, “қақба”, “қақбақ”, “өкбе”, “оқыбан” секілді сөздерде “қақбан”, “қақба”, “қақбақ”, “өкбе”, “обқан” дегеннен дыбыстары алмасу мен “б” дыбысты сөз екені көрініп тұр.

4. “Ы” әрпі бітеу буындарда да қалмай жазылу, “қарт-қарыт”, “арт-арыт”, “жұрт-жұрыт”, “сырт-сырыт”, “құрт-құрыт” дегендегі сызықша мен қосақтап қатарлап қойған сөздердің айтылуы бірдей емес. Бітеу буынға “ы” жазсақ, бұлар бірдей жазылатын болады: бірдей жазылса, бірдей естіледі деген болып шығады.

5. “Асыу”, “алыу”, “барыу”, “келіу” деген сөздерді “сұу”, “шұу”, “тұу” деген сияқты етіп, аяғына ұу келтіріп жазамыз деушілер бар. Тіпті жалғыз ғана “у” келтіріп жазамыз деушілер бар. Олардың бәрі де жете тексермегендіктен айтылып отырған сөздер. “Алып” демей, “алұп” деп, “асыб” демей, “асұп” деп, “барып” демей, “барұп” деп, “келіб” демей, “келүб” деп жазатын болсақ, алұу, барұу, келуу деп жазуға болады. Олай жазбай, алып, асып, барып, келіп деп жазатын болсақ, “у”-дың алдын “ұ” (ү) жазудың орны жоқ. Мұндай “у” сөздің аяғына “б” есебінде қосылып тұрған дыбыс немесе “алыс, беріс, барыс, келіс” дегендері сөздердің ішіндегі “с” есебінде қосылып тұрған сөз. “Алыс” деген “алыу” деген, “барыс” деген “барыу” деген, “келіс” деген “келіу” деген сөздердегі айырыс аяқ дыбыстарында ғана, басқа жеріне айырым жоқ. Егер алұс, барұс, келұс деп жазсақ, онда

алұу, барұу, келұу деп жазу дұрыс. Бірақ “алұс”, “барұс”, “келұс” деп айтпаймыз ғой. Егерде “ұ” (ү) мен “ы” (і) дүдәмәл естілетін болса, ол дүдәмәлдік “ы” жағына қарай шешіліп отырады ғой. Мәселен: “тан” деген, “таны” деген, “жан” деген “жаны”, “тас” деген сөздерді алып, аяқтарына “п”, “с”, “у” қосып туынды сөз жасасақ, аяғы дауысты дыбыс болса, осы дыбыстарды қосамыз да қоямыз. Аяғы басқа дыбыстар болса, “ы” арқылы қосамыз: танып, таныс, таныу, жанып, жаныс, жаныу, тасып, тасыс, тасыу. Осында “у” дыбыстың келіп кірерлік орны бар ма? Қай жерден келіп кіріспекші?

б.р, л, у, и әріптерінің алдында “ы” әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: лыпа леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдап, Ленін, Лепсі деген сөздердің алдында келген “л” тап-таза “ы”-сыз естіліп тұр. Оған “ы” жазудың керегі жоқ. “Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи” деген сөздерде “л” алдында “ы” анық естіліп тұр. Егерде осы айтылған сөздердің өздерін дауға салушылар болса, онда әркімнің құлағы әр түрлі еститін болғаны немесе әркім солай естіледі деп ұғып әдеттеніп қалғаны. Ондай дау болған орында өлең өлшеуімен ашылады. Онан басқа ашатын кілтін әзірге ешкім тапқан жоқ. Өлең арқылы тексергенде “р”, “и” сөз басында тіпті келмейтін көрінеді “у” жалғыз-ақ “уақыт” деген сөзде келетін көрінеді. Онда да қазақтың “ұуақытты” қысқартып, кейде “ұуақ” деп айтатындығынан, қазақтың “ұуақыт” деп айтатын жерін баспадағыдылар немесе жазудағылар “уақыт” дегенде айналдырғаннан болады. Қалайда жалпы ереже бұлар турасында естілсе, “ы” жазу естілсе “ұ” жазу, естілмесе жазбау. Мәселен: ұру, ұрықсат, дұрыс, ырыс, ырым, ырғақ, ыржаң, ірі, ірімшік деген сөздердің басында “ұ”, “ы” бар екеніне дау болмас. Болса қалай етеміз? - Әрине, өлеңмен болмаса басқа шара жоқ.

“И” дыбысы жалғыз-ақ “иә” деген сөзде келетін көрінеді. (Иәки “иә” мен тұқымдас). Оның өзінде оқығандар болмаса, жай қазақтар “жә” деп айтатын көрінеді.

“И” туралы жалпы ереже: естілсе “ы” жазылады, естілмесе жазылмайды. Даулы болса, өлең арқылы ашылады. Осымен емле ережелері туралы әңгіме бітеді. (“Еңбекші қазақ”. 1929. 17 март (наурыз).

Дайындаған О. Жұбаева

ҚРБ және ҒМ ҰҒА Хабарлары.
Тіл, әдебиетсериясы.-2000.- № 3.- 4 б.

ЖЕР ЖАЛДАУ ЖАЙЫНАН

Басқармаға келген кейбір хаттардан: қазақ жері алынбасқа амал таппағанымызға өкпелеушілер бар көрінеді. Жер жайынан айтарлық сөздің бірсыпырасы болып еді. Сөзімізге түсініп, ақылымызды алатын қазақ болып, сол айтқандарымызды істесе, іргесі ауып, табаны көтеріліп, жерінен айырылып, боспас еді дейміз. Айтқан сөзге түсінбесе я түсінсе де айтқанды істемесе, біз айтып отырсақ, жұрт оны істемей, ұнатқанын істеп отырса, оған етер не амал бар? Жұрт істеп отырған ісін қисық я түзу деп айту ғана қолымыздан келеді, істеткізбей, тоқтату қолымыздан келе ме?

Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айрылып қалып жатыр. Жерді қолында қатты ұстау, бос ұстау қазақтың өздерінен. Оған біз не істерміз?

Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар. Жерін алдыруға болмаса, алдырмасқа іс қылған қазақ жоқ. Әркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының ғана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасы мен зарарына тіпті қарамайды. Жұрт жер кетпесе; менің де жерім кетпес, жұрт жерден айрылса, мен де жерден айрыламын ғой деп еш ойламайды. Сондықтан жұрт үстіндегі, көп ортасындағы жер ғой деп, сатып, пайдаланып қалайын деп ойлайды. Мұжықты қазақ жеріне үйір қылып, қоңсы қондырған әуелде де осылай ойлағандық еді, осы күнде де сол ой қалған жоқ.

Қазақ жеріне мұжықтарды шақырып кіргізген, хукіметтен бұрын, қазақтардың өздері емес пе еді? Қазақты бағып тұрған хакімдердің көбі келген мұжықтарды орнықтырмай, көшіргендері де болған. Дала уалаятының генерал-губернаторы Колпаковский қазақ жері өздеріне де тар, мал жаюға жер жетпеген соң, қазақ орыстардан ыәм Тобол губерниясындағы орыс жерлерін жалдап, мал жайып отыр деп көрсеткен. Бірақ қазақтардың өздері келген мұжықтарға жерін беріп, құшағын жайып, қойнын ашып, қабыл алып отырған соң, Колпаковскийдің қазақ жерін қорғап, қызғанғаны босқа қалған. 1882-ші жылы Жалғызкөл деген жерге түскен қаланы... отырсың деп, Колпаковский көшірген, 1888-ші жылғы 17-ші мартта шыққан генерал-губернатордың бұйрығында Семей облысында еш жерге мұжықтар қала салушы болмасын деген.

Бұл бұйрықтардың бәрі де орнына келмей, құр қағаз бетінде қалды. Өйткені мұжықтарға жер керек болды, жұрт қамын ойлайтын қазақтың бас адамдарына жұрт пайдасынан гөрі өз пайдалары

жақынырақ болды. Жұрт келер зарарға қарамай, өздерінің жер сатып, байып алғанын артық көрді. Бір жағынан, хакімдер қазақ жерін қорып бұйрық шығарып жатқанда, бір жағынан, мұжықтар мен қазақтар хакімдерден жасырын жерді бірі сатып, бірі алып жатты. Мұжықтар жиылып, қала болып көбейіп, көзге түсерлік болған кезінде ғана хакімдер біліп қалатын болды. Переселен законы шықпай тұрғанда қазақ жерінде мұжық қаласы жоқ па еді? Оны шақырып, қоңсы қондырған қазақтардың өзі емес пе еді? Қазақтың көбі жер сатуды кәсіп қылып алған жоқ па? Қазақтың ауыл ағасы болған, атқамінер пысықсынған адамдарының жер сатуды кәсіп қылмағаны бар ма екен? Болса, ауылнайлардың жұртты сыртынан сатып іс қылатындарын былай қойып, жай қазақтарды алғанда да жер сатпайтындары аз болса керек. Жер сату қазаққа әдет болып кетті. “Ауру қалса да, әдет қалмайды” деген, сол жер сату әдетін жер мол болса да, жер тар болса да тастамайтын көрінеді.

Қостанай уезінде Кеңарал волосында Щербина нормасы бойынша “излишке” (артық жер) жоқ еді. Артық жер болмаған соң, жер жалдау болмасқа керек еді. Қазақтар, жері артық болмаса да, жалдаудан тоқталған жоқ. Щербина есебінше, бір мұжық қондырарлық жер болмасқа тиіс, қазақ ол жерге екі поселка қондырып отыр. Каменский ғәм Белоярский поселкалар, Щербина есебі бойынша, жер жоқ кезінде келіп түскен. Оған орын тауып беріп қондырып отырған переселен чиновниктері емес, қазақтардың өзі. Каменский поселка болған жерге 1891-ші жылы бір үй орыс қазақтан жер жалдап келіп отырған. 1891-жылы бір үй келіп қосылған. 1897-ші жылы бұрынғыларға екі үй келіп қосылған. 1899-шы жылы 24 үй келген, 1900-ші жылы 179 үй келген. Белоярский поселка тұрған жерге 1899-ші жылы 10 үй келіп, қазақтан жер жалдап орныққан, 1900-ші жылы 63 үй келіп қосылған. Осы күнде сол екі поселкада 700 шамалы үй бар, бұлардың бәрі де “излишке” жоқ кезінде келіп орнағандар. Переселен чиновниктері бұларға жер кесіп берерде, қалай берерін білмей, қысылған. Мұжақтарға беруге норма бойынша “излишке” жоқ. “Излишке” болмаса, қазақ жерін алуға жол жоқ. Орнығып қалған екі поселкадағы 700 үйді көшіру ретін тағы таба алмайды. Ақырында жолдан тысқары жан басына 5 десятинадан жер кесіп берген. Қазақтар өздері қондырмаса, сол екі поселкаға берілген жерлер – даусыз қазақта қалатын жерлер.

Қостанай уезінде Меңдіғара волосында норма бойынша “излишке” жоқ еді. Оған да орыс займкаларын қазақтардың өздері түсірді, мысалы, Гребенкин займкасы оғайрилары. Оларға да жоғарғы екі поселка сияқты жер берілді.

Мінеки, біздің қазақтың ісі! Құты переселен чиновниктері: артығы жоқ, қалай аламыз деп қысылып, қызаратын жерлерден қазақтар ұялмай, қызармай, жер сатып отыр. Осыны істеп отырып, жеріміз аз, мұжыққа берерлік артық жер жоқ деп, ұялмай, қызармай, дауласпақшы. Ол дауды кім тыңдамақшы? Қазақтың ондай дауын тыңдар еді, қазақ арыз ететін мекемелер қазақтың жоғарыда айтылған сырларын білмесе. Оны білмейді деп айта алармыз ба, осы хабарлардың бәрін сол мекемелерден алып отырып?

Бұлардың бәрі өткен іс. Енді оларды түзету болмайтын жұмыс. Болары болып, бояуы сіңіп қалды. Бұларды қопарып жазып отырғандағы мақсат: өткен істің қатесін байқап, ілгері істерге істемесін деген. Қазақ көшпелі нормамен болсын, отырықшы нормамен болсын – қайсысымен жер алса да, бұрынғыдай кеңшілік болмайды. Кең жердегі әдетін тар жерге де істеп, сатудан тыйылмаса, қазақтың күні қараң: жерден айрылады. Кең жердегі әдетін тар жерге істегенін жоғарғы екі поселка турасында айтып өттік. Онан да сорақы істі тағы естіп отырмыз. Ақтөбе уезінің Борлы болысының 8-ші аулының қазағы Бакеш Дүйсенбай баласының 15 десятинадан алған жерден арендаға жер сатқанын төменде газетаға жазып отырмыз. Жер сатып әдеттенген бір Дүйсенбай баласы емес, неше мың Дүйсенбай балалары бар шығар. Бәрі де әдетін тастамай, нормамен өлшеп берген жерге де істей бастаса, қазақ жерден айрылмай, кім айрылады? Артығы жоқ тар жерге орнаған орыстарды көшірмей, сол жерден жер кесіп берген жайын жоғарыда сөйледік қой. Өздерің шақырып қондырған орыстарға ортаңнан ойып, өлшеп алған жерлеріңнен жер кесіп бересің. Бір жағынан, 15 десятина аз, онымен күн көре алмаймыз деп, зарлап жатып, бір жағынан 15 десятина көп деп, артығын сатып жатса, 15 десятина көп екен деп, оны да кемітер. Ол кеміткен жерді қазақ тағы сатар. Солай болған соң, қазақ жері қалай өзінде қалар?

Қазақ жері өзінде қалуға жол тауып бермейсіндер деп өкпелейтіндер жұртты айтқанымызға көндіріп отырып өкпелесе екен. Біз көрген – білгенімізді аяп қалмай, халыққа айтамыз, оған құлақ салмай жұрт өз білімінше істесе, оған біз не істерміз. Қазақ пен мұжық бірігіп іс қылғанда, Колпаковский бұйрығы да далада қалған. Осы күнгі қазақ жеріне келіп орналасып жатқан мұжықтарды хукімет келтірмеске бұйрық шығарса, бәрін болмаса да, көбін қазақтың өзі шақырып қоныс берер еді. Өйткені мұжықтарға жер керек. Қазақтарға еңбексіз тегін табылған мал керек. Екі жақтың керегі бір жерден табыған соң, қазаққа мұжық қоңсы қонбай тұрар ма?

Әркім жалғыз өзім демей, өзгелер жайын да ойлап, пейілін кеңге салып іс етпесе, жұрт жұмысы түзелмейді. Жұрт пайдасын

аяғына басып, бетімен жайылатындарын қайырып, үйірге кіргізіп отырмаса, бір қойдың қотыры мың қйоға жұққан сияқты, бір адамның кесірі мың адамға тимекші.

1913 ж.

Қазақ прозасы: Хрестоматия. – Алматы:
Ғылым, 2001. - 468-471 б.

5 МЫҢ ДЕСЕТИНА ЖЕР

Россияда құрт ауруға қарсы қару ететін жамият (общество) бар. Құрт ауруларды дала қымызымен емдеу үшін қазақ жерінен қымызхана ашпақшы болған. Қымызханаға керек 5 мың десетина жерді үкімет тарапынан сұрап алмақшы болған. Бұ алатын жері Бершөгір станциясының қасындағы Ырғыз уезінің Шеңгел болысының қарамағындағы қазақтар пайдасындағы жер. Өткен жаз землемер шығып, жерді өлшеп, бороздасын тартып алуға әбден даярлап қойса керек. Бұл бес мың десетина жерде 13 үйдің қыстауы бар, басқа қазақтардың жайлауы бар. Ол қазақтар жерін алғанына разы ма, жоқ па? Беймағлұм. Бұл жер мұжықтарға алынған сықылды зорлықпен алынып жатқан шығар. Қазақтың жерін басқалар талап алып жатыр деп біздің де талау жолымен алғаныммыз лайықсыз. Басқалардан қазақтың жері жылдан-жылға тартылып жатқанда біз де бір жағынан жырмалап жер аламыз дегеніміз жарамайды деп жамияттың кейбір ағзалары қазақ жерін алуды мақұл көрмеген. Бұл мақұл көрмеген жағы Мәскеудегі жамияттың бас советіне қазақ жерін алу лайық еместігін білдірген. Жерді алу-алмасы талас болған соң қай жағының сөзі дұрыс екендігін ашу үшін Мәскеудегі бас совет тарапынан Орынборға бір адам келген. Осы марттың алтысында Орынбордағы ағзалардың жиылысы болады. Ішінде Мәскеуден келген адам да болды. Осы жер туралы сөз болатын болған соң мен де барып едім. 5 мың десетинаны алу-алмас турасында көп сөздер сөйленді. Біреулері бұл жерді алу керек, мұнан қазаққа пайда болмаса зарар жоқ деді. Біреулері: “алмасқа керек. Қазақтың іске асатын жақсы жерлерін мұжыққа беріп құртып жатыр, оның үстіне біз сықылды жамияттар келіп тағы алса, қазаққа не қалады?” деді. Ақырында көптің пікірі жерді алуға айналды. Мәскеуден келген адам бұлардың сөзін тыңдап болып айтты: Сіздердің пікірлеріңізді естіп болдым. Майдың 13-інде бұл турасында айтылған пікірді Мәскеу Советінің жиылысына саламын. Мен жалғыз-ақ біле алмай тұрғаным бұл жер турасында қазақ пікірлері. Жері алынатын қазақтардың пікірін білсем екен деді. Орынборда “Қазақ” газетасы бар екен, сол арқылы сұрап білуге болмас па еді. Газета арқылы сұрау керектігін мен де қуаттап, қазақтардан сұрап, олардың газетамызға жіберген пікірлерін Мәскеу советіне жеткізу міндетін мойныма алдым.

13 майға шейін бұл турасындағы пікірлер Мәскеу правлениесіне даяр болып тұрарға керек. Сонда қаралып, әркімнің пікірі сыналып, жерді алар, алмас мәселе бекіп тәмәм болады.

Енді біздің өтінетініміз: Сол Бершөгір станциясының жанындағы алуға ыңғайлап қойған жерде 13 үйдің қыстауы болса, қыстап һәм жайлап отырған қазақтар сол жерді алуға разы ма, жоқ па, осыны солар бізге білдірсе екен. Білдіргенде сенімді һәм қуатты болуы үшін 13 үйдің адамдары тегіс қол қойып я таңбаларын салып, ауылнай, би яки болыс сықылды адамдардың бірі мөрін басып жіберсе екен. Және де пікірлерін жіберетін адамдардың есіне салатындарымыз мынау: Бұл қымызхана салынғанда қазаққа болатын пайдасы қанша, зарары қанша екенін салыстырып, өлшеп, жерді беру-бермес пікірді соған тіреп айтарға керек.

Пайдасы, зарары қанша екенін мұнан байқауға болады. Қымызхана жүз ауруға шамаланып жасалады. Олай болғанда жүз аурулы адам қымыз ішіп жатуы ықтимал.

Жүз ауруды бағатын доктор, фелдшерлері болмақшы. Ол қымызхана үйлерін жуып, тазартып тұратын жұмыскерлер болмақшы. Ауруларға һәм оларды бағатындарға қымыз керек. Ет керек. Олардың бәрін қазақтан алмақшы. Олай болғанда биесі барлар 5 мың десетина жерге биесін бағып, сүтін сатпақшы. Қой-қозысы барлар қойын сатпақшы. Малы жоқтар жұмыскер болып жалданып мал таппақшы. Бұл кәсіп жағынан қазаққа боларлық пайдасы. Мұнан басқа пайдасы болуға ықтимал: Жақын жердегі қазақтардың ауруларына; құрт аурулы адамдарға жақын жерден дәрігерлер табылып тұрмақшы. Мұның бәрі пайдалы жағы.

Енді зарарлы жағын алалық. Қазаққа мұнан зарар болады: Егерде қыстауы бар қазақтардың қыстап отырған жері жақсы, шаруаға қолайлы болып, көшіргендегі алатын жері бұрынғы жерінен төмен болса; Екінші – бұған кететін жайлаулық жерлер – суы тұщы, шөбі мол жайлауға қымбат жер болса һәм оны жайлап жүрген елдердің мұнан басқа қолайлы жайлаулары болмаса; Үшінші – ақша табуға қызығып, құлындарын қатырып, биелерін жұтатып қысты күні қырып алып жүрсе. Мұнан басқа қандай зарары болар қазақтың өздері шамалап білер. Біз сыртан караған боларлық зарарларын һәм пайдасын айтамыз.

Және де айтатынымыз: Бұл жер басқа осындай нәрселерге болмаса, мұжыққа алынбайтын жер. Қазақ разы болмаса, жоғарыда айтылған, жамиғат халықты ренжітіп зорлықпен жер алмайды. Бұл жамиғаттың ішінде сендердің ырзалығыңды керек қылатын адамдар көп.

“Қазақ” газеті. – Алматы: “Қазақ энцикл.”
Бас редакциясы, 1998. – 29-30 б.

... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашанда тарих бетінде тұрады..

Қирабаев Серік

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ –
КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ
ҚАЙРАТКЕРІ, ҒАЛЫМ,
АҒАРТУШЫ**

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АСА ІРІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, ақын, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері... Бір сөзбен айтқанда, “сегіз қырлы, бір сырлы” адам. Ахмет Байтұрсынұлының сан қырлы қасиеттерінің бірі оның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады.

Осы күнге дейін А. Байтұрсынұлының аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері, айналы саясаткер ретіндегі қызметі туралы жеткіліксіз айтылып, аз жазылып келеді. Оның басты себебі, Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық демократиялық Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі, Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құрудың бастау көзінде тұрған айтулы тұлғалардың бірегейі болғандығына ғана байланысты емес еді. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде Ахмет Байтұрсынұлы – біраз бұлтарысы бар күрделі жолдан өткен адам. Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі болған ол 1918-1919 жылдары Кеңес өкіметіне қарсы саяси күштермен одақтас болып, Қазақстанда большевизмге қарсы күресумен шектелмей, бұл күрестің барысында күш салмағы қарсылыстар жағына ауа бастаған 1919 жылдың көктемінде Алаш басшылығының келісімімен Кеңес өкіметі жағына шыққан; В. Лениннің ұйғаруымен Ахмет Байтұрсынұлы 1919 жылы жазда құрылған Қазақ өлкесін басқару жөніндегі жоғары кеңестік ұйым – Қазақ революциялық комитетіне мүше болып тағайындалып, 1920 жылы қазан айында құрылған Ресей құрамындағы автономиялы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының (ҚАЗКСР) үкімет мүшесі – Оқу-ағарту комиссары болып сайланған. Басқа сөзбен айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш қозғалысы аясындағы қоғам қайраткері ғана емес, кеңестік Қазақстанның алғашқы жылдарында жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтер атқарған адам. Ахмет Байтұрсынұлы өткен осындай күрделі жол оның қайраткерлік сан қырлы және саясаткерлік қызметін зерттеушілер үшін айтарлықтай қиыншылықтар тудырды. Солай болғанына карамастан, Ахмет Байтұрсынұлы мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасамасын (алаштық жүйе ме, әлде кеңестік жүйе ме – бәрібір), ол бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді таңдап алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді.

Ахмет Байтұрсынұлы азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Ресей империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді. Осыған орай патша үкіметінің әкімшіліктері

тарапынан халықты әлеуметтік-саяси тұрғыдан езу, оның жекелеген намысқой өкілдерін жәбірлеу мен қорлау жаппай орын алды. Мұны Байтұрсыновтар әулеті де бастан кешірді. XIX ғасырдың сексенінші жылдарында Торғай уезінің бастығы Яковлев Ахметтің әкесі Байтұрсынды өз ауылында жәбірлеп, қорлағаны үшін Байтұрсын оны соққыға жыққан. Сол үшін ол ұзақ мерзімге Сібірге жер аударылған. Бала Ахмет осындай озбырлықтың талайын көріп, тез есейген.

Азамат болып есейіп, Қарқаралы қаласында екі класты училищенің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген Ахметтің өзі де полиция тыңшыларының жаласымен 1909 жылы Семей абақтысына жабылып, 8-9 айдай түрменің дәм-тұзын татқан. Осындай оқиғалар тізбегі жігіт Ахметтің қоғамдық-саяси күреске ертерек араласуына түрткі болған.

Ал патша үкіметі болса, уақыт өткен сайын кең көлемді отарлау саясатын жүргізуді күшейте түсті. Ол қазақ халқы мекендеген жерді мемлекет меншігі деп жариялап, сулы да нулы аймақтарды Қазақстанға қоныс аудару қорына, казак (казачество) әскерлерін орналастыру қажеттеріне, патша әулетінің жеке меншігіне және басқа мақсаттарға пайдалану үшін күштеп тартып алып отырды. Қазақ халқы отарлық езгіні әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес, рухани салада да (тіл, дін, діл мәселелерінде) бірдей көтерді.

Сондықтан да қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал ең алдымен аграрлық және ұлттық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленеді.

Осындай жағдайда XX ғасыр басында өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси қозғалыс өз алдына әуел баста жалпы ұлттық-демократиялық мақсат-мәндеттерді қойды. Бұл істің басы-қасында екі ғасыр тоғысында қалыптасқан қазақ зиялылары болды. Олардың Әлихан Бөкейханов басқарған көпшілігі қазақ халқының жалпы ұлттық мүдделерін білдіретін қоғамдық саяси ұйымдар құрып, солар арқылы өлкедегі буржуазиялық-демократиялық сипаттағы қоғамдық қозғалысты басқаруға талпынды. Солардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлы да болды.

Ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп, шешуде мерзімді баспасөздің атқарар қызметінің маңыздылығын Ахмет Байтұрсынұлы жақсы түсінді. Сондықтан да ол шын мәніндегі жалпыұлттық газет шығару ісіне көп күш жұмсады. Әлихан Бөкейхановтың бағыт беруімен, Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен, Міржақып Дулатовтың қосшылығымен, озық ойлы, халық қамын ойлаған жекелеген дәулетті адамдардың демеушілігімен 1913 жылдан бастап Орынборда жалпыұлттық биресмилік “Қазақ” газеті

шыға бастады. Оның бірінші санында жарияланған оқырмандарға арналған мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы газетті “халықтың көзі, құлағы ыәм тілі” деп анықтай келіп, “жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады”, - деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын, саяси маңызын барынша айқындап берді. Ахаң редакторлық еткен “Қазақ” газетінің төңірегіне топтасқан білімпаз азаматтар оның беттерінде жарияланған жер, ұлт мәселесі, оқу-ағарту ісі, мемлекеттік құрылыс сияқты маңызды мәселелер жөніндегі мақалалары арқылы, кейде ашық айтылған пікірлері арқылы патша үкіметінің отарлық саясатын сынап, оған демократиялық мазмұндағы талаптар қоюмен қатар халықтың саяси санасын тәрбиелейді. Міржақыптың “Оян, қазағындағы”, Ахметтің “Масасындағы” ұлттық намысты қайрау, халық санасын ояту идеялары “Қазақтың” беттерінде нақтыландыра, өткірлендіріле түсті. Осы арқылы олар халық арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастырды.

Газет 1917 жылы шілде айында дүниеге келген ұлттық-демократиялық партияны дайындауда сан қырлы, салиқалы жұмыстар атқарды. Партия Россияда 1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі елде орын алған мүмкіндіктер жағдайында, 1917 жылғы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық бірінші съезде құрылды. Бұл партияға “Алаш” деген ат береді. Съезді шақыру мен оны өткізуде Ахмет Байтұрсынұлы үлкен белсенділік көрсетті. Ол съездің хатшылар тобын (құрамында М. Дулатов, Ә. Көтібаров, А. Сейітов бар) басқарып, оның маңызды құжаттарын жасауға жетекшілік етті. Съезд өткеннен кейінгі екі-үш ай бойы оның шешімдеріне сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы “Алаш” партиясы бағдарламасының жобасын жасау ісіне қатысты. Социалистік идеялары, оның ішінде большевизм мен оның ту етіп ұстаған Кеңес өкіметінің саясатын қабылдамаған “Алаш” қайраткері дайындаған бұл саяси құжат 10 баптан тұрды да, онда “Алаш” партиясының мемлекеттік құрылыс, жергілікті бостандық, жер, дін, сот, оқу-білім мәселелері жөніндегі мақсат-міндеттері тұжырымдалды. Олардың басым көпшілігі жаңадан орнап жатқан Кеңес өкіметінің айтылмыш мәселелеріндегі үрдістеріне қайшы келетін еді. Бұл жағдайды Ахмет Байтұрсынұлы кейінірек, 1919 жылы тамыз айында жариялаған “Қазақтар және революция” деген мақаласында былай негіздеді: “Қазақтарға Февраль революциясы қаншалықты түсінікті болса, Октябрь социалистік революциясы соншалықты түсініксіз көрінді... Екіншісінің түсініксіз болуын оп-оңай ұғындыруға болады: қазақтарда

капитализм де, таптық жіктелу де жоқ, тіпті жеке меншіктің өзін басқа халықтардағыдай айдар тағып ажырату қиын;... Қазақтардың күн көріс жағдайына... байланысты... оларға әзірше социалистік қоғамға деген мұқтаждық қажет болмай отыр”.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылы 5-17 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық екінші съезд жұмысына да белсенді түрде ат салысты. Съезд күн тәртібі Алаш партиясы программасы жобасының талаптарынан және орталықта социалистік революцияның жеңіске жетуіне байланысты орын алған қоғамдық саяси өзгерістерден туындады. Съезд талқылап, шешім қабылдаған 10 мәселенің ішіндегі ең маңыздылары бүкіл қазақ жерлерін біріктіретін Алаш автономиясын (қазақ мемлекеттігін) құру, оны басқаратын үкімет – Алашорданы сайлау және “халықтық милиция” аталған Алаш автономиясының қарулы күштерін жасақтау жөніндегі қабылдаған шешімдер болды.

Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуын Қазан төңкерісі мен большевиктік билік әкелген анархияға қарсы тосқауыл ретінде түсінген А. Байтұрсынұлы большевиктік үстемдіктің Қазақстандағы алғашқы қадамдарына мынадай баға берді: “Россияның орталық аудандарында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі қазақтарға белгісіз, шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлық өкімет билігімен қатар жүргізіледі... Егер бұрын патша чиновниктері аталған адамдар тобы қазақтарды ешбір шектеусіз езіп-жаншыған болса, енді мұндай әрекеттерді ... большевиктер-коммунистердің тобы жүргізіп отыр”.

Сондықтан да Алашорда Кеңес өкіметін мойындамай, 1918 жылғы жазда басталған азамат соғысы жағдайында оған қарсы ашық күреске шыққан күштермен одақтасты.

1919 жылдың басынан Қазақстандағы жауласушы күштердің арасалмағы Кеңес өкіметі мен Қызыл Армия жағына ауысуы Алашорданың жағдайын қиындатып жіберді. Сондықтан 1919 жылғы көктемде Алашорда, бір жағынан, Колчак үкіметімен байланысты түгелдей үзбей отырып, екінші жағынан, Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізуге мәжбүр болды. Бұл ретте Алаш басшылығы атынан емес, оның торғайлық тобының атынан жүргізілген жөн деп шешеді. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы алдымен Қазақстанның Далалық өлкесіндегі Кеңес үкіметінің комиссары Әліби Жангелдинмен байланыс орнатып, одан кейін Москваға барып, Ресей Федерациясының ұлт істері жөніндегі халық комиссары (министрі) И Сталинмен келіссөздер жүргізеді.

1919 жылы сәуір айында Торғай қаласында азамат соғысы жағдайында, қоғамның бір-біріне қарсы екіге бөлінуінің нәтижесінде Аманкелді Имановтың опат болуы Алашорданың торғайлық тобының Кеңес өкіметімен ымыраға келіп жақындасуын күрделендіріп жіберді. Саяси хал-ахуалдың дамуындағы осындай өзгерістер келіссөз жүргізу үшін Москваға барған А. Байтұрсынұлының жағдайын айтарлықтай қиындатты. Осыған қарамастан А. Байтұрсынұлы большевиктердің Алашордамен байланысқа барып, қазақ халқының тағдыры жөнінде келіссөздер жүргізу қажеттігін дәлелдеуге көп күш жұмсады. А. Байтұрсынұлының табандылығы аяқсыз қалған жоқ. Кеңес үкіметі қазақ халқының Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық мемлекеттігін ұйымдастыру ісін басқаратын орган құру туралы шешімге келді. 1919 жылы шілденің 10-ы күні В.И. Ленин “Қырғыз (қазақ авт.) өлкесін басқаратын революциялық комитет жөніндегі уақытша ережеге” қол қойды. Қазревкомның мүшелігіне алғашында А. Байтұрсынұлы, С. Меңдешев, С. Пестковский (төраға) енгізіліп, кейін әр кезде оның құрамында Б. Қаратаев, М. Тұнғаншин, Б. Қаралдин, Т. Седельников, Т. Әлібеков т.б. болды.

Қазревком төрағасының орынбасары және оның ішкі істер бөлімінің меңгерушісі болып сайланған А. Байтұрсынұлы көп кешікпей “Жизнь национальностей” газетінде жарияланған мақаласында (Москва) басқа мәселелермен қатар Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі жетекшілерінің саяси көзқарас ерекшеліктерін (ең алдымен өзінің) түсіндіретін тұжырымдар жасады. “Мен – осы жолдарды жазушы, - деді өз мақаласында А. Байтұрсынұлы, - патша үкіметі кезінде қазақтың ұлттық саясатын жүргізуді басқарған және патша үкіметіне қарсы күрескен қазақ интеллигенттерінің өкілімін... Алашордашылардың торғайлық тобының делегаты ретінде Орталық Советтік Россияға келіссөз жүргізуге келген мен... Колчак билігінен Совет өкіметін артығырақ көруіміз қате еместігін өз жолдастарыма айтып, оларды тыныштандырғым келеді”.

Ахмет Байтұрсынұлының Кеңес өкіметі жағына шығуын және оның Қазревкомның мүшелігіне тағайындалуын большевиктер айтарлықтай саяси науқанға айналдырып жіберді. Көп кешікпей (1920 жылғы сәуірде) ол Кеңес мемлекетінің сол кездегі белгілі әскери және саяси қызметкері М. Фрунзенің ұсынысымен Ресей коммунистік (большевиктер) партиясының мүшелігіне қабылданды. Осыған орай Орынборда шығып тұрған, большевиктік “Известия Киргизского (Казахского – авт.) края” атты газеттің сол жылғы сәуірдің 15 күнгі санында арнайы мақала жарияланып, онда Ахмет Байтұрсынұлы сияқты аса ірі “қайраткер және әдебиетшінің ...бейбіт ұлттық

либерализмнен Қазан революциясын және Совет өкіметін тануға дейін кезеңдерден өтіп ... халықаралық коммунизмге келуін ... партияның ірі жеңісі және оның қазақтар арасындағы ықпалының өсуінің жақсы көрінісі” деп бағалады. Ал Ахмет Байтұрсынұлы болса коммунистік партияға бір жылдай ғана мүше болған болатын.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінде сақталған Ахмет Байтұрсынұлының 1929 жылы маусымның 2-күні ОГПУ тергеушісіне берген жауабында осы жөнінде былай делінген: “Мен, - дейді ол, - партиядан 1921 жылғы тазалау барысында енжарлығым (пассивность) үшін шығып қалдым. Менің енжарлығым ғылыми жұмысқа тереңдей берілгендіктен және жалпы алғанда саясатқа аз көңіл аударғандығымнан көрінеді”.

А. Байтұрсынұлы дәл сол кезде кеңестік саясатты жүргізуге, өзі айтқандай, “аз көңіл аударғаны” рас болар. Алайда ол Кеңес өкіметі құрған Қазақ өлкесін басқаратын ревком төрағасының орынбасары, әрі оның жетекші ішкі істер бөлімнің басшысы ретінде Алаш партиясының кейбір бағдарламалық мақсаттарын мүмкіндігінше Кеңес өкіметінің атынан жүзеге асыруға және Алашорданың жетекші қайраткерлерін Кеңес өкіметі тарапынан төніп тұрған аса ауыр қатерден сақтап қалуға көп күш жұмсады. Бұл аса парасатты қоғамдық қайраткерге және ақылды да айлалы саясаткерге тән қасиет еді.

Сол кездегі Ахмет Байтұрсынұлы осы бағыттарда атқарған сан-салалы қызметтерінің ең маңыздылары: оның, біріншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының этникалық территориясының тұтастығы негізінде кеңестік формада болса да қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру үшін жүргізген айқасы, екіншіден, Алаш қозғалысының басшылары мен қатардағы мүшелеріне Кеңес өкіметі тарапынан кешірім (амнистия) жасату үшін жүргізген күресі болды.

Қазревкомның 1919 жылы 41, ал 1920 жылы 50 мәжілісі өтті. Қазір зерттеушілерге осы екі жылда өткен 91 мәжілістің 89-ның хаттамалары (протоколдары) белгілі, тек қана оның екеуі ғана осы кезге дейін табылған жоқ. Қолда бар Қазревком мәжілістерінің құжаттарына жүгінсек, Ахмет Байтұрсынұлының сол мәжілістерінің басым көпшілігінде баяндамалар жасағанына, жарыссөздерге қатынасқанына, ұсыныстар енгізгендігіне, қабылдайтын шешімдердің жобасын дайындағанына, ал жекелеген мәжілістерге төрағалық жасағандығына көзіміз жетеді. Бұл ретте баса айтатынымыз: Ахмет Байтұрсынұлы Қазревкомның мәжілістерінде көбінесе Ресей құрамында құрылуға тиісті Қазақ автономиялы Кеңестік Республиканың шекараларын анықтауға, оның әкімшілік-территориялық

құрылымын қалыптастыруға, оқу-ағарту және мерзімді баспасөз жүйесін реттеуге, ұлттық-демократиялық интеллигенция тағдырын шешуге арналған мәселелерді талқылау ісінде үлкен белсенділік көрсетіп, оларға байланысты ұлттық мақсат-мүдделерге сай келетін қарарлар мен заңдық мәні бар құжаттар қабылдауына ат салысты.

Бұл ретте оның сол кезде орталығы Омбы қаласында болған Сібір ревкомының құрамындағы Ақмола мен Семей облыстарын, Челябин губерниясына қараған Қостанай уезін, Түркістан АССР-нің құрамында болған Сырдария мен Жетісу облыстарын құрылуға тиісті Қазақ Республикасына қосу үшін жүргізген қажырлы да табынды күресін айтсақ та жеткілікті.

1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсынұлының инициативасымен Қазревкомның мәжілістерінде Алашорданың Кеңес өкіметі жағына шықпаған басқа топтарымен, ең алдымен оның Батыс бөлімімен байланыс жасау және оларға белгілі шарттармен кешірім (амнистия) жасау мәселелері сан рет көтерілді. Осы мәселелердегі А. Байтұрсынұлының табандылығы көп кешікпей өз нәтижесін берді. 1919 жылы қарашаның 4-інде Түркістан майданының Революциялық соғыс кеңесі “Совет өкіметіне қарсы тікелей және жанама түрде күрес жүргізіп келген барлық қазақтарға” толық кешірім жасау туралы қаулы қабылдады.

Ахмет Байтұрсынұлы Қазревком төрағасының орынбасары, әрі оның ішкі істер бөлімінің меңгерушісі ретінде 1920 жылғы 4-12 қазан күндері Орынбор қаласында өткен кеңестердің Бүкілқазақстандық құрылтай съезін шақыру және оның басты саяси құжаты “Қазақ АССР еңбекшілері праволарының декларациясын” дайындауға үлкен үлес қосты. Бұл съезде Ресей Федерациясының құрамындағы Қазақ Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасы құрылғаны белгілі. А. Байтұрсынұлы осы Республиканың үкіметі – Халық комиссарлар Кеңесінің құрамына өтіп, оқу-ағарту комиссары (министрі) болып сайланды, ол 1922 жылдан оқу-ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми орталықты басқарды. Сонымен қатар ол Бүкілроссиялық Орталық Атқару комитеті мен Қазақ Республикасы Орталық Атқару комитетіне мүше болды.

Аталмыш “Декларацияда” А. Байтұрсынұлының тікелей араласуымен халық ағарту, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне үлкен мән берілді, қазақ еңбекшілерінің тегін білім алу құқығы заң жүзінде бекітілді.

Республиканың оқу-ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынұлы жер-жерлерде осы комиссариаттың губерниялық, уездік, болыстық бөлімдерін ұйымдастырды. Жаңа мектептер жүйесін қалыптастырып,

олар үшін оқулықтар шығару ісімен тікелей араласуымен қатар, А. Байтұрсынұлы басқарған комиссариат мектеп жасынан асып кеткен ересектердің сауатын ашу мәселесіне ерекше көңіл аударды. Сонымен бірге Республика тұрғындарына эстетикалық тәрбие беру ісіне жетекшілік жасау үшін Халық ағарту комиссариаты жанынан өнер бөлімі ашылды. “Декларацияға” Ахаңның мақсаткерлік пен табандылық көрсетуі нәтижесінде мектептер мен баспа оқу орындары ғана емес, республиканың барлық мемлекеттік мекемелеріне өзінің ана тілін пайдалану құқығы берілді.

Оқу-ағарту комиссары болып тұрған кезінде А. Байтұрсынұлы мемлекеттік аппаратты, оның басқару жүйесін жергіліктендіру (коренизация) мәселесін ойластырып, осыған байланысты үкіметке енгізер ұсыныстарын дайындады. Ахаңның пайымдауынша, Кеңес өкіметінің аппаратын жоғарыдан төменге дейін жергіліктендірудің мәні – оның жұмысын қазақ тіліне аудару, билік пен басқару орындарының үлкенді-кішілі чиновниктерінің қызмет етуі міндетті түрде қазақ тілін меңгеруіне тікелей байланысты болуға тиіс еді. Бұл саладағы жұмыстар Ақаң мемлекеттік қызметтен тайдырылғаннан кейін бірер жыл кейін басталды да, көп кешікпей аяқсыз қалды...

Азамат соғысы Кеңестердің жеңісімен аяқталып, Кеңестік негіздегі Қазақ Автономиялы Республикасы құрылып, Алаш қозғалысы тарих сахнасынан күштеп кетірілген жағдайда оның басында болған ұлттық-демократиялық зиялы қауым кеңес өкіметімен коммунистік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, оның (күрестің) “бейбіт” жолдарын таңдады. Күрестің бұл жолын Ақаң олардың көбінен бұрын 1919 жылдың көктемінде таңдап алған еді...

20-шы жылдардың басында елде қалыптасқан жаңа саяси жағдайда Кеңес мемлекетін мекендеген түркі тілдес, мұсылман діндес халықтардың ұлттық-демократиялық интеллигенция көсемдері (Қазақстанда - Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Башқортстанда – Заки Валиди Тоған, Татарстанда – Мирсаид Сұлтанғалиев т.б.) халықты күннен-күнге күшейіп келе жатқан билеуші режимге қарсы қарулы күреске шақыру қажетсіз, тіпті зиянды деп санады. Сондықтан да Кеңес өкіметінің білімді, оқыған ұлттық кадрларға аса зәру екендігін ескере отырып, олар өз өкілдерін мемлекеттік басқару жүйеге енгізу және сол арқылы халыққа идеялық ықпал жасау, ұлттық мүдделерді қорғау құралдары ретінде оқу-ағарту, мерзімді баспасөз, ғылыми орталықтар, әр түрлі салалардағы баспа орындарын кеңінен пайдаланудың ауқымды шараларын 20-шы жылдардың алғашқы 8

жылында (өздері жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырай бастағанға дейін) жүзеге асырды.

Ахмет Байтұрсынұлы “Ғылыми және практикалық білімінің жиынтығын бойына сіңірген халық қана айбарлы да бай болады” деп санады (ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві).

20-шы жылдардың басында (1920-1923) А. Байтұрсынұлы, жоғарыда айтылғандай, Қазақстанның оқу-ағарту комиссары, Мұхтар Әуезов Қазақ Автономиялы Республикасының Орталық Атқару комитетінің саяси хатшысы, жекелеген мемлекеттік басқару жүйелерінде жауапты қызметтер атқарды. Осындай адамдардың ықпалымен Алаш қозғалысының мүшелері баспасөз, оқу-ағарту, ғылым, өнер жүйелерінде басшылық етіп, айтарлықтай лауазым иелері болды. Сонымен қатар олар ғылым, әдебиет, өнер салаларында шығармашылық жұмыспен шұғылданды.

Әлихан Бөкейхановтың Қазақстанда тұрып, қызмет атқаруына мүмкіндік болмай, Москваға ауып кеткен жағдайында Қазақстандағы күннен-күнге бел алып келе жатқан әкімшіл-әміршіл мемлекеттік билікке қарсы рухани күрес көсемінің ролін Ахмет Байтұрсынұлы атқарды. Осының нәтижесінде 1921-1928 жылдар аралығында А. Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқыш”, “23 жоқтау” (құрастырушы), Телжан Шонановтың “Қазақ жер мәселесі тарихы”, Қошке Кемеңгеровтың “Қазақ халқының тарихы”, Қ. Сәтбаев құрастырып, өзінің алғы сөзімен шығарған “Ер Едігенің” нұсқасы, М. Әуезовтің “Әдебиет тарихы”, “Қилы заманы” мен “Қараш-қарашы”, Х. Досмұхаметовтың “Аламаны” мен “Исатай-Махамбеті”, Мұхаметжан Тынышбаевтың тарихи зерттеулері т.б. жарық көріп, халық игілігіне айналды. Бұл еңбектердің басым көпшілігі 20-шы жылдардың ортасынан бастап елде тоталитарлық жүйенің күшеюіне орай ресми саясатта және әлеуметтік (коммунистік) тапсырыспен жазылған зерттеу-сымақтарда қазақтардың арғы – бергі тарихы мен мәдениетінің өзекті мәселелері, ең алдымен Қазақстанның Россияға қосылу тарихы, ұлт-азаттық қозғалыстар мәселесі, жер-су мен ұлттық мәдениет тарихы өрескел бұрмалауына қарсы бағытталған рухани күрестің жарқын көрінісі болды.

Егер 1917-1920 жылдар аралығында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай және олардың сенімді серіктері Кеңес өкіметіне сөзбен де, қарумен де қарсы шықса, 20-шы жылдары ұлттық-демократиялық қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынұлы бастаған серкелер тоталитарлық жүйеге қарсы рухани майданда бетпе-бет келді.

Енді сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе көш басында Ахмет Байтұрсынұлы бар бұрынғы алаш қозғалысының жетекшілерін, белсенді мүшелері мен жақтастарын “Кеңес өкіметіне жау”, “буржуазияшыл ұлтшылдар”, “террорлық әрекеттерді дайындаушылар” деген айыптар тағып, 1926 жылдан бастап түрмеге жапты, 1930 және 1932 жылғы екі сот процесінің үкімімен олар ұзақ мерзімдерге концлагерьге айдалды, басқа өлкелерге жер аударылды. Одан елге оралғандар 1937-1938 жылдардағы “үлкен террордың” құрбандары болды. Ахмет Байтұрсынұлы да алғашында ОГПУ, кейін НКВД жендеттерінің құрығына ілігіп, 1929 жылы тұтқындалып, 1930 жылы он жыл мерзімге концлагерьге кесіліп, ол жаза Солтүстік өлкеге (Архангельск болысына) жер аударылуымен алмастырылды. Одан 1934 жылы қазан айында елге оралған Ахаң үш жыл өткен соң, 1937 жылғы сегізінші қазан күні қайта ұсталды да, “халық жауы” деген жалған жазамен ату жазасына кесілді.

Халқымыздың ұлы перзенті, гуманитарлық және қоғамдық ғылымдардың әмбебап білгірі, әдебиет теоретигі, аса ірі түрколог ғалым, ақын, аудармашы, Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі, белгілі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы осындай қасіретпен аяқталды.

Бұл күндері туғанына 125 жыл толып отырған Ахаңның есімі халықтың зердесінде мәңгілік сақталады.

НҰРПЕЙІС К., Қазақстан Республикасы
Ұлттық Ғылым академиясының
корреспондент мүшесі

Ұлттық рухтың ұлы тіні. –
Алматы, 1999. – 144-155 б.

АХАҢНЫҢ ӘДЕБИ ҚИСЫНДАРЫ

Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы өзінің әйгілі “Әдебиет танытқышын” кітап қып бастырып шығарды. Бұл – біздің жыл санауымыздан үш жүз жиырма алты жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің атақты “Поэтикасы” тәрізді, сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу еді.

Егер Лессинг өзінің “Гамбург драматургиясында” Аристотель “Поэтикасын” мінсіздік тұрғысынан “Евклид элементтерімен” қатар қойған болса, біз бүгін Ахаңның “Әдебиет танытқышын” Аристотель “Поэтикасымен” салыстырар едік.

Мұның мәнісі – екеуі де: бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы “әліп-билері”. Асылы, үздік қасиеттері бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне соғұрлым ұқсас болады.

Мінсіздік дедік.

Мұның өзі уақыт пен кеңістікке тығыз байланысты тарихи категория: уақыт өтсе, кеңістік өзгерсе, бұл да адам танымастай өзгеріске ұшырайды.

Айталық, Эсхил трагедиясындағы мифтік құдайлар қырсықтан қырсыққа шалдығып, қырылып жатқанда, шетінен маңырай жылаған гректер Лукиан комедиясындағы өлімге жамырай күлген.

Тарихтың бұлай жылжу себебін Маркстен артық айту қиын: “Адам баласы өзінің өткенімен күліп қоштасып отырған”.

Мінсіздік дегенді де солай түсіну керек.

Мәселен, Аристотель өзінің Лессинге мінсіз көрінген “Поэтикасындағы” ұғым ыәм термин ретінде тарихта тұңғыш рет өзі қалыптастырған фабула дегеннің композициялық бүтіндігін былай түсіндіреді:

-Бүтіндік дегеніміз әр нәрсенің басы, ортасы, аяғы болуы. Басы - өзгеге ермейді, өзіне ертеді; ортасы - өзі де ереді, өзгені де ертеді; аяғы - өзі ереді де, өзгені ертпейді (Поэтика. 62 б.)

Ал Ахаң болса, біз тұңғыш қазақы теориялық трактат ретінде бағалап отырған өзінің “Әдебиет танытқышында” терменің жанрлық ерекшелігін былай сипаттайды: “Терме деп ат қойылуының мәнісі – бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп сөз қылып өтеді. Көп нәрсені сөз қылғанда, әрқайсысына айналып, баяндап жатпайды. Түрлі шөптің басын шалып оттап, тоқтамастан желге қарай тартып бара жатқан мал сияқты” (Шығармалары. 245 – б.).

Ал енді бар ма, Аристотель мен Ахаңның өз мезгілі мен мекенінде “мінсіз” көрінген осы қисындары мен қағидалары әдебиет туралы ғылымның біршама шарықтап өскен бүгінгі деңгейінен қарағанда, шынын айтсақ, сын көтермейді.

Онда қалайша мінсіз? Гәп осы арада.

Бүгінде бізде – ана тілімізде әдебиет теориясы жасалды. Қазақ әдебиеттануын үш саладан - әдебиет тарихынан, әдебиет сынынан, әдебиет теориясынан тұрады десек, бұл үш сала да қазір тек өз дәрежемізде ғана емес, өзге де кәдімгі өркениетті елдер деңгейінде өрістеп-дамып отыр.

Демек, күні кешеге дейін кешең қалып келген әдебиет теориясы да бізге туған әдебиетіміздің тарихы мен сыны секілді бүтінделді. Әлгі бір Аристотель қалыптастырған ұғыммен тұжырар болсақ, бұл ғылым да бүтін: мұның да “басы, ортасы, аяғы” бар. Басы – жиырманшы жылдарда туған Ахмет Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқышы”, ортасы – қыркыншы жылдарға таяу басылып шыққан Қажым Жұмалиевтің “Әдебие теориясы” мен Есмағамбет Ысмайловтың “Әдебиет теориясының мәселелері”; аяғы – алпысыншы жылдардың ақырына таман жазылып бітіп, жарық көрген Зейнолла Қабдоловтың “Әдебиет теориясының негіздері” (“Сөз өнері”). Сәкен Сейфуллиннің сөзімен айтқанда, “қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жақтаған” ардагер Ахаңның араға алпыс жыл салып оралуы ағартушы – ақын – ойшыл – оқымысты ретіндегі өзге қырларын өз алдына қойғанда, біздің әдебиет туралы ғылымызды, оның теориясын осылай бүтіндеді.

Туған топырағымыздағы әдебиет теориясының басы болып табылатын “Әдебиет танытқыштың” айта қалғандай қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы осы арада жатыр.

Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік...

Мәселен, айшықтаудың (фигураның) арнау деген бір түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді. Үлгілері төмендегідей.

2. Сұрай арнау:
Желі толған сар түйе,
Ағажан, кімге тапсырдың?
Қора толған ақты қой,
Ай көке, кімге тапсырдың?
Тоғай толған мың жылқы,
Күн көке, кімге тапсырдың?
Тоқсанда әкең Тоқтарбай,
Жан көке, кімге тапсырдың?
Алпыста шешең Аналық,
Бірге туған мен зарлық,
Ақ көке, кімге тапсырдың?

(“Қобыланды батыр”)

2. Зарлай арнау:
Сауықшыл есіл, елім-ай,
Сарыарқа сайран, жерім-ай!
Күмістей таза суы бар
Айдын шалқар, көлім-ай!

(Мағжан Жұмабаев)

3. Жарлай арнау:

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Тілемей-ақ табылар.

(Ыбырай Алтынсарин)

Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайлов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық...

Бұл – бұл ма? Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің “Ахаң түрлеген ана тілі” дейтін әлдидің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы.

Демек, “Әдебиет танытқыштың” ең басты бағалылығы – осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы.

Әрине, бәрі бірдей әдебиет теориясына тұлға боп орныға беруі қиын. Мысалы, “Өрнекті сөйлемдер” деген тараудағы: а) себепті оралым, б) мақсатты оралым, в) ұқсатпалы оралым, г) қайшы оралым, д) шартты оралым, е) жалғасыңқы оралым, ж) серіппелі оралым, з) айырықты оралым дегендер әдебиеттанудан гөрі тіл біліміне тікелей қатысты орамдар. Осындай тұстарда Ахаңның әдебиетшілдігінен гөрі лингвистігі басым шыға береді.

Ахаң ә дегеннен өнер атаулыны тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері, көркемдік үшін жұмсалатын көрнек өнері деп екіге айырып алады да, соңғысын бес түрге бөледі: сәулет өнері (архитектура), сымбат өнері (скульптура), кескін өнері (живопись), әуез өнері (музыка), сөз өнері (әдебиет). Бұлар - әдебиет теориясының дәл бүгінгі биігіне шырқап, шалқып шығатын шынайы ұғымдар. Бірақ, мұның есесіне, “Дарынды сөз” тарауындағы әуезе – эпостың, толғау – лириканың, айтыс – драманың бүгінгі теориялық деңгейіндегі баламдары болады деу қиын.

Затында Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн. Дәлірек айтқанда, Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау керек, талғау керек, сөйтіп барып талдау керек. Ахаңнан қалған атаулар сонда ғана екшеледі, іріктеледі, сұрыпталады. Мәселен, “Шешен сөз” бен “Көсем сөз” дегендерді алып қарайық.

“Бұлардың айырмасы – шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазбаша айтылады”, - дейді де, Ахаң “шешен сөзді” бес мүшеге бөледі: 1) бастамасы, 2) ұсынбасы, 3) мазмұндамасы, 4) қыздырмасы, 5) қорытпасы.

Мұның бәрі, әрине, стандарт – қолдан қалып қиып, канон жасау. Ал қолдан “қалып” ұсынылған жердегі қисын қисық, қағида қасаң болатыны мәлім.

Жә, енді Ахаңның “Көсем сөз” деп отырғаны не? Бұл – публицистикаға алған баламы. Мұны қабылдауға әбден болады.

Публицистика – көсем сөз! Әдемі емес пе?

Бұдан әрі Ахаң қазақ өлеңінің құрылысын, қазақ әдебиетінің (фольклордан бергі) ұзақ тарихын шолуға көшеді.

Мұның өзі бір қарағанда әдебиет туралы ғылымның екі саласын (тарихы мен теориясын) қосып, қойыртпақтап жібергендей көрінеді. Бірақ байыбына барынқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің “Әдебиет танытқышын” тағы да сөз өнерінің әсем әліппесіне айналдырады.

Бұл бөлімнің ең бір құнды жері - әдебиеттің Аристотель белгілеген негізгі үш тегін, яки жанрын (эпос, лирика, драма) грек тілінен түп-түгел қазақ тіліне ауыстырып алады да, әр жанрдың жанрлық түрлерін өзіміздің төл әдебиетімізден іздейді. Мысалы, лириканың алғашқы үлгілерін қазақтың сонау тұрмыс-салт жырларынан іздеп табады. Сонда, ең жеңілі, жоқтау – эпитафияға, мақтау – одаға, даттау – сатираға балама боп шыға келеді. Дәл осы ретпен әдебиеттің үшінші тегін Аристотельше “драма” деп емес, Ахаңша “айтыс-тартыс” деп алады да, осы жанрдың жанрлық түрлерін, айталық, трагедияны – мерт, яки әлекті тартыс, драманы – сергелдең, яки азапты тартыс, комедияны – арамтер, яки әурешілік деп атайды.

Сөйтіп, Ахаң әдебиет теориясының негіздерін қазақтар ортасына осылай әкеліп орнықтырып, әдебиет теориясына айрықша ұлттық сипат дарытудың жолын, әдісі мен амалын, міне, осылай іздеді.

Қорыта айтарымыз: Ахмет Байтұрсынұлы өзінің “Әдебиет танытқышы” арқылы қазақтың таза ұлттық топырағына егіп-өсіріп, жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін Ахаңша есіліп, Ахаңша көсіліп бір толғап берді. Бұл – сөз өнерінің басы, “әліп-биі”. Өйткені сөз өнерінің тек ұлттық қана емес, күллі адамбаласылық ұлы проблемалары әдебиеттің болмыс-бітімін белгілеумен ғана шектелмейді, бұдан әрі біріне-бірі тұтасып, әдеби шығарманың сыры мен сипатын парықтау, ақыр-аяғында әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жатыр. Бұларды жүзеге асыру жолын “Сөз өнерінде” былай белгілейміз: әдебиеттің теориялық мәселелерін бірыңғай қисынға ғана айналдырып, оны әлдебір қасаң ереже, кейде тіпті қатал заң ретінде ұсынбай, теориялық толғамдарымызды жазушылық шеберлік мәселесімен, қажет жағдайда қаламгерлік өнердің қиын иірімдерімен ұштастыра, көркем творчествоның психологиясымен байланыстыра жүйелеп отыруымыз керек.

Бұл міндетті Ахаң өзінен кейінгілердің үлесіне қалдырып кетті.

ҚАБДОЛОВ Зейнолла, Қазақстан Республикасы
Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы, 1999. – 121-127 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Кезінде Ахмет Байтұрсыновтың өмірін баяндаушылардың мәліметіне және өз қолымен жазған шағын өмірбаянына қарағанда, үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдығында ол Қарқаралыда қызмет еткен. Мұнда ол патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы революциялық қозғалысқа белсене қатысады, сол үшін А. Байтұрсыновты 1909 жылы 1 июльде жандармдар ұстап, Семей түрмесіне қамайды. Түрмеде ешбір жауапсыз-тексерусіз 8 ай бойы отырады да, 1910 жылдың 21 февралінде екі жылға туған жері топырағынан шет аймаққа жер аударылады. Сол кезеңде Қазақ өлкесіне кірмейтін Орынборға 1910 жылдың 9 мартында келіп, Ұлы Октябрь революциясына дейін сонда тұрады. Әрине, мұнда ол қарап отырмайды. Халыққа қызмет ету, отаршылдық саясатына қарсы күресу сияқты өзінің алдына қойған мақсатымен қазақ қоғамының рухани-мәдени даму тарихында елеулі орын алған істерге кіріседі. Уфадағы “Ғалия” медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының инициативасымен елден қаржы жиналып, 1913 жылы “Қазақ” атты бейресми газет шығару ұйғарылдады. Газеттің әдеби редакторлығына А. Байтұрсыновты қалайды. Сөйтіп, бұл органның редакторы болып А. Байтұрсынов 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін қызмет атқарады.

“Қазақ” газеті осы күнге дейін ұлтшыл-буржуазияшыл орган деп саналып келе жатқандығы мәлім. Бес жылдай (газет 1918 жылға дейін шығып тұрған) уақыт өз қаражатымен, сол кезең үшін өте үлкен тиражбен (8000 дана) шығып тұрған газет ең алдымен қазақ халқының ұлттық азаттығы мен мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күрескен және ең негізгісі – қазақ қоғамы мүдделерін көздейтін проблемалар көтеріп, оларға әлеуметтік үн бере білген орган болды. Тұңғыш жарияланған нөмерінде өзінің көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыты жөнінде былай деп жазды: “Бұл газетаның мақсұты – жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсұттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная дума Һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі Һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу; оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету; адам Һәм мал дәрігерлігі жайынан жазу” (“Қазақ”, № 1, 1913, 2 февраль).

Патша үкіметінің Россия империясы қол астындағы халықтарға қатысты саясатына, әкімшілік тәртіптеріне қарсы пікір айтып, шындықты көрсеткені үшін жергілікті үкімет орындары тарапынан газетке бірнеше рет штраф салынады, редакторы түрмеге жабылады. Әрине, бұл тегін емес, “Қазақ” газеті бұл күнде мұқият зерттеуді қажет етеді. Осы кезге дейін оның бетіндегі материалдарды толық қарап, бұлардың сол кезеңдегі қазақ қоғамы үшін мәнді-мәнсізін, ұстаған бағыт-бағдарын айқын ажыратқан ешкім жоқ. Революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің тарихын зерттеушілердің бірде-біреуі бұл газетті кеңінен сөз етпей келеді. Редакторы “қып-қызыл алашордашыл”, “нағыз халық жауы” болып танылып келген Ахмет Байтұрсынов болған соң, “Қазақ” газеті ұлтшыл, буржуазияшыл, либералшыл орган, алашордашылардың рупоры болды деп бір кездерде жапылама пішіліп, шолақ қайрылған пікір орын алып келеді. Әрине, бұл газет өзінің бес жылдық өмірінің ішінде бастан-аяқ біркелкі бағытта болмағандығы, оның беттерінде бүгінгі идеологиялық талап тұрғысынан қарағанда әрдайым прогрессивтік, демократтық бола бермеген сәттерінің орын алуы әбден заңды, бірақ әр нәрсені, әр құбылысты қазіргі өлшеммен емес, өз кезеңіндегі мән-маңызына қарап бағалау керектігін марксизм-ленинизм қағидаларынан білеміз. Оның үстіне, тілі мен стилі жағынан бұл газет революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің ішінде ең бір жақсы, жатық, қазақ әдеби тілінің нормаларын таза сақтап отырған, қазақ публицистикасы стилінің жақсы үлгілерінің бірі. Бұл да зерттеуді қажет етеді.

Ахмет Байтұрсынов 1917 жылдың соңында газеттен кетіп, осы кезден бастап 1919 жылдың мартына дейін “Алаш” партиясының жұмысына араласады. “Алаш” – 1917 жылдың орта тұсында ұйымдасып, 1920 жылдың орта шенінде тараған ұйым болатын. Ұлттық ұсақ-буржуазиялық идеологияны негізге алған бұл партияның алғашқы кезеңдегі платформасы ұлттық даму, ұлттық тең праволылық үшін күрес болса, бұл идея сол теңдікке оқу-білім арқылы, халықтың мәдениетін көтеру арқылы жетуге болады деп танып, осы майданда ширек ғасырдай аянбай тер төгіп, еңбек етіп келе жатқан Байтұрсыновты елеңдетпей тұра алмады. Жалғыз Байтұрсынов емес, сол тұстағы көзі ашық, саналы қазақ зиялыларының көпшілігінің “Алаш” партиясына топтасуының субъективтікпен қатар объективтік мотивтерін дұрыс тауып, оны қоғамның даму заңдылықтарымен ұштастырып тану (таныту) керек сияқты.

А. Байтұрсынов “Алаш” партиясын қолдады, идеологиялық басшыларының бірі болды, осы партия құрған “Алашорда” үкіметінің

мүшесі болды. “Алашқа” қызмет ете жүріп, ол өзге партиялардың да көздейтін мақсаттарына үңіледі, оны қазақ халқы үшін қайсысының программасы қолайлы деген ой толғандырады. “Алаш” партиясының Октябрь революциясынан кейінгі ұстаған автономияшыл-ұлтшыл платформасы қазақ қоғамының әрі қарайғы дамуына қол емес екенін түсінеді. Сондықтан ол 1919 жылдың март айынан бастап өз қалауымен совет өкіметі жағына шығады да, бірден жауапты мемлекеттік істерге араласады. Оның мұндай шешімге келіп, совет өкіметіне адал қызмет етіп кетуіне Әліби Жангелдин де үлкен себепкер болған. Бұлардың 1918-1919 жылдары идеологиялық қарсыластар болып келгені мәлім. Тіпті Ә. Жангелдин Байтұрсыновты қамау керек дегенге шейін барған: А. Байтұрсынов та қарап қалмаған. Баспасөз бетінде Әліби Жангелдинге, оның істері мен идеяларына қарсы пікірлер білдірген. Сөйте тұра, А. Байтұрсыновтың үлкен білімді, саналы әрі қазақ жұртшылығына беделі зор адам екенін жақсы таныған Ә. Жангелдин оның совет жағына шығу ниетін бірден қабылдайды, тіпті Қазақ өлкесін басқаратын мемлекеттік органның құрамына енгіздіреді. Ол былай еді. 1919 жылдың 24 июнінде РСФСР Халық Комиссарлар Советінің қаулысы шығады. Ол қаулы Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитет құру және оның председатели мен мүшелерін тағайындау туралы болатын. Бұл Комитеттің председатели болып С.С. Пестковский, мүшелері болып Сейітқали Меңдешев, Бақытжан Қаратаев, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамедияр Тұнғашин, В.Л. Лукашев, Әліби Жангелдин тағайындалады. Қаулыға В.И. Ленин қол қойды. Сөйтіп, А. Байтұрсынов совет үкіметі тұсындағы мемлекет қайраткері ретіндегі қызметін В.И. Лениннің мандатымен бастайды. Комитеттің шаруасымен В.И. Лениннің алдында болып, жүзбе-жүз сөйлеседі. Қазақ өлкесінің саяси және экономикалық жай-жапсарын баяндайды, ағартушылық жұмыстарындағы қиыншылықтарды айтады. Владимир Ильич председатель Пестковский екеуін жақсы қабылдап, сөздерін тыңдайды, өлкені басқару жөнінде бірнеше нұсқаулар жасау керектігін, оларды қазақ тіліне аударып және граммофон пластинкаларына жазып халық арасына тарату қажеттігін айтады (қара: В.И. Ленин о Казахстане. Алма-Ата, 1982, 313 – бет).

А. Байтұрсыновтың мұндай іске араласуына және бір фактор үлкен себепкер болды. Ол – “Алаш” партиясы мен “Алашорда” үкіметінің бұрынғы басшылары мен мүшелеріне совет үкіметінің 1919 жылғы 4 апрельде жариялаған амнистиясы. Бұл амнистия В.И. Ленин өлгенше, одан кейін де екі-үш жылдай күшінде болып, қазақ интеллигенциясының көптеген өкілдерінің совет мекемелері мен

басшы органдарында адал қызмет етулеріне мүмкіндік берді. Тіпті А. Байтұрсынов сияқты қайраткерлердің большевиктер партиясы қатарына кіруіне жол ашты.

А. Байтұрсынов осы амнистиядан дәл бір жыл кейін, 1920 жылдың 4 апрельде РКП-ның Орынбор Комитетінің атына Россия Коммунистік партиясы қатарына алуды өтінген арыз береді. Арыз иесі осы партияға адал қызмет етемін деген қысқа қайырылатын өтінішті ғана айтып қоймайды, бес пунт етіп коммунист партиясының сол тұстағы программасының қазақ халқын езгіден, әлеуметтік-экономикалық дамуда артта қалушылықтан, қараңғылықтан азат етудегі маңызын, ролін дәлелдейді, РКП программасы мен В.И. Лениннің ұлт саясатының Россияны мекендеген шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының мүдделерін қорғайтындығын көрсетеді. Осы программаны жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсауға ниеттенгендігін айтып, мүшелікке қабылдауды сұрайды. Бұл – тек жеке адамның өмір жолы мен тағдырына қатысты әрекет емес, үлкен саяси мәні бар оқиға болды. А. Байтұрсыновтың бұл арызы толық тексімен Қырғыз (Қазақ) Өлкелік Әскери- революциялық комитетінің органы – “Известия Киргизского края” атты апталық газетте (1920 жылдың 16 апреліндегі санында) жарияланды. Осы нөмірде В.М.-т. деп қол қойған адамның “Ахмет Байтұрсынов жолдастың арызы” атты көлемді мақаласы басылды. Мақалада бұл актінің зор саяси мәні бар екендігі, яғни идеологиялық оппозицияның ірі уәкілі болған адамның ұттық либерализмнен халықаралық коммунизмге келуі – Коммунистік партияның үлкен табысы екендігі айтылған.

Бірақ А. Байтұрсынов партия қатарында ұзақ болмаған. Оның нақты себептерін ашып көрсететін документтер жоқ. Мұны А. Байтұрсыновтың 50 жасқа толған юбилейімен құттықтап жазған мақаласында Сәкен Сейфуллин былайша түсіндіреді: “А. Байтұрсынов коммунистерше жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтаған жоқ, коммунистерше жалпы байларға оқ атып, жалпы кедейлердің таяғын соққан жоқ... Қанша ұлты үшін Коммунист партиясына кірсе де, дүниедегі барлық адам баласының ұлттарына қарамай, бәрін бірдей сүйетін коммунистерді көріп, өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң өзі айтқандай, “қызыл бола алмады”. Бұл жерде А. Байтұрсыновтың қазақ қоғамын таптарға бөліп, езілуші таптың жоғын жоқтаушы бола алмағандығы айтылып тұр. Сондықтан кейбіреулердің жаламен айтып келгеніндей, ол Коммунист партиясы мен совет үкіметіне қастандық жасау үшін партияға алдап кіріп, күшпен шығып қалған жоқ.

1920-жылдардың басында А. Байтұрсынов ағартушылық, ғылымдық қызметтерімен қоса, әрі қарай мемлекеттік басқару-ұйымдастыру жұмыстарын атқара береді: 1922-1925 жылдары ол Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссияның председателі, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті председателі болды. Советтердің Бүкілроссиялық 7-съезі мен 8-съезіне дейін ВЦИК-тің мүшесі және Советтердің Бүкіл-қазақстандық 1-съезіне дейін Кирвоенкомның мүшесі болып қызмет атқарады. Советтердің Бүкілқазақстандық 1-съезінен 2-съезіне дейінгі аралықта Қазақ АССР-ының Оқу-ағарту наркомы және ҚазЦИК-тің мүшесі, сонымен қатар Өлкелік Халық комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың председателі болды.

“Кіші Октябрь” деп атаған саясатының теріс болғанын сезген Голощекин өзіне наразылық, қарсылық болатынын сезіп, жергілікті қайраткерлер мен интеллигенция арасында репрессияны бастайды. Өсіресе революцияға дейін қалыптасқан қазақ интеллигенттеріне шүйіліп, олардың 30-ға жуығын қамауға алады. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынов 1929 жылдың 2 июнінде ұсталып, өзі Архангельск облысына, семьясы: әйелі Александра мен қызы Шолпан Томск облысына жер аударылады. Осы жерде айта кетелік, А. Байтұрсыновтың жұбайы Александра атты орыс әйелі болады. Өзі тұрған пәтер иесінің қолында жүрген жетім қыз (тіпті фамилиясы белгісіз) А. Байтұрсынов түрмеде жатқанда тамақ тасып, кір-қоңын жуып, қызмет көрсетеді. Адамгершілігі зор азамат мұндай қайырымдылықты, адал көңілді аттап кетуді ар санап, түрмеден шыққан соң сол жетім қызға үйленеді. Ол кезде өзге діндегі әйелмен мұсылманның некесін қиғызу қиын іс болғандықтан, Александраға Бадрисафа деген мұсылманша ат беріп, татар қызы еді деп некеге отырады. Бұлардың өз балалары болмайды, Ахметтің туған інілері – Қали, Кәкіш, Мәкендердің екі ұл, екі қызын бауырларына салады. Олар: Шолпан, Кәтез, Аумат, Қазихан. Бұлардың қазір көзі тірісі Шолпан Ахметқызы Байтұрсынова-Байсалова. Ол кісі үш жасынан Ахмет пен Бадрисафаның қолында өскен.

Дүниежүзілік Қызыл Креске М. Горькийдің жұбайы Е.П. Пешкованың жолдаған өтінішімен А. Байтұрсынов 1934 жылы мерзімінен бұрын ссылқадан босанып, Алматыға, туған елінің астанасына қайтып оралады. Бірақ ешқандай дұрыс жұмысқа орналаса алмайды, ешқандай жауапты немесе ғылыми жұмыстарға араластырылмайды. Көп ұзамай 1936-1937 жылдардың зобалаңы басталып, НКВД органдары А. Байтұрсыновты 1937 жылдың 8 октябрінде екінші рет ұстап, көзін жояды (сірә, атылған болу керек).

Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны мен еңбек жолын қысқаша осылайша білдіре отырып, оның ағартушылық, ғалымдық, творчестволық қызметімен таныстыралық. Жоғарыда айтылды, А. Байтұрсынов өзінің еңбек жолын ағартушылықтан бастайды. 1895 жылдан 1909 жылдарға дейін 13-14 жыл бойы ауылдық, болыстық мектептер мен екі кластық училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады. Оның ішінде 1896 жылдан 1907 жылдарға дейін Қарқаралыда әуелде екі кластық орыс-қазақ мектебінде, кейін қалалық училищеде сабақ берген. Бұл жылдарда А. Байтұрсынов қазақ графикасымен (жазуымен) айналыса бастайды. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық (дыбыстық) жүйесін зерттеуге кіріседі. Бұл екі әрекеттің екеуіне де А. Байтұрсыновты әкелген оның ағартушылық қызметі еді, яғни қазақ балаларының сауатын ашатын “Әліпби” мен ана тілін үйрететін “Тіл құралын” жазу мақсаты ең алдымен графиканы жөндеп алуды қажет етті.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінің беттерінде білдіре бастайды. “Айқаптың” 1912 жылғы 9-10-нөмірлерінде “Шаһзаман мырзаға” атты үлкен мақала жазып, онда қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші дейтін таңба қою қажеттігін дәлелдейді. Осы мақалада “дыбыс, әріп, дәйекші, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, қағида” деген қазақша лингвистикалық терминдерді тұңғыш рет кездестіреміз. “Қазақ” газетінің 1913 жылғы 34-нші және әрі қарайғы сандарында “Жазу мәселесі” деген көлемді мақала жариялап, онда кейбір дауысты дыбыстарды таңбалау жайындағы өзінің пікірлерін айтады. Сөйтіп, әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын пайдаланған қазақ жазуы үшін мынадай ұсыныс-пікірлер айтады: 1) қазақ жазуы үшін араб алфавитіндегі жуан Т, С, З, Д, Ғ, Х дыбыстарының таңбаларын алмау, 2) қазақ тіліндегі Ы, Е, И, О, Ұ, У дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу, 3) К, Г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни қазіргі Ә, І, Ү дыбыстарымен айтылатандығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекті таңба қою. Бұлайша түзілген алфавит сауат ашудың дыбыс жүйесі әдісіне сай келетіндігі байқалады.

А. Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабалдады, себебі Байтұрсыновтың реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сөйтіп, қазақ дыбыстарының табиғатын

айқындап, тануы ғалымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. Оның 1912 жылдардан бастап ұсынған жаңа жазуы (“жаңа емле” деп аталады) іс жүзінде қолданыла бастады. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтерге қарағанда, 1915 жылдың бір өзінде бұл емлемен 15-тей кітап басылып шығыпты. Сондай-ақ А. Байтұрсынов ұсынған “жаңа емле” 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастағандығы айтылады.

Араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикалық табиғатына лайықтап қазақтың ұлттық графикасы (жазуы) ретінде реформалау ісін 1910-ншы жылдардан (оқыту тәжірибесінде, сірә, одан да бұрын, осы ғасырдың басынан бастап) бастаған Байтұрсынов оны әрі қарай да қырнай түседі, полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыздығын, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын салмақтайды. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы ресми түрде қабылданады. Бұл - өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен прогрессивтік құбылыс болды. А. Байтұрсыновтың бұл тәжірибесін сол кезде өзге түркі халықтары үлгі етіп тұтып, олар да өз жазуларына реформалар жасай бастады.

Ғалым ширек ғасырдай күш жұмсап, тер төккен бұл еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуын қорғап, бұл жазу қазақтың мәдени талаптарын әбден өтей алады деген көзқарасын латын алфавитіне көшу жайында әңгіме басталғанда барынша дәлелдеп, латынға көшуге қарсы пікірде болғаны түсінікті.

1929 және 1937 жылдардағы репрессиялар кезінде Байтұрсыновтың бұл пікірін “ұлтшылдық, пантюркистік, антисоветтік” деп балағатқан осы әрекетті (яғни латынға көшуге қарсылықты) бүгінгі жас буынға және жалпы қалың көпшілікке түсініктірек болу үшін кеңірек әңгімелейік.

СССР-ді мекендеген аз ұлттардың өздерінің сан ғасырлардан бері қолданып келген жазуларын тастап, латынға көшу керек деген мәселе 1926 жылдан бұрынырақ басталғанды. Мерзімді баспасөз беттерінде, жиын-жиналыстарда алдын ала пікір айту, пікір таластырулар жүргізілді. Ақырында 1926 жылы 26 февральдан 6 мартқа дейін Баку қаласында Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезд өткізіліп, онда күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері және олардың әлеуметтік мәні, терминология мәселелері, түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту методикасы, т.б. көптеген көкейтесті мәселелер

қойылды. Солардың ішінде ең үлкені де, талас-тартысы көбірек болғаны да – СССР-ді мекендеген түркі халықтарының барлығының тегіс латын алфавитіне көшуі жайындағы мәселе болды. Бұл съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Әзиз Байсейітов, Біләл Сүлеев, Нәзір Төреқұловтар делегат болып қатысты. Қазақстаннан съезд президиумына А. Байтұрсынов сайланды, сондай-ақ ол съезде жұмыс істеген бірнеше комиссияның құрамына енді. Съезде түркі халықтарының бұрыннан қолданып отырған алфавиттерін тастап, латынға көшу жөніндегі пікір таласында екі топ бөлініп шықты. Бірі – бұрыннан пайдаланып келген әр нақтылы ұлт тіліне лайықталып реформаланған, ресми қабылданған араб не орыс графикасын (мысалы, сол кезде якуттар қолданып отырған) латыншаға ауыстырудың ешқандай не саяси-идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба дүниеден, жазба дәстүрден қол үзу қаупін тудырады дегенді айтты. Екінші тобы – араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын алфавиті түркі тілдерін Еуропа мәдениетіне жақындастыра түседі дегендерді дәлел етті. Алғашқы пікірдегілердің бірі А. Байтұрсынов болды. Бұл жерде Байтұрсыновтың концепциясынан ұлтшылдық, пантюркистік немесе советтік қарсылық іздеу мүлде қисынсыз: араб жазуы арқылы ислам дінін уағыздауды ол көздеген жоқ, өйткені ол дін қамқоршысы емес, оның үстіне Байтұрсынов реформалаған қазақ жазуы харакетті құран жазуынан мүлде алшақ екені айдан анық; пантюркистік пиғылда болды деу де орынсыз, керісінше, А. Байтұрсынов қазақ тілінің дербестігін қатты қолдаған адам; үшіншіден, бұл жердегі ғалым әрекетінен антисоветизм іздеу де нанымсыз, себебі жазу таңбасының түрі идеологияның мазмұны мен бағытын өзгерте алмайтындығын Байтұрсынов та, өзгелер де, біз де жақсы білеміз. Бірдей графика халықтар мәдениетін жақындастыратындығы сөзсіз, бірақ латынға көшкен түркі халықтары ол күнде отандас орыс халқының емес, капиталистік қоғамда өмір кешіп отырған Еуропа жұрттарының мәдениетіне жақындай түскен болар еді. Демек, ғалымның араб жазуын жақтаудағы мақсаты – осы съездегі сөзіне қарағанда, 12-13 жыл бойы қолданылып орнығып қалған қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықтап өзгертілген, ресми түрде қабылданған алфавиттің қазақ жазуы мұқтаждығын толық өтеп отырғандығы, оның дыбыс әдісімен оқыту ісінде айтарлықтай қолайлы болып шыққандығы, полиграфиялық мүмкіншіліктер жағынан да,

экономикалық мүмкіндіктер тұрғысынан да бұрынғы алфавитті сақтау пайдалырақ екендігі. Әрине, қазіргі тұрғыдан келгенде, оның үстіне совет үкіметі тұсында қолға алған шараларымыздың бәрі дұрыс, бәрі прогрессивтік болды деп сан жылдар өзімізді өзіміз шатастырып келген дәстүрімізге бассак, мүмкін, сол кезде латынға қарсы шыққандардың пікірін дұрыс емес деуге де болар, бірақ айналасы 14-15 жылдың ішінде қазақ, өзбек, татар, т.б. сияқты көне мәдениетті ірі халықтардың үш түрлі графиканың бірінен соң біріне көшуі, әсіресе бас-аяғы 13-14 жыл ғана қолданылған латын жазуы қаншалықты ұтымды болды деген сауал туады.

А. Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Күш жұмсауға тура келген себебі мынада. Қазақ балаларына арналып 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептің өзінде (ол “ауыл мектебі” деп аталады) шәкірттер сауатын орыс тілінде ашатын, қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанмен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ болатын, сондықтан әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. А. Байтұрсынов пен өзге де бір топ қазақ интеллигенциясы уәкілдері болып, 1905 жылы 26 июньде Россия Империялық Министрлер Советінің Председателі атына петиция жазады. Мұнда бір пункт етіп қойған талаптары “қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін” деген болатын. Осы талаптың жүзеге асуы үшін А. Байтұрсынов қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралын жазады. Оны “Оқу құралы” деген атпен 1912 жылы Орынборда басып шығарады. Бұған дейінгі қазақ балаларына ұсынылып келген “Букварь” немесе “Самоучитель” дегендер “жазуға үйрететұғын кінеге” ретінде қазақ балаларының сауатын орыс тілінде, орыс графикасымен ашуға арналған болатын. Мысалы, 1892 жылы Қазанда басылған “Букварь для киргизов” деген құралға А.Е. Алекторов: “Буквы русские, фразы, тексты на чисто киргизском языке” (үстіміздегі ғасырдың 20-ншы жылдарының орта тұсына дейінгі “қырғыз” деп аталған тұстарда әңгіме қазақ туралы екенін әрдайым ескертіп отыру қажет болмас) деп анықтама береді.

Демек, А. Байтұрсыновтың “Оқу құралы” – тұңғыш әліппеміз. Ол кейін де бірнеше рет басылған. Біздің жинаған әзіргі мәліметтерімізге қарағанда, еліміздің кітапханаларының арнаулы фондысында 1914, 1916, 1924, 1925 жылғы басылымдары сақтаулы, 1925 жылғы Орынбор басылымы 7-нші деп көрсетілген.

А. Байтұрсынов 1926 жылы “Әліп-бидің” жаңа түрін жазып ұсынады, бұл осы күнгідей суреттермен берілген әліппе кітабы болатын, кітапты “Жаңа әліп-би” деген атпен 1926 жылы Қызылорда-Ташкент баспалары бірігіп шығарған. 1927 жылдың өзінде оның 2-нші, ал 1928 жылы 3-басылымы Қызылордада шығады. Бұл “Әліп-би” “Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткішінде” (Қызылорда, 1926) былайша бағаланады: “Жаңа құрал. Қазақ тұрмысына үйлесімді сүгіреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы “Әліп-биі” (“Оқу құралы”) қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді... бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол “Әліп-би” әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген. Мынау жаңа “Әліп-биі” бұрынғысынан қай ретте болса да аса артық. Бұл “Әліп-бидің” мазмұны қазақ жағдайына қарай, Мемлекет Білім Кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. “Әліп-би” көңілдегідей болып шыққан” (Білім кеңесі).

А. Байтұрсынов тек мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің де сауаттарын ашуға арналған “Әліп-би” жазған, ол 1924 ж. Орынборда, 1926 ж. Семейде басылды.

1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын “Оқу құралын” жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған I-бөлімі “Тіл құрал” деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көреді. Ол әрі қарай бірнеше рет басылған, 1927 жылғы Қызылордадағы басылымы 7-нші деп көрсетілген. “Тіл құралдың” қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімі бұдан да бір жыл бұрын 1914 жылы баспадан шыққан, оның 1927 жылғы басылымы 6-ншы деп көрсетілген. Синтаксиске арналған III бөлімі де бірнеше басылым көрген. Оның 6-ншы басылымы 1928 жылы Қызылорда-Ташкенттегі “Казгосиздаттан” шыққан.

“Тіл құрал” – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі де ескертеді. Кітабының “Сөз басында”: “Тіл құрал” деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын” дейді.

Қазақ тілін талдап-тануда Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше бағалау керек: ол – термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың

әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданылып жүрген “зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш” деген т.т. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А. Байтұрсыновтікі. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді. Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған. Оның термин жасаудағы ұстаған негізгі принципі – ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану болса, сонымен қатар 1912 жылдың өзінде “Айқаптың” беттеріндегі мақалаларында грамматика, фонетика, морфология деген халықаралық сөздерді қолдануы оның орыс тілі арқылы келетін интернационалдық терминдерден бас тартпайтын принципін де көрсетеді. Бұл принциптер осы күнгі терминологиямызда басты орын алып отырған бағыт-бағдар екені мәлім.

Тағы бір қатты ескеретін нәрсе – қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиялық тұлға-тәсілдерінің бірсыпырасын А. Байтұрсыновтың жаңаша талдап, дұрыс көрсетуі. Орыс лингвистикалық мектебінен сусындап, негізін содан алғанмен, қазақ тілі грамматикасын тануда ол көп ретте тілдің типологиялық ерекшелігін ескеру принципін ұстаған. Қазақ тіл білімінің басталар тұсындағы ізденістері мен табыстарын, жетістіктері мен кемшіндерін дұрыс тауып, мұқият зерттеу – алда тұрған міндеттеріміздің бірі. Әзірге көзіміз әбден жеткен бір ақиқат ол – ана тіліміздегі ғылым саласы үстіміздегі ғасырдың 10-ншы жылдарынан басталғандығы және оның іргетасын қалаушы Ахмет Байтұрсынов екендігі. Олай дейтін себебіміз мынада, Н.И. Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда басылған “Материалы к изучению киргизского наречия” деген кітабы қазақ тілінің грамматикалық жүйесін танытқан тұңғыш еңбек болды. Бұл “Материалдар” орыс тілінде жазылды, онда қазақша лингвистикалық терминдер жасалған жоқ. Бұл жұмыс, атынан-ақ көрініп тұрғандай, оқулық та емес, жүйелі түрде баяндалған грамматика құралы да емес, ол шығыс тілдерін, оның ішінде өзге түркі тілдерін зерттеушілерге арналған еңбек болатын. Оның өзінде де бұл “Материалдар” қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен (автордың жазуынша, татар тілінен) ерекшеленетін тұлғаларын көрсету мақсатымен жазылған-ды. Автор бұл еңбегім білім алған қазақ жастарының ана тілін зерттеп, дамытуды өз қолдарына алуларына мұрындық болар деп үміттенеді. Бұл үмітін бірінші болып ақтаған Ахмет Байтұрсынов болды.

П.М. Мелиоранскийдің “Краткая грамматика казак-киргизского языка” деген атпен I бөлімі (фонетика және этимология) 1894 жылы, II бөлімі (синтаксис) 1897 жылы шыққан құнды еңбегі – қазақ тілінің

грамматикалық құрылымын ғылыми негізде жүйелі түрде баяндаған тұңғыш зерттеу екендігі мәлім. Бірақ бұл да түркі тілдерін зерттеушілерге арналған, орыс тілінде жазылған ғылыми сипатты еңбек болды. Сондықтан мұнда да қазақ тіл білімінің ұлттық терминологиясы жасалмады. Бұл ғылыми жұмыс та ана тіліндегі қазақ лингвистикасының басы болып таныла алмайды. Міне, А. Байтұрсыновтың қазақ тіл білімі тарихындағы орны мен еңбегі осындай.

Ғалымның тіл үйретуде жасаған еңбегі мұнымен де шектелмейді. Ол қолданбалы грамматика дегенді жазған. Бұл жұмысын “Тіл жұмсар” деген екі бөлімді екі кітап етіп 1928 жылы Қызылордада жарыққа шығарды. А. Байтұрсынов қазақ тілін оқыту методикасының іргетасын қалаушы болып және саналады. Ол – қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы. Ол бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға шейін бірнеше мақала жариялаған. 13-14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесінде түйген методикалық нұсқауларын 1920 жылы Қазанда “Баяншы” деген атпен кітапша етіп шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге “Әліппені” пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол-жобасын көрсетеді. 1921 жылы Ташкентте шағын көлемді тағы бір методикалық құралды шығарады.

Сөйтіп, тұңғыш қазақ лингвисті өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін “Оқу құралды” жазған; одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған. Бұл үшін “Тіл құралды” жазған; үшінші – тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін “Тіл жұмсарды” жазған, төртінші – сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін “Баяншыны” жазған. Міне, бұлар А. Байтұрсыновтың қазақ тілінің грамматикасын зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбектері.

А. Байтұрсыновтың жас қазақ ғылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиет тану саласында да айтарлықтай болды деп санаймыз. Өткен ғасырдың II жартысында-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жарыққа шығару дәстүрі отандық филологияда бел алған игілікті қажет іс болды. Бұл дәстүрді әр халық интеллигенцияның озат өкілдері жақсы қабыл алып, өздері де ат салысқандары мәлім. А. Байтұрсынов та 1895 жылы “Тургайская газетаның” бетінде “Киргизские предметы и пословицы” деген атпен материалдар жариялайды. 1923 жылы “Ер Сайын” жырын Москвада жарыққа шығарады. Оған “Алғы сөз” жазып, түсініктемелер береді.

А. Байтұрсынов ауыз әдебиет үлгілерін жинап бастыруды және жалпы насихаттауды маңызды іс деп санағанын оның 1896 жылы Омбыда белгілі орыс ғалымы, ағартушысы, қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші А.Е. Алекторовпен жүздесіп, танысуы немесе 1915 жылы Ш. Уәлихановтың досы, атақты орыс ғалымы Г.Н. Потанинге оның 8 жылдығына арнап өлең жазуы дәлелдей түседі.

“23 жоқтау” атты жинақ түзіп, оны 1926 жылы Москвадан шығарады. Бұл да қазақ ауыз әдебиеті үлгілері (автордың термині бойынша “ел аузындағы тіл”). Ғалымның ауыз әдебиеті мұраларын халық қазынасы, халықтың рухани байлығының сарқылмас көзі деп тануына оның өнердің осы түрін және музыка өнерін сүйе білгендігі де себепкер болған. А. Байтұрсынов музыкадан хабары бар, жақсы домбырашы (пианинода да ойнай білген) болыпты. Қазақтың музыка өнерін тұңғыш зерттеп, әлемге танытушы атақты А. Затаевич “Қазақ халқының 1000 әні” деген 1925 жылы Орынборда шыққан кітабында Ахмет Байтұрсыновтың өз жұртының әндерін жақсы білетіндігін және ол әндерді тамаша орындайтындығын әрі шебер домбырашы болғанын жазады. Ол қазақ халқының тарихын, этнографиясын, тұрмыс-салтын жетік білгендіктен, Торғай, Ақтөбе, Бөкей ордасы, Қарқаралы өңірлерінің әндерін жазуда өзіне көп көмектескенін, тіпті екі тамаша күйді Байтұрсыновтың өзі орындап жаздырғанын айтады (А. Затаевич. 1000 песен казахского народа. Оренбург, 1925, 338-бет).

А. Байтұрсыновтың тіл мен әдебиет қана емес, этнография, тарих мәселелерімен де шұғылданғанын айту керек. М. Әуезовтің жазуына қарағанда, ол 1923 жылы “Мәдениет тарихы” атты кітабын жазып бітірген, мұнда, сөз жоқ, автор қазақ халқының азаматтық, мәдени, рухани өмірін әңгімелесуге тиіс (М. Әуезов. Ахаңның елу жылдық тойы. – “Ақ жол” газеті, 1923, 4 февраль, 270-саны).

Ал таза әдебиетке қатысты ой-пікірлерін білдірудің басы деп оның “Қазақ” газетінің 1913 жылғы 39, 40, 41 нөмірлерінде жарияланған “Қазақтың бас ақыны” деген үлкен мақаласын атауға болады. Бұл – ұлы Абайдың творчествосы туралы арнайы жазылған алғашқы еңбектердің бірінен саналады. Бұл мақалада: “Қазақтың бас ақыны – Абай. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ” деп, Абайды аса зор бағалаған автор әрі қарай ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет бере келіп, оның орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін, поэтикасын сөз етеді. Абайдың “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы” деп басталатын өлеңінің тексін тұтас келтіріп, ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын танытады. Мақаласын: “Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек! Абайды қолымыздан келгенше қадірлі

жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз” деп аяқтайды.

А. Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш” атты көлемді еңбегі (284-бет) - әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы... Әрине, қазіргі кездегі ғылым дәрежесімен өлшенгенде, бұл құрал әдебиеттанудың бүкіл теориялық мәселелерін түгел қамтыған, қазақ әдебиеті тарихын жан-жақты толық баяндаған құрал емес, бірақ осы саладан қазақ оқырманына ұсынылған тұңғыш дүние, оның құндылығы да осында. Мұнда да автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады.

Ахмет Байтұрсынов – ақын және мықты ақын! Оны профессионал ақын деуден гөрі ірі қоғам қайраткері және ғалым деп тану дұрысырақ деп 1927 жылы Смағұл Садүақасов жазған болатын. Дегенмен Байтұрсыновтың қазақ поэзиясындағы орны да ерекше екенін айту керек. Біздің байқауымызша, оны ақындыққа да алып келген - өзінің халыққа қызмет ету, қалың көпшілікті еңбекке, мәдениетке шақыру, сауаттарын ашып, дүниені таныту сияқты мақсаттары тәрізді. Оның өлеңдері “Қырық мысал”, “Маса”, “Үзік” деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылдарға дейін бірнеше рет жарияланған. Ол жинақтардың басылған жерлері Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Орал қалалары.

“Қырық мысал” орыстың атақты мысалшысы И. Крыловтан аударылған және соның ізімен, идеясымен жазылған өлеңдер. Ол жөнінде ақын замандастарына арнаған бастау сөзінде:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын.

Өзірге қолдан келген осы барым.

Қанағат азға деген, жоққа сабыр,

Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым, -

деп өзі айтып береді. А. Байтұрсыновтың әдеби шығарманың дәл осы жанрын таңдауында және нағыз халықтық Крыловты алуында үлкен мән бар. Мысал жанры қазақ халқына да жақын, таныс дүние, ғибрат айтып дұрыстыққа, жақсылыққа шақырудың ең бір түсінікті амалы. Мұнда әрбір мысалдың соңғы шумақтары алдыңғы айтылғаннан шығатын ой түйіні, ақыл-насихат болып бітеді де, ол қазақтың жалпақ тілімен жеткізіледі. Айталық, “Қасқыр мен тырна” деген мысалда сүйекке қақалып, өлгелі тұрған жерінен қасқырды құтқарған тырнаға алғыс айтудың орнына тап беріп жеп қоюға даяр болғанын суреттеп келіп:

Қысқасы қасқыр, тырна болды тамам,

Мінездес қасқырменен кейбір адам.

Басына бәле түсіп қысылғанда,
Жалынып, жалпаяды келіп саған.
Құтқарып ол бәледен жіберген соң.
Болмайды оған кісі сенен жаман.
Жоқ болған отқа күйіп мүлкіндей-ақ
Қайырың зайғы кетер еткен оған... –
деп ғибрат айтады.

Ал “Масаға” енген өлеңдер болса, олар да осы мақсатта: қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық – осылардың бәрі, автордың бейнелеуінде, қазақты шағуға дайын тұрған жылан, өлең иесі “аяқтары ұзын, сары маса” болып, ызындап ұйықтап жатқан халқын оятпақшы:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды бәле делік аңдып баққан.
Бәленің түрін көрген мен сары маса
Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан.

“Қырық мысалды” Мұхтар Әуезов “Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген, төңкеріс рухындағы сөзі” деп бағалады. Ал “Маса” – қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұран болды” деп жазды.

А. Байтұрсынов жоғары білімді маман кадрларды даярлау ісінде де айтарлықтай еңбек сіңірген: ол 1922-1923 жылдар мен 1929 жылдардың ішінде Ташкенттегі Қазақтың халық ағарту институтында (орысша КИНО – Казахский институт народного образования – деп аталған) және Алматыдағы Қазақтың педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы ҚазПИ) студенттерге қазақ тілі мен әдебиетінен лекция оқыған.

А. Байтұрсыновтың осындай ұлан-ғайыр еңбегі өз тұсында, репрессияларға дейін айырықша аталды. 1923 жылы қазақ қоғамы бұрын-соңғы естіп-көрмеген соны оқиғаны басынан кешірді. Ол – А. Байтұрсыновтың 50 жасқа толғанын атап өту еді. Әрине, тап тартысы деп аталған идеологиялық күрес әлі қызу жүріп жатқан бұл кезеңде Байтұрсыновтардың қарсыластары да аз емес еді. Олар аталған юбилейді Орынборда болдыртпай тастайды. Қазақтан шыққан қоғам қайраткерінің, ғалымның тұңғыш юбилейі қазақ мәдениетінің сол кездегі және бір орталығы Ташкентте өткізілді. Осы тұстағы қазақ баспасөзі түгелге жуық бұл мерекені атап өтті. Түркістан Орталық партия комитетінің органы “Ақ жол” газеті өзінің 1923 жылғы 4 февральдағы санында “Ахаңның юбилейі туралы” деген мақаланы редакция атынан берді. Осы нөмірде “Ахаңның 50 жылдық тойы” деген атпен Мұхтар Әуезовтің көлемді мақаласы жарияланды. Мұнда автор: “Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған

әдебиеттегі елшілдік ұраны, “Қырық мысал”, “Масаның” еңбегі, “Қазақ” газетінің 1916 жылы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да тарих ұмытпайтын істер болды” деп асқан бір көрегендік сөз айтты. Қазақ Советтік Атқару комитеті мен облыстық партия комитетінің органы – “Еңбекші қазақта” (осы күнгі “Социалистік Қазақстан”) Сәкен Сейфуллиннің (Манап Шамил деген бүркеншік атпен) “Ахмет Байтұрсынов 50-ге толды” деген мақаласы жарияланды. Мұнда автор: “Ахаң байлардың құлдығында шіріген шаруалардың айқайшысы емес, олардың қолшоқпары емес, бірақ адал жүрек байын, кедейін айырмай, қазақты сүйетін таза ұлтшыл. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу ыәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай”, - деп шын көңілден құттықтайтынын білдіреді.

Газет мақалаларымен қатар “Труды Общества изучения Киргизского края” аты жинақта оның өмірі мен қызметін, тіл зерттеудегі еңбегі мен табыстарын жақсы баяндаған М. Дулатов пен Е. Омаровтың мақалалары қалың жұртшылыққа ұсынылды. Бұл кітаптар күні бүгінге дейін еліміздің ірі кітапханаларында ашық фондта сақталып келеді. Баспасөз бен жинақтарда жарияланған бұл материалдардың барлығында да А. Байтұрсыновтың оқу-ағарту, ғылым, әдебиет, мәдениет майданындағы орны ерекше екендігі, көп ретте тыннан жол салған көш бастар болғандығы және қазақ қауымына беделі күшті, абыройы биік болып келе жатқандығы айтылады.

А. Байтұрсыновтың тіл білімі мен қазақ филологиясы саласындағы еңбегі репрессиялардан кейінгі кезеңдердің өзінде де кейде ашық, кейде тұспалдап жоғары бағаланып келді. Академик-жазушы Ғабит Мүсірепов: “Осы ғасырдың басында тұңғыш әліппеміз жасалды” деп, 1979 жылы (“Социалистік Қазақстан”, 18 декабрь, 1979) жазғанда, ол айтып, отырғаны А. Байтұрсыновтың еңбегі еді. Есімі дүние жүзіне мәлім аса беделді түрколог академик А.Н. Кононов Октябрь революциясына дейінгі отандық түркологтердің биобиблиографиялық сөздігін (көрсеткішін) жасағанда, Ахмет Байтұрсыновты отандық түркологтердің қатарында көрсетеді де, оны “жетілдірілген қазақ алфавитін жасаушы, қазақ тілінің фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін зерттеп, оқулықтарын түзуші, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын зерттеуші” деп танытады (Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период. М., 1974, 115-бет). Демек, Совет Одағына, тіпті бүкіл дүние жүзіне тараған бұл құнды көрсеткішті

пайдаланушылар Ахмет Байтұрсыновты революцияға дейінгі Россия түркологтерінің бірі деп біледі және бұл кітап шыққаннан бергі 15 жыл уақыттың ішінде ондағы осы мәлімет таным-бағаны ешкім жоққа шығарған жоқ.

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов, біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдардан 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланып келеді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсыновтың “Әліп-биімен” ашып, ана тілін Байтұрсыновтың “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

Екіншіден, А. Байтұрсынов – араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да үстіміздегі ғасырдың 10-ншы жылдарынан бастап 20-ншы жылдардың соңына дейін (латынға көшкенше) қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынов жасаған жаңа жазу күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Шетелдік бауырлас қазақтарға арнап, осы күндерде өзіміз шығаратын “Біздің Отан” атты газетіміз де Байтұрсынов реформалаған араб жазуын пайдаланады, ол ұсынған емле ережелерін ұстайды.

Үшіншіден, А. Байтұрсынов – қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі.

Төртіншіден, А. Байтұрсынов – қазақ халқына, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.

Міне, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ – демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі, бір емес, екі рет заңсыз жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсыновты осылай танимыз және бұл танымға оның саясат пен идеология майдандарының белгілі кезеңдеріндегі қайшылықтары мен жаңсақ басқан қадамдарын ескере отырып келіп отырмыз. Бұл таным – бүгінгі күнгі демократия мен әділеттіліктің жемісі. Бұл – халыққа сіңірген адал еңбектің тарихта өшпейтіндігінің айғағы.

Өте ұзақ уақыт – 50-60 жылдар бойы А. Байтұрсыновтың есімі “қылмыскер” ретінде сотталған адам деп аталып келді. 1988 жылдың 4 ноябрінде Қазақ ССР-інің Жоғарғы Соты Ахмет Байтұрсыновты ешбір қылмысы жоқ деп тауып, оны толық ақтау туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, ғалымның адал азаматтық есімі қалпына келтірілді.

Ендігі міндет – Ахмет Байтұрсыновтың ұшан-теңіз, сан қырлы еңбегін қалың жұртшылыққа кеңінен таныстыру. Біз бұл мақалада А. Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі жайынан 50-60 жылдан бері айтылмай келген, ұмыт бола бастаған алғашқы мәліметтерді ғана ұсынып отырмыз, оның өзінде де әзірге қолға түскен материалдарды ғана пайдаландық, ал әлі тауып, танысып үлгермеген, әсіресе А. Байтұрсыновтың өз қаламынан шыққан дүниелер қаншама! Ғалымның тіл біліміндегі еңбектері мен көзқарастарын өз алдына жеке талдап-таныту кезекте тұр. Сондай-ақ әдебиетті танытушы ғалым ретіндегі ізденістерін арнайы зерттеп, олардың сол кезең үшін мән-маңызын ашу да кезегін күтеді. Ал, Байтұрсыновтың поэтикалық мұрасын талдап-танытумен қатар, басып шығарып, бүгінгі оқырман қауымға ұсыну – алдымыздағы ең қажетті міндеттеріміздің бірі деп санаймыз.

СЫЗДЫҚОВА Рәбиға,
филология ғылымдарының докторы,
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ғылым академиясының
корреспондент мүшесі

Қазақ әдебиеті. – 1989. – 6 январь.

КӨЗҚАРАС ЭВОЛЮЦИЯСЫ

“Тарихқа сіңірілген еңбектер тарихи қайраткерлердің қазіргі талаптармен салыстырғанда не бермегеніне қарай емес, өздерінен бұрынғылармен салыстырғанда жаңа не бергеніне қарай бағаланады”.

(В.И. Ленин. Шығармаларының толық жинағы, 5-басылым, 2-том, 178-бет).

Ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов өз кезі үшін көрнекті қоғам қайраткері де болған-тын. 1928 жылы Алматыда жаңадан ашылып жатқан Қазақ университетіне (қазіргі ҚазПИ) профессорлық қызметке шақырылып, Қызылордадан көшіп келгенде ол өмірбаянына былай деп жазды:

“1919 жылдың мартында Совет өкіметі жағына шығып, Москваға кеттім. 1919 жылғы 24 июельде РСФСР Халық Комиссарлар Советі мен Қазақ Әскери-революциялық комитетінің мүшесі етіп тағайындады.

7-Бүкілроссиялық Советтер съезінен 8-Бүкілроссиялық Советтер съезіне дейін ВЦИК-тің мүшесі, I-Бүкілқазақ Советтер съезіне дейін Казвоенревкомның мүшесі болдым.

1920 жылғы 4 апрельден 1926 жылдың соңына дейін большевиктер партиясында болдым, Советтердің I-Бүкілқазақтық съезінен 2-Бүкілқазақтық съезіне дейін ҚАССР Ағарту халық комиссары лауазымында істеп, ҚазЦИК мүшесі болдым, Советтердің 2-Бүкілқазақтық съезінен 3-Бүкілқазақтық съезіне дейін ҚазЦИК-тің мүшесі, сондай-ақ өлке Қазнаркомпросы жанындағы Академиялық орталықтың председателі болдым. 1923 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақ ғылыми-әдебиет кеңесінің председателі және Академиялық орталықтың мүшесі болып келемін”.

Осы сараң деректерден-ақ Байтұрсыновтың Қазақ республикасының шаңырағын көтеріскен мемлекет қайраткері екенін аңғару қиын емес. Түсінуді, мұқият талдау, айқын көз жеткізуді тілейтін жайт – оның советтік қоғамды құру ісіне ат салысуға келу жолы. Ал бұл жолда – баршамыздың санамызға халыққа дұшпандықтың ұйымдасқан түрі ретінде сіңірген “Алашорда” атты қалтылдақ өткел жатыр. Байтұрсынов сонау күмәнді қозғалыста әлгі қылкөпірді салушылардың көсемі болыпты деседі. Ресми тарихтан да, белгілі әдеби-мемуарлық шығармалардан да құлаққа құйылып, көкіректе жатталып қалған мағлұматтар бойынша, “Алаш” дегеніміз – ұлтшыл, қазақтың басына қайтадан хандықты орнатқысы келген, Қазақстанды Росиядан бөліп әкетуді мақсат еткен партия. Ендеше – ақыл-

парасатының биіктігімен танылған, халқының ар-ұжданы атанған Аханның сондай кертартпа ұйымның дем берушілерінің бірі болғаны қайран қалдырмай қоймайды. Тағы бір қайран қалатының – ол жоғарыда келтірілген өмірбаянында қызметінің сол бір кезеңі жөнінде ешбір бүкпесіз: “1917 жылдың соңынан 1919 жылға дейін Алашорда ұйымында істедім”, - деп жазады...

Осы бір ауыз сараң сөйлемнің астарына үңілмес бұрын Ахмет Байтұрсынұлының одан бұрынғы өткен жолына шағын шолу жасайық.

“Мен Торғай уезінің Тосын болысындағы № 5 ауыл қазағының баласымын, - деп бастаған университет оқытушысы өзінің өмірбаянын – 1886 жылдан 1891 жылға дейін екі класты Торғай орыс-қазақ училищесінде оқыдым. 1891 жылдан 1895 жылға дейін Орынбор орыс-қазақ мектебінде оқыдым, 1895 жылдан бастап Торғайдың әр жерінде, әртүрлі бастауыш училищелерде – ауылдық мектептерде екі класты мектептерде істедім”. (Қосымша бір дерек: Торғай облысының 1897 жылғы адрес-календарында Ахмет Байтұрсыновтың Ақтөбе уезі Ақтөбе болысының № 2 ауылындағы Арынғазы мектебінде мұғалім екендігі көрсетілген).

“1909 жылы, Қарқаралыда екі класты училище меңгерушісі боп жүрген кезімде, Семей губерниялық жандарм басқармасының бастығы үкіметке қарсы насихатпен айналысты деген айыптау бойынша тұтқындап, Қарқаралыдан Семей түрмесіне айдады”. (Сәбит Мұқанов “XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті” атты кітабында “Шыңғысұлы Тәттімбет дейтін жандармада қызмет қылатын адам “патшаға қарсы” деп көрсетіп, Ахметті... абақтыға” жапқызғанын жазған).

“Түрмеде сотсыз, тергеусіз 1909 жылдың июлінен 1910 жылғы 21 февральге дейін отырғызады да, қазақ облыстарында тұруыма 2 жылға тыйым салып, үш күннің ішінде Семейді тастап кетуге міндеттеп, түрмеден шығарды. Тұруға Орынбор қаласын таңдадым да, Семейден 23 февральда шығып, Орынборға 1910 жылғы 9 мартта келдім”. (Аханның белсенді ғылыми-ағартушылық, журналистік қызметі осы тұстан бастап айрықша жанданады).

1913 жылы “Қазақ” газетінің ашылуын ұйымдастырдым, оның редакторы ретінде қызмет атқардым. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде бірнеше мәрте әкімшілік жолымен айып тартып, тұтқындалдым, сондай-ақ Қарқаралы станциялық приставының почта абыройын төгетін мағлұматтарды баспасөзге шығарды деп айыптауына байланысты ісім сотқа берілді.

1917 жылдың соңына дейін редактор боп істедім”.

Бұдан ары Аханның “Алашорда” ұйымындағы қызметі басталады... “Алашорда” тарихының 30-жылдардан кейін зерттелмегенін қазіргі таңда тарихшылардың өзі мойындап жүр. Ал “халықтар әкесі” мен оның жер-жердегі сенімді уәзірлері ол жылдарда кейінгі ұрпаққа объективті шежіре қалдыруды көздей қоймаған-тын. Тек қана күстаналау, тұқырту тұрғысында баяндалып жүрген сол күрделі де қайғылы, әрі маңызды кезеңнің себеп-салдарын әділ ашып беру – тиісті ғылыми мекемелер үлесінде, біздің қарастырмағымыз – рухани өмірімізге қайта оралған халық ұлының жеке басына, көзқарасына қатысы бар кейбір деректер ғана.

Монархияның құлауын ел бостандыққа жеткендей шын көңілмен қарсы алды. Революция әперген азаттықты баянды ету ұранымен әр аймақ өз съезін өткізіп жатты. Сондай серпіліс ахуалындағы Торғай облысы қазақтарының 1917 жылғы 2-8 апрельде болған съезін “Қазақ” газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ол сөзінде ел өміріне ірі өзгеріс туғызған сол сәтте бірігудің аса қажеттігін, жаңа қоғамды құрылыс пен жеңіп алынған бостандықты нығайту үшін үкіметті қолдап, жер-жерде реттілік пен тыныштық сақтау керектігін атап айтып, жиналысты құттықтады. Делегаттар оны съезд председателі етіп сайлады. Осы съезд құлатылған өкіметтің өкілі деп, Торғай облысының әскери губернаторы Эверсманға сенімсіздік көрсетті, сұранса да сөз бермей, залдан шығарып жіберді. Осы съезде Орынбор орта оқу орындарының бірер оқытушысы мен Торғай облыстық басқармасының тілмәшіне жергілікті жандарм басқармасында агент болды деген айып тағылды. Тілмәштің қызмет бабын пайдаланып ірі пара алып тұрғандығы да айтылып, бәрі де қоғамға жат адамдар ретінде съезд қаулысымен жиналыстан аластатылды. Осы съезде бірқатар бұрынғы патша чиновниктерінің қазақтарды тыл жұмыстарына алуда қолданған жазалау шаралары мен басқа да қылмыстары ашып айтылып, оларды сотқа беру жөнінде шешім қабылданды. Осы съезде күллі қазақ халқының мұң-мұқтажын анықтап, ортақ іске жұмылдыру мақсаты мен жалпы қазақ съезін шақыруды қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру бюросы құрылды. Оның құрамына Ахмет Байтұрсынов та кірді.

Көзделген съезд сол жылы 21-28 июльде өтті. Онда Ахаң председателдің орынбасары болды. Съезд 12-мәселе етіп қазақ саяси партиясы жөнінде мәселе қарады. Қарарда қазақ ішінде жеке саяси партияның болғаны дұрыс екені атап айтылып, партияның демократиялық федеративті-парламенттік республикаға негізделетіні көрсетілді де, оның программасын жасау Петроградта өтетін мұсылман съезіне сайланған делегаттарға тапсырылды.

А. Байтұрсынов редактор боп істейтін “Қазақ” газеті 1917 жылғы 5 октябрьде жеке саяси партия программасын жасау жөніндегі съезд тапсырмасының әлі орындалмағанын хабарлай отырып, Құрылтай жиналысына делегаттар сайлау жұмыстарына әр саяси партия өз кандидаттарының тізімін даярлап жатқандықтан, жер-жердегі қазақ комитеттері партияның атын “Алаш” деп атап; науқанға ат салыса беру керектігін жариялады. Ұзамай Құрылтай жиналысына сайлау жүргізу жөніндегі Торғай округтік комиссиясы социалист-революционерлер, социал-демократиялық жұмысшылар және қазақтың “Алаш” партияларының кандидаттық тізімдерін тіркеді. Соңғы тізімге Ахаң да кірген.

“Қазақ” газетінің 1917 жылғы 21 ноябрьде шыққан санына, ақыры, партия программасы жарияланды. Соңына программаны жасаған алты адам қол қойыпты, ішінде Ахмет Байтұрсынұлы бар. Программа он тармаққа бөлінген. Бірінші параграфта – Россияның демократиялық федеративті республика болуға тиістігі, сайлау правосы тегіне, діни иланымына, жынысына қарамай, баршаға бірдей берілу керектігі, депутаттарды тікелей, тең және жасырын дауыспен сайлау қажеттігі айтылса, екінші және одан кейінгі басқа параграфтарда болашақ қазақ автономиясының жөн-жобасы баяндалған. (Қазақ автономиясы дала облыстарынан қосылып, басқа халықтармен қатар Россия федерациясына кіреді... Басқару, сот органдарында істейтін адамдардың адал және халыққа пайдалы болуына партия қол жеткізуге тырысады... Басқармалар мен милицияда істейтіндер жөніндегі мәселені халық шешеді... Партия халық үшін дәулет пен мәдениет жасауға ұмтылады... Партия кедейлерді – жолдас, қанаушыларды – жау деп санайды және солай атайды... Дін мемлекеттен бөлінуге тиіс... Сот алдымен айыптау, тергеу жұмыстарын жүргізбей тұрып тұтқындай алмайды, соттай алмайды. Судьялар жергілікті тілді білуі керек, ұлттық құрамы әртүрлі жерлерде сот сол жерде көпшілік боп есептелетін тұрғындар тілінде жүргізілуге тиіс... Салық әркімнің байлығының дәрежесіне және дүние-мүлкінің жағдайына қарап алыну керек: дәулетті – көбірек, кедей – азырақ төлейді... Халыққа білім беру – баршаға ортақ, барлық оқу орындарында тегін оқытылады. Бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүргізілуге тиіс... Барлық мұғалімдер мен профессорлар сайланып отырады. Жұмысшы заңдары жұмысшы мүддесін көздеуге тиіс... Халықты қорғау үшін қазіргіден өзге негізде ұйымдастырылған әскер болуға керек... Құрылтай жиналысында жер заңын жасағанда бірінші кезекте түземдіктер мүддесі ойластырылуы қажетті. Осы жөн-жобадан зайыр аңғарарымыз – оны жасаушылардың

бірі болған Ахаң – қателессе де, көзжұмбай ұлтшылдықтан аман екен...

Автономия жариялау мәселесі 1917 жылғы 5-13 декабрьде өткен екінші жалпы қазақ съезінде талқыланғаны мәлім. Сонда делегаттардың көпшілігі автономияны тездетіп жариялап жіберу туралы ұсынысқа қарсы дауыс берді. Бұл көпшіліктің ойы бойынша – ең алдымен, дала облыстарының қазақтан басқа халықтарының қазақ автономиясына көзқарасын анықтау қажет-тін, осылардың жуан ортасында Ахмет Байтұрсынов тұрды.

Съезд 25 мүшеден тұратын “Алашорда” атты уақытша халық кеңесін құрды. 15 мүшесін сол жолы сайлап, 10 орынды қазақ арасында өмір сүріп жүрген орыс және басқа халықтардың өкілдеріне қалдырылды... А. Байтұрсынов халық кеңесінің құрамына ұсынылған жоқ, ол оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланды. Өмірбаянында: “1917 жылдың соңынан... Алашорда ұйымында істедім” дегенде ол осы съезден кейін жаңа мазмұнмен басталған қызметін айтса керек. Алайда дүбірлі он сегізінші жыл ол таңдаған бағыттың сергелдеңі көп екенін, халықтың мұңын жыртамыз деген ұйымның халықтан оқшауланып бара жатқанын көрсетті. 1918 жылдың көктемінде халық кеңесінің мүшелері бастаған делегация Москваға барып қайтты, сол тұста “Алашорданың” басшылары Орынбордан төте желі арқылы В.И. Ленинмен сөйлесті. Совет өкіметінің қазақтарға автономия беру жобасын жасайтыны, бірақ оның жергілікті жұмысшы, шаруа депутаттары Советтерінің негізінде жарияланатыны айқындалады. Ал “Алашорда” қайраткерлері жергілікті Советтермен тіл табыса алмаған, себебі олар таптық көзқарастың мәнін түсіну дәрежесіне жеткен жоқ еді, сондықтан да олар орыс буржуазиясының құшағына біржола құлағандай-тын. Алайда “бөлінбейтін, біртұтас Россия” идеологтары Уфа, Самарада өткен Құрылтай жиналыстарында “қуатты мемлекеттерін бұратаналарға автономия берем деп пышырата алмайтындықтарын мәлімдесе, Сібір үкіметінің басшысы әйгілі адмирал А.В. Колчак 1918 жылдың күзінде арнайы указымен “алашорданы” таратып жіберді. Мұндай жағдайды көріп-біле тұра Ахаң сынды ойлы адам өзінің адасқанын ұқпауы, тыным таппай дұрыс жолды іздемеуі мүмкін емес-ті...

Ахмет Байтұрсынұлы Совет өкіметі жағына өзі шығып қана қойған жоқ, халқына шын ниетімен қызмет етуге ден қойған бұрынғы үзеңгілестерінің де тарихи тура бағытқа түсуіне жәрдемдесті, Қазақ революциялық комитетінің 1919 жылғы 15 сентябрьде өткен мәжілісінде оған, Совет өкіметі жағына қарату мақсатымен,

“Алашорданың” батыс бөлімшесімен келіссөз жүргізу тапсырылды. Түрккомиссияның Түркістан майданы мен Бірінші армия Әскери-революциялық советтерінің қатысуымен өткен Казревкомның 1919 жылғы 27 октябрьдегі мәжілісінде А. Байтұрсынов ақтарға қызмет етіп жүрген қазақтарды Совет өкіметі жағына тартудың шарттарын түйіндеп айтты... Декабрьдің соңына қарай “Алашорда” батыс бөлімшесінің әскері ақтарға қарсы соғыс ашып, Елек корпусын талқандады, ақгвардияшылардың штабын ірі әскери шендермен қоса тұтқындап, қару-жарақ қоймасын қолға түсірді, сөйтіп, күнәсін қанмен жуу арқылы совет өкіметінің қоластына өтті.

Советтердің 7-Бүкілроссиялық съезінде ВЦИК мүшесі болып сайланғаннан кейін Ахмет Байтұрсынұлы Казревком председателі С. Пестковскиймен бірге тағы да Владимир Ильичпен кездесті. Ленин қазақтар арасында түсінікті тілде пәрменді үгіт-насихат жүргізудің маңызына тоқтала келе, нақты кеңестер берді, дәулеттілердің малын жарлыларға алып беруге асықпау керектігін айтты. Көсемнің осы ақылының күш беруінен болар, кейін “Кіші Октябрь” науқаны көтерілгенде, А. Байтұрсынов конфискацияны жұтқа балады...

“Алашорда” қозғалысына қатысқан ниеті түзу азаматтарды Совет өкіметі жағына шығару аяқталған соң, ВЦИК-тің кешірім туралы белгілі декретіне бір жыл толғанда, қазақ халқын қандай жолдың бақытқа бастарына анық көзі жеткен Ахмет Байтұрсынұлы большевиктер партиясы қатарына өтуге өтініш берді...

ҚОЙШЫБАЕВ Бейбіт

Зауал. – Алматы, 1991. – 161-167 б.

БҮКІЛ ҚАЗАҚ “АХАҢ” ДЕГЕН

Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам қайраткері, көрнекті ақын, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту үшін аянбай күрескен, тіл ғылымының негізін салған тіл зерттеушісі, қазақ поэзиясын теориялық тұрғыдан тануды жүйелеп ізге салған теоретик-ғалым, халыққа білім беру саласында еңбек сіңірген педагог-ұстаз. Оның “Қазақ” газетін шығарудағы атқарған қызметі өз алдына бір төбе. Ол XX ғасырдың басында, аумалы-төкпелі заманда қазақ қоғамының өміріне жаңа бағыт, жаңа арна тапқан қайраткерлердің алдыңғы шебінде болып, қазақ мәдениеті, қоғамдық ой-санасы дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ахаң осы салалардың бәрін түгел айтпағанда, тек ақындығы мен әдебиеттануға сіңірген еңбегімен-ақ тарихта аты қалуға әбден лайық. Алдымен Ахаңның ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыруға үлкен мән беріп, “Ер Сайын” жырын Мәскеуде жарияланғанын, “Жоқтау” атты жинаққа енгізген 23 жоқтау үлгілерін атаған жөн. “Әдебиет танытқыш” кітабына, қазақ тілінің оқу құралдарына кіргізілген көптеген әдебиет нұсқаларын, өлең-жырлардың да құнды дүниелер екендігі талассыз.

Ал Ахмет Байтұрсыновтың ақындығына келсек, ол – қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрін XX ғасырдың басында тікелей жалғастырған Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торғайғыров, Мағжан Жұмабаев, Спандияр Көбеев, Мұхамеджан Сералин, Ғұмар Қарашев секілді аса ірі ақындардың қатарынан орын алады. Ахмет Байтұрсынов Абайдың әдеби дәстүрлерін көбінесе қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді, заман жайын, халық тағдырын жырлау тұрғысынан дамытты. Оның өлеңдерінің Абай поэзиясымен үндестігі бір емес, бірталай аса маңызды қоғамдық мәселелерді толғауынан анық байқалады. Ахмет Байтұрсыновтың “Жұртыма” деген өлеңін алсақ, мұндағы халық тағдыры туралы толғаныстары Абайдың “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” атты өлеңіндегі пікірлермен сабақтас келеді. Сондай-ақ “Жиған-терген”, “Жауға түскен жан сөзі” атты өлеңдері де ел жайын, халықтың келешегін ойлап тебіренуі, сыншылдығы жағынан Абаймен сарындас шығады. Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынов халықты оқыту, оны ғылымға, еңбек етуге шақыру, прогресс жолындағы өз заманы, жаңа дәуір алға тартқан көптеген мәселелерді қозғап, тебірене жырлайды. Бұл тұрғыдан қарағанда, оның ақындық шығармашалығы қоғамдық ойшылдығымен, халықтық мақсат-мүдде үшін күресімен, әлеуметтік озат ой-пікірлерімен тығыз байланысты.

Қазағым, елім
Қайқайып белің,
Сынуға тұр, таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып,
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сыйқың? –

деген сияқты сөздерін біз ақының халық тағдыры, мешеуліктен құтылып, прогресс жолына бет алуы қажеттігі туралы мәселені ақын жаңа жағдайда қаншалық батыл қойып, жан ауыртатындай етіп айта білгенін көреміз.

Күн сайын өзгеріліп, өнер артып,
Бәрі де жатыр алға таман, -

деп жастарға заман ағымына ілесе білуге, өнер-білім, ғылым үйренуге шақыру да ақынның қоғам көшін жаңа, кең өріске бағыттау мақсатымен қабысып жатқаны даусыз.

Ақынның озат адамгершілік идеялары мысал өлеңдерінде өрістей түседі. Бұл орайда айта кететін бір жай – Ахмет Байтұрсыновтың мысал өлеңдері аударма деп саналып жүр. Ал бізде аударма өлеңді екінші қатардағы шығарма деп түсіну орын алғаны байқалады. Мұндай ұғым осы кездегі кейбір арзан қолды, көркем қасиеті шамалы аудармаларға қарап қалыптасқаны сөзсіз. Үлкен ақындардың поэзиясы, өнерпаздың өзгешелігі, творчестволық өсу жолы жайлы сөз болғанда оның аударма өлеңдерін ауызға алып, тілге тиек етуге жеткілікті мән берілмейтіні жиі кездесетін жай. Бұдан аударма өлеңдер ақынның толық мәнінде өз туындысы емес, түбі басқа жақтан, шеттен келген нәрсе деген сыңай байқалады. Ал шынына келсек: түпнұсқаның мазмұн-мағынасын, көркемдік қасиетін мүмкіндігінше толық, тура жеткізетін аударма өлеңді құнды поэзиялық туынды деп бағалауға тиіспіз. Оның үстіне, Ахмет Байтұрсыновты қазіргі үйреншікті мағынада аудармашы деуге келмейді. Ол белгілі мысалдың жалпы сюжетін, мағынасын сақтай отырып, еркін тәржімелеп, өз пікірін қосарлап, қазақ өміріне қатысты жайларды да жалғастыра айтып отырады. Мысалы, “Қара бұлт” атты мысалды алсақ, Ахмет оның жалпы мазмұнын өзінше баяндап шығады да, өз жанынан он сегіз жол өлең қосады. Оның сыр-сипатын байқау үшін бір бөлігін еске түсірелік.

Мысалы қазақ – дала, басқа – теңіз,
Даланы шамаң келсе, көгертіңіз:
Мұң десең, мұқтаж десең, қазақта көп,

Емес пе мұны ойламақ міндетіңіз.

Мақал бар: жақсылықты басыңа қыл,

Басыңнан асса, – деген, – досқа істеңіз.

Осы келтірілген шумақта және осындай екі шумақ өлеңде Ахмет Байтұрсынов қазақ өміріне қатысты аса маңызды мәселені қозғап, оған өз көзқарасын білдірген. Ақынның өзі қосқан бөлігі дербес поэзиялық туынды дерлік дәрежеде.

Ал “Айна мен маймыл” атты мысалды алып, И.А. Крыловтың нұсқасымен салыстырсақ, мұндағы Ахмет Байтұрсынов жанынан қосқан 12 жол өлең орысша текстегі ойды мүлде басқаша өрбітетінін көреміз:

Біреудің мінін айтса өлеңшілер,

Мәз болып тыңдағандар қарқ-қарқ күлер.

Болса да нақ сол міндер өз басында,

Деп айтар: “Секілді емен пәленшелер”.

Орысша мысалда маймыл айнадан өз тұрпатын көріп, мынау не деген жексұрын еді деп таңданады ғой. Онда адамдар өлеңде өз бойында бар мін айтылса да, соны біліп түзелейін демейді, басқаға сілтейді дегендей пікір мүлде жоқ. Ал Ахмет Байтұрсынов болса, бұл пікірді әбден нақтылап:

Мысалы, бидің жеген парасын айт,

Көрсетер көзін қысып ауылнайды, -

деп әбден қазақ жағдайына жанастырып қояды.

“Өзен мен қара су” атты мысалдағы Ахмет Байтұрсыновтың қосарлап берген он сегіз жол өлеңі де ақының қазақ өмірі жайлы толғауымен туғанын:

Меңзеймін қара суды, қазақ, саған,

Талпынбай талап ойлап қарап жатқан.

Барады қатар жұрттың бәрі озып,

Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам, –

деген жолдан-ақ аңғаруға болады. Ахмет Байтұрсыновтың әдебиеттану саласындағы еңбектерінен алдымен “Қазақтың бас ақыны” атты Абай поэзиясының мәнін, қазақ әдебиеті тарихындағы орнын тыңғылықты, байсалды түрде терең ашып берген мақаласын айрықша атаған жөн. Бұл еңбегінде Байтұрсынов Абайдың ақындық өнерін аса жоғары бағалағанын айта отырып, бір нақтылы мәселе жөнінде айтқан пікіріне ғана арнайы тоқталсақ дейміз.

Абай өлең жақсы болуға керек деген шарттардың бәрін білген, сондықтан өлеңі қай тарапынан болса да толық дей келіп, А. Байтұрсынов: “Жалғыз-ақ мін бар: ол мін - өлең бунақтары текістеліп, орнына қойылмағандық. Оны оқығанда, әнге салып айтқанда,

кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді. Мысалы, төселіп, желіп келе жатып, текіректен кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтарын, алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса түзеледі”, – дейді.

Абай өлеңдерінің “міні бар” деп қадап айтылғандықтан бұл сөздердің мәнісін, әбден байыбына барып, анықтап алған жөн. Он бір буынды өлеңнің тармағына бастапқы бунақ бірде төрт буынды болып, ал бірде үш буынды болып келе береді. Сондықтан тармақтың ырғақтық өрнегі бірде 4 буын – 3 буын – 4 буын болып келсе, бірде 3 буын – 4 буын – 4 буын болып келеді. Мысалы:

Өлең сөздің /патшасы/ сөз сарасы,

Қиыннан /қиыстырар/ ер данасы, -

дегенде, алғашқы тармақ төрт буынды бунақтан, ал кейінгі тармақ үш буынды бунақтан басталады. А. Байтұрсыновтың айтып отырғаны осы. Ол жаңағы өлеңнің сөздерін:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыстырар қиыннан ер данасы, -

деп айтқанда “сөздерінің мағынасы жақсы келеді” деп санайды.

Алайда он бір буынды өлеңде төрт және үш буынды бунақтар осылай еркін алмасып келуі тек Абайдың өлеңдерінде ғана емес, басқа ақындардың өлеңдерінде де кездесе береді. Сондықтан мұны өлеңді айтуға ауырлық келтіреді деп санаған А. Байтұрсынов: “Бұл кемшіліктен қазақ ақындарының көбінің-ақ сөзі аман емес. Әсіресе, Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды”² – деп “Әдебиет танытқыш” атты еңбегінде тағы атап көрсеткен.

Ал шынында “Өлең – сөздің патшасы” – ырғағы өте әдемі, жеңіл өлең ғой. Сондай-ақ онымен қатар тұрған “Біреудің кісісі өлсе, қаралы - ол”, “Күз” (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан), “Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай”, “Қыс” (Ақ киімді денелі, ақ сақалды) секілді өлеңдердің қай-қайсысын алсақ та, ырғақ - әуезділігі жағынан ешбір міні бар деп айта алмасақ керек.

Бұлардың бәрінде өлең тармақтарының басында бірде төрт буынды бунақ келсе, бірде үш буынды бунақ келіп, жоғарыда айтылғандай, ырғақ өрнегі еркін өзгертіліп, түрленіп отырады. Мұның өзі өлеңді әндетіп айтуға ыңғайсыз екені рас. Өлеңді белгілі бір мақаммен, яғни қысқа қайырылатын ықшамды, жеңіл речитатив түріндегі әуенмен айтуға да ыңғайлы емес. Ендеше, А. Байтұрсыновтың кемшілік деп айтуының сырын, түп - төркінін осы жерден

1

¹ А. Байтұрсынов. Шығармалары, А., 1989. 201 б.

іздеу керек. А. Байтұрсынов өлеңді әуендетіп оқуды машық еткені, үнемі солай оқығаны айқындалады. Бұл - өлеңді осылай оқу өте кең тараған әдет. Әсіресе, өлеңді көп оқитын адамға, мысалы, дастан-поэманы оқығанда іштей, не естірте әуенмен әндетіңкірей айтып отыру жеңілдеу де болады. Ал тармақта төрт буынды және үш буынды бунақтар біркелкі түспей, ауысып түсіп отырса, онда өлеңді әуендетіп оқу қиындау болады. Мұндай өлеңді “сол күйінде өзгертпей әнге қосуға болмайды” деп Ахмет Байтұрсыновтың айтуы орынды. Бірақ Абай “Өлең – сөздің патшасы”, немесе жоғарыда аталған және басқа сол секілді өлеңдерін әнге салып айту үшін шығармаған ғой. Айталық, “Жарқ етпес, қара көңілім не қылса да” деген әнге арнап жазған өлеңінде тармақты бунақтардың реті үнемі біркелкі келтірілген. Ал, әндетпей, әуенсіз сөйлеп оқуға лайық деген өлеңдердің ырғағы еркін, белгілі мөлшерде құбылмалы болуын қалаған. Оқып айтатын өлеңде ырғақтың тұрақты, біркелкі болуы қандай қажет болса, өзгертіп, түрленіп отыру, екі ұдай ширатылуы сондай қажет екенін, әдемі, әсерлі болатынын Абай жақсы түсінген. Жазба әдебиетінің негізін салып, жазба поэзиялық дәстүрлерді қалыптастыруға күш салған Абай өлең ырғағының мүмкіндігінше еркін болуына айрықша мән берген. Бұл тұста ол қазақ поэзиясында әбден үйреншікті болған он бір буынды өлеңнің өзіне тән мүмкіндігін пайдаланған.

Абай өлеңдерінің дәл осы ерекшелігін А. Байтұрсынов жіті байқап, оны әуендік, әндік дәстүрге қатысты жағынан қарап, кемшілік деп санайды. Асырып айтқан болса да, астарында көңіл қоярлық мағына жатыр. Асылында А. Байтұрсынов қозғаған қазақ өлеңдеріндегі ырғақ өрнегін, бунақтардың реттесу қалпын саралау – аса маңызды, арнайы тексеруді қажет ететін мәселе, өлеңді он бір буынды өлшеммен жазылған дегенде, әдетте осы өлшемнің ішкі ырғақтық өрнегіне, бунақтың құрылысына үңіле қарау кездесе бермейді. А. Байтұрсынов он бір буынды өлеңнің тармақтағы соңғы бунақ төрт буынды болып келетін негізгі түрін және тармақтың соңғы үш буынды бунақпен аяқталатын екінші түрін ажыратып, екі бөліп қараған. Осының екеуіне де Мағжан өлеңдерінен мысал алып, әрқайсысының ырғақ өзгешелігін байқатады. Бірінші түрі:

Таласқан /аспанменен/ көкпеңбек тас,
Қарасаң /төбесінде/ айналар бас.
Жасаған /мейірімі кең/ қадыр тәңірі
Шығарған /сол тауынан/ алтын, алмас.

2 А. Байтұрсынов. Шығармалары, А., 1989. 201 б.

Екінші түрі:

Кеудеде от /іште жалын/, көзде жас,

Күні-түні /қайғы жұтқан/ сорлы бас.

Сабан төсек, /тым қараңғы/ жатағы

Наны кара, /шайы кара/, қарны аш.

Өлеңнің екінші түрі соңғы бунағы үш буынды болғандықтан, еріксіз біркелкі ырғақпен келеді. Мұнда ырғақты өзгертуге, түрлендіруге ешбір мүмкіндік жоқ. Ал бірінші түрінде алғашқы бірі үш, бірі төрт буынды екі бунақты еркін алмастырып отыруға мүмкіндік бар. Абай осыны толық ескерген. Және тек өлеңдерінде ғана емес, “Ескендір”, “Масғұт”, “Өзім әңгімесі” атты дастандарда “Вадим” (Батар күнге шымылдық – көк бұлт кең) дейтін өлеңмен жазған аудармасында он бір буынды өлең өрнегін еркін келтірген. Мұның өзгешелігін жете бағалау үшін Мағжанның “Батыр Баян”, “Қорқыт”, Сәкеннің “Көкшетау”, Ілиястың “Күй”, “Күйші” дастандарында он бір буынды өлең өлшемдері үнемі бірыңғай келетінін айтсақ та жеткілікті. Бұл қазақ поэзиясында әсіресе көлемді дастан-поэмаларда он бір буынды өлең өлшем ырғағын еркін келістіріп қолдануға ақындар үлкен мән берді. Мысалы, Сұлтанмахмұттың “Кедей”, “Адасқандар” атты дастандарын атауға болады. Ал, Ш. Құдайбердіұлының “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек” дастандарында, “Дубровскийдің әңгімесі” атты тәржімалы өлең-хикаясында он бір буынды өлең ырғағы еркін өрнектелген болса, “Ләйлі-Мәжнүн” дастанында біркелкі өрнектелгенін байқаймыз.

Сонымен, Абай өлеңдерінің А. Байтұрсынов көрсеткен өзгешелігін кемшілігі демей, өлең сөз өрнектеріндегі айырмасы деуге лайық. Қазақ әдебиетінде жазба поэзия дәстүрлерін кеңінен орнықтыру мақсаты тұрғысынан қарап бағаласақ, айырмасы және артықшылығы да кесек те болар.

Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш” атты кітабын алсақ, бұл еңбек Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі ғылымының негізін салумен қатар, қазақ поэзиясының теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан баяндауда да көп жаңалық ашқанына дәлел бола алады. “Әдебиет танытқышта” негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби

термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін оралым, қайшы оралым деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады.

Поэзиядағы жанрлық түрлердің ұлттық ерекшеліктерін таныту мақсатымен толғау, терме, өлең, жыр, айтыс, тағы басқаларды орынды жіктейді. Ахмет Байтұрсынов қолданған терминдердің көпшілігі әдебиеттану ғылымында әбден тұрақтап, бүгінге дейін пайдаға асып келеді.

Сондықтан зерттеушінің бұл еңбегі әдеби ұғым терминдердің кейінгі жылдарда толығып, топтау жүйесі жетіле түсуіне тірек болғанын атап айтқан жөн.

Ахмет Байтұрсыновтың баға жетпес бірнеше сапалы еңбегін тереңдеп зерттеу – алдағы зор міндеттердің бірі. Байыптап тексерген сайын қоғам қайраткері, ақын, ғалым кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған асыл мұраның мәні толығырақ ашылып, айқындала түспекші.

АХМЕТОВ Зәки,
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ғылым академиясының академигі

Абай. – 1998. - № 3. – 1-4 б.

ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Ұлттық ой-сананың өркендеуі мен дамуына өлшеусіз еңбек сіңіріп, соны серпіліс туғызған дара да, дана тұлғаның бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ол туралы сөз бола қалса, “Қазақ” газетіне соқпай өту әсте мүмкін емес. Өйткені, Ахмет Байтұрсынұлының бар саналы ғұмырының елеулі кезеңі осы мерзімді баспасөзбен тонның ішкі бауындай сабақтас. Сондай-ақ, “Қазақ” газеті – ХХ-шы ғасыр басындағы сахара елінің күллі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани тыныс-тіршілігін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, тіл байлығын қаз-қалпында айнаға түскендей бейнелеп берген энциклопедиялық басылым. Әрине, газеттің мұндай діттеген деңгейі, биіктен көрінуі – оның бас сарапшысы мен идеялық-саяси дем берушісіне, рухани жебеушісі мен қаржылай демеушісіне өзара байлаулы екені аян. Бұл ретте қадау-қадау нақ осындай іргелі де күрделі әрі жауапкершілігі зор міндетті – тағдыр-талайлары қоғамдық-саяси өмірдің қиыр-қиыр соқтықпалы, соқпақсыз жолында тоғысқан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхан сынды күрескер үш алып кемеңгер ынтымағы жарасып бірге атқарды.

Зады Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлының сан салалы ғылыми-шығармашылық, ағартушылық ұстаздық қырларын байыптаған сайын ұлттық баспасөзімізге қосқан айырықша үлесіне тарихи әділ бағасын берудің лайықтығы өзінен-өзі соғұрлым айқындала түседі. Бұл тұрғыда Ахаңның әмбебаптығы қайран қалдырады. Ғалым еңбегін әлі де жан-жақты зерделеп, жүйелі зерттеуді қажет етеді. Сонда ғана оның өзіне тән адамгершілік, кісілік мінез-құлқы, ақыл-парасат әлемі, оқыған-тоқыған білім өресі, қаламгерлік машығы мен шеберлік ерекшелігінің басқа да сыр-сипаттары ашыларына шығар күндей куә боларымыз анық. Ақылман жан не жайында жазса да, аз сөзге мағына үстеп, оған ұлттық идеологияны сыйғызып, астары қат-қабат терең пәлсапалық тұжырыммен түйіндейді. “Қазақ” газетінің тұңғыш санында Ахаң мерзімді баспасөздің басты-басты төрт түрлі функциясын атап, оған қысқа да нұсқа назар аудартып өтеді: “әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы Һәм тілі...”, - дейді. Бұл мерзімді баспасөздің қоғамдық ақпараттық жан-жақты қызметіне берілген ғылыми анықтаманың классикалық үлгісі деуге болады. Жыл он екі ай бойы Табиғат – Ананың қас-қабағына қарап, үнемі ат үстінде көшіп-қонған, ата кәсібі төрт түлік мал шаруашылығымен айналысқан туған

халқының талғам-түсінігі мен таным-көзқарасына орай газет хақындағы ұғымды шым-шымдап сана-сезіміне терең сіңіруді ол перзенттік парызы санады.

Шындығында, бұл жаратылыстың қарапайым мысалымен кез-келгеннің қабылдау түйсігіне образдылығымен әсерлі жеткізілген. Екі аяқты, жұмыр басты пендеге маңдайға біткен қос жанар мен құлақтың, ауыздағы тілдің анатомиялық-биологиялық жағынан қажеттілігі қандай болса, қоғам өміріндегі баспасөздің саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ортадағы атқаратын қызметі де сондай айрықша маңызды. Яғни мерзімді баспасөз құралының барша қадір-қасиетін қалың бұқараға, дүйім жұртқа салыстырмалы түрде адамның өз бойының дене мүшелерімен шендестіріп түсіндіру – тәжірибесі ғылымда Ахаңа дейін кездеспеген жаңалық.

“Екінші газета – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады”.

Иә, өзі өмір сүрген уақыт аралығында бұл мақсат үдесінен де “Қазақ” газеті абыроймен шықты. Алаштың сол дәуірдегі оқыған, тоқыған аузы дуалы зиялылары осы баспасөздің айналасына кеп топтасты. Олар отарланған елінің, мешеу қалған халқының басындағы ең өзекті де түйінді мәселелерге үндерін қосып, ақыл-кеңестерін берді, темірқазық бағыт-бағдар сілтеп, саяси дербестігі мен азаттығы жолындағы күрес майданына шығуға белсенді іс-әрекеттерімен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, мұның бәрінде де ұлтын шексіз сүйгендердің маңдай алдында Әлекең, Ахаң, Жақаңдар қасқайып тұрған еді.

“Үшінші, газета – халыққа білім таратушы...”.

“Қазақ” газеті шын мәнісінде туған халқының оқу-өнерге сусап, шөлдеп қалған мерейін қандырып, білім дариясына армансыз шомып, еркін жүзуіне бар пейілін салды. Редакторы Ахаңның өзі бас боп, газет бетінде ісі қазаққа арнап білім жарысын ұйымдастырып, ата салт-дәстүрдің жоралғысымен бәйге жариялап, пікірін оздырған шын жүйрікке де, ақ адал көңілімен қосылған талапкерге де сәт сапар тілеп, оң батасын берді. Ал, мұндай “жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын” Еуропа байларындай өнер-ғылымға қаржы бөліп, демеуші болатын қазақ байларының да шығып, өз үлестерін қосарына ұлы ұстаз имандай сеніп, зор үміт артқан еді. Ахаңның ғибратты, өнегелі насихатынан үлгі алған сахараның түкпір – түкпірінен жан дүниесі жомарт, қалтасы қалың, ұлт мүддесіне қолы береген, кең қолтық, кісілікті, кенен жандар табылды. Әсіресе, атышулы Жетісу

өлкесіндегі Маман бай әулетінің ұлт әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі, “Ғалия”, “Расулия” сияқты медреселер мен Ресейдің ірі-ірі қалаларында білім нәрінен сусындаған қазақ шәкірттерінің рухани ағаруына барын сарп етіп, “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінің үзбей басылып тұруына ақшалай көмегін аямаған, тұңғыш ана тілінде жарық көрген роман жарысына мұрындық боп, “Қарағашта” мектеп ашып, ұстаздыққа Кайр университетінің заң факультетін бітірген Ғабдолғазиз Мұсағалиұлын шақырып, Біләл Сүлейұлы, Ілияс Жансүгірұлы сынды білімпаздарды тәрбиелеп өсіргенін тарих жады ұмыта қойған жоқ.

“Қазақ” газеті шәкірттерге білім беру оқыту мәселесіне де зор көңіл бөлді. Қалалық, ауылдық жерлердегі мемлекет “қамқорлығымен” бұратаналар үшін де тегін оқытатын орыс-қазақ мектептерін ашудағы миссионерлік саясатты әшкереледі. Бұл мектептерді бітіріп шыққан қара көздердің шала-шарпы орысша сауаттанып, орыс әріптерін ежіктеп эзер жазатын деңгейден аспай, керісінше, мұсылманша хат танудан мүлдем мақұрым қалып жатқанының қоғамдық-саяси, әлеуметтік – рухани тамырының тереңде екеніне оқырман қауымның назарын аударады, ұлт қауіпсіздігі үшін дабыл қағады. Мұның түпкі себебі ұлт болашағының іргетасы бұл қасиетті іске қазақ біткеннің басы бірікпеуінен болып отырғанын талай мәрте газет қатты сынға алды. Оқимын деген жастарға әрбір ата-ана өз жанқалтасынан ақшасын шығарса, “көп көтерген жүк жеңіл! Таза қазақша сапалы білім беруге, ұлтжанды, отаншылдық сезімі асқақ шәкірт тәрбиелеуге толық болатынын газет бетінде жан-жақты талдап, әдемі түсіндірді. Бұл орайда тағы Ахмет Байтұрсынұлына жүгінсек, оның мына көшелі сөздері бүгінгі күні де әмсе есте ұстайтын, мәнін еш жоғалтпайтын даналық қағида деуге болады.

“... Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!” Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан – қазына, қазынаға борыштымыз деп жүр. Жастарды оқыту расхोдынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарда не жазық? Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы...”.

